М. Сыддық Гүміш

АҒЫЛШЫН ТЫҢШЫСЫНЫҢ МОЙЫНДАУЛАРЫ



АҒЫЛШЫН ТЫҢШЫСЫНЫҢ МОЙЫНДАУЛАРЫ

Және

ағылшындардың Исламға

деген дұшпандығы

М. Сыддық Гүміш

Төртінші басылым

Түркістан Кітап Үйі

Алматы –Қазақстан

Қазыбек би көшесі, 90/533 үй, 2 пәтер

Сейфуллин даңғылының қиылысы

Тел: +7(727) 293-55-98

Алматы

2011

УДК 28
ББК 86.5
А 23

«Ағылшын тыңшысының мойындаулары» және ағылшындардың Исламға деген дұшпандығы. /Даярлаған: М.Сыддық Гүміш Алматы 2011 - 148 бет

ISBN 9965-9456-0-8

Бұл кітапты мұқият оқыған адам Исламның ең үлкен дұшпаны ағылшындар екендігін түсініп, қазір бүкіл әлемдегі мұсылмандарға шабуыл жасап жатқан уаххабиттікті ағылшындардың құрғанын және қолдап жатқанын жақсылап біліп алады. Білімі, ақылы, ар-ожданы бар ағылшындар да ағылшын үкіметінің осы дұшпандығынан жиіркенеді.

Әр мұсылман мемлекеттерінде пайда болған мазһабсыздардың уаххабилікті жайып жүргендерін естіп жүрміз. Тіпті осы **“Хемфердің мойындаулары”** кітабын қиялдап отырып, біреудің жаза салғанын айтып жүргендер де кездеседі. Алайда қолдарында бұл сөздерін дәлелдейтін ешқандай құжаттары жоқ.



ISBN 9965-9456-0-8

THE RELIGIOUS
ADMINISTRATION OF
KAZAKHSTAN MUSLIMS

الادارة الدينية
لمسلمي قزاقستان

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

Қазақстан Республикасы, 050016 Алматы қаласы, Пушкин көшесі, 12. тел.: 397 63 84

№ 23/0299 "27" 06 2011ж.

Мейірімді, РахымдыАлланыңатымен бастаймын!

«ТҮРКІСТАН МӘДЕНИЕТ ҚОРЫНА» ҚАРАСТЫ «ТҮРКІСТАН КІТАП ҮЙІ» БАСПАСЫНЫҢКІТАПТАРЫ ТУРАСЫНДА

«Түркістан кітап үйі» баспасынан шыққан діни-танымдық кітаптар Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының сараптауынан мұқият өтеді. Ақидасы, яғни сенімі жағынан Қазақстан мұсылмандары ұстанатын ханафи мәзһабына сай, ал, мазмұны терең, әрі бай. Қалың оқырман іздеп тауып, сүйсіне оқиды. Бұл кітаптарды әліміз бойынша таратудың мән-маңызы зор. Оны қалың оқырмандармен қатар мешіт діндарлары мен сауат ашу курстарының шәкірттерідекеңіненпайдаланады.

Баспа ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Кітаптары дәйім сұраныста. Жаңа кітаптар шығараберсін, күтеміз.

Ізгітілекпен,

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ БАСҚАРМАСЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, НАИБ МҮФТИ — ШЕЙХ МУХАММАД ХУСЕЙН ҚАЖЫ АЛСАБЕКОВ

Орындаушы: С Еншібай.
Тел: 3976397.

Кіріспе

Аллаһу та’ала Құран кәрімде “Маида” сүресінің 82-аятында: **«Исламның ең үлкен дұшпаны яһудилер мен мүшріктер»** деп бұйырады. Ислам шариғатын іштей бүлдіру үшін үмбет ішіне ең алғаш іріткі салып, бүлік шығарған кісі Йемендік яһуди Абдуллаһ бин Саба деген адам еді. Ол шынайы мұсылмандық болған **Әһли сүннет**ке қарсы **Шиит** ағымын құрды. Әр ғасырда шиит ғалымы кейіпінде тарих сахнасына шығып тұрған яһудилер бұл ағымның негіздерін қуаттап жүрді. Яһудилердің Исламға келтірген зарарлары Кувейтте **“Мактабатус сахабат-ил-Исламия”** баспасы шығарған **“Хиянат-ул яһуд”** және Бейрутта жарық көрген **“Әр-ражл-ус-санәм”** атты кітаптарда кең ауқымды түрде түсіндірілген. Иса алейһиссалам аспанға көтерілгеннен кейін Інжіл кітаптары өзгертіліп, христиандардың көбі діннен шығып **мүшрік** (Құдайға ширк келтірген) болды. Мүшрік болмағандары да Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлығына иман келтірмегендіктері үшін **кәпір** болды. Бұларға және яһудилерге **“Әһли кітап”** делінді. Ислам діні келгеннен кейін поптардың орта ғасырлық биліктері құлады. Олар енді исламды түбегейлі жою үшін миссионер ұйымдарын құрды. Бұл істе ағылшындар әрқашан көш бастап келді. Лондонда **“Отарлау министрлігі”** құрылды. Ол жерде адам ойына келмейтін яһуди айлалары мен және әскери-саяси қуаттарымен исламға шабуыл жасауды бастады. **Отарлау министрлігі** басқарып және әр мемлекетке жіберіп отырған мыңдаған тыңшылардың бірі болған Хемфер 1125 (м.1713) жылы Басра қаласында қолға түсірген 14 жастағы Нәждтік Мұхаммедті көп уақыт бойы алдап, **“Уаххаби”** ағымын құрды және тағы сол **министрліктің** әмірімен 1150 (м.1737) жылы бұл ағымды жария етті.

Хемфер министрліктің әмірімен Мысыр, Ирак, Иран, Хижаз [Мекке-Мәдина] және халифалықтың орталығы болған Стамбулда тыңшылық әрекеттер жасау, мұсылмандарды алдау және христиандыққа қызмет үшін дайындалған ағылшын тыңшысы әрі миссионері болатын. Ислам дұшпандары бұл дінді қаншалықты түбегейлі жоқ етуге тырысса да Аллаһу та’аланың жер бетіндегі нұрын ешқашан сөндіре алмайды. Өйткені Аллаһу та’ала Құран кәрімде **“Хижр”** сүресінің 9-аятында: **«Бұл Құранды Мен түсірдім. Оны да әлбетте Мен қорғаймын»** деп бұйырған. Яғни Ислам дұшпандары оған толығымен ешбір өзгерту енгізе алмайды, бұза да алмайды. Ол нұрды ешқашан сөндіре алмайды

деп бұйырады. Он төрт ғасырдан бері мұсылмандар Құран кәрімнің көрсеткен жолымен жүріп, білімде, адамгершілікте, ахлақта, өнерде, сауда-саттықта, саясатта үстемдік көрсетіп, басқа мемлекеттерге өнеге болардай үлкен державалар құрған. Франциядағы х.1204 [м.1789] жылғы төңкерістен кейін Европадағы жастар шіркеудің, поптардың әдепсіздіктеріне, зұлымдықтарына, өтіріктеріне және христиан дінінің бұзылғандығына көздері жеткеннен кейін, өз діндерінен алыстап не мұсылмандықты, не дінсіздікті таңдай бастады. Олар христиан дінінен ұзақтаған сайын білімде, саясатта өркендеп, үлкен дәрежелерге жетті. Өйткені христиандық білім іздеуге, дүние үшін еңбек етіп, мүлік жинауға тыйым салған еді. Осы жастардың діндерді жамандап жазған кітаптарын оқыған және ағылшындардың исламға қарсы ұйымдастырған жала-өтіріктеріне алданған кейбір мұсылмандар да өз діндерінен хабарсыз, надан болып тәрбиеленді. Исламнан ұзақтаған сайын білім және саясатта артта қала берді. Өйткені Ислам білімге және өркениетке шақырады.

Ағылшын мемлекетінің басты мақсаты бүкіл дүниежүзіндегі, әсіресе Африка және Үндістандағы табиғи қазба байлықтарды талау, ол елдің адамдарын айуандай жұмыс істеткізіп, түскен пайда, табысты Англия қазынасына құю болатын. Әділеттілікті, сүйіспеншілікті және өзара жәрдемдесуді уағыздайтын Ислам дініне сенген азаматтар ағылшындардың бұл жоспарларына кедергі болуда.

Бұл кітап үш тараудан тұрады.

Бірінші тарау ағылшын тыңшысы рапорттаған мойындаулары жайында. Бұл тарауда ағылшындардың Ислам дінін жою үшін дайындаған айла-өтірікке толы жоспарлары жайында сөз қозғалады. Бұл тарау жеті бөлімнен тұрады.

Екінші тарауда ағылшындардың өз жоспарларын мұсылман мемлекеттерінде қалай жүзеге асырғаны, мемлекет қызметкерлерін қолға түсіруі, мұсылмандарға жасаған зорлық зомбылықтары, Үндістан (Бабыр) және Османлы ислам мемлекеттерін қалай құлатқандары жазылған. Бұл тарауда Уаххабилердің тұзағына түскен шарасыз мұсылмандардың көзін ашатын, құтылуына себеп болатын және Әһли сүннет ғалымдарының жазғандарын қуаттайтын негіздер қамтылған.

Үшінші тарау **“Хуласат-ул калам”** кітабынан аударылып, ақиқат діннің Ислам екендігін дәлелдеуде.

Милади	Хиджри шамси	Хиджри қамари
2011	1389	1432

Бірінші тарау

Бірінші бөлім

Хемфер былай дейді: «Ұлы Британия еліміз – ұланбайтақ ел. Күн, мемлекетіміздің құрамындағы шығыс теңіздерінің үстінен көтеріліп, тағы бізге тәуелді батыс теңіздерінің үстінен батады. Мемлекетіміз әзірге Үндістан, Қытай және Таяу Шығыстағы колонияларында аздап әлсіздеу болып тұр. Бұл мемлекеттер толығымен біздің қарамағымызда емес. Бірақ бұл жерлерде өз үстемдігімізді орнату үшін белсенді саясат жүргізудеміз. Атқарылған қыруар еңбектердің нәтижесінде жуық арада барлығы қол астымызға өтпек. Бұл жерде екі нәрсеге қатты мән беруіміз керек, олар:

1. Отарлап алған жерлерден айырылып қалмау.
2. Басқа жерлерде де отарлау саясатын жүргізу.

Отарлау (Колониялар) министрлігі осы екі мақсатты жүзеге асыру үшін арнайы жоспарлар, комиссиялар құрған. Осы министрлікке жұмысқа кіргенімде Министрдің өзі сенім артып, маған Шығыс Үндістан фирмасында міндет жүктеді. Бұл серіктестік сырттай қарағанда Үндістанда сауда-саттықпен айналысатын сауда фирмасы еді. Ал негізгі мақсаты, Үндістанның кең жерлерін отарлау, иелену жолдарын зерттеу болатын.

Үкіметіміздің Үндістанды еш уайымдамайтын еді. Өйткені Үндістан түрлі ұлт және дін өкілдерінен, көп тілді және әртүрлі қарама-қайшы мақсаттардағы халықтардан құралған өлке болатын. Қытайдан да қорықпайтын едік. Өйткені Қытайда басым көпшіліктің ұстанған буддизм және конфуцизм діндері өмірмен еш байланысы жоқ өлі сипатқа ие діндер. Өлі дінге сүйенетін халықтардың отанға сүйіспеншілік деген ұғымдардан ұзақ болатыны да сөзсіз. Бұл екі мемлекет англия үшін ешбір қорқыныш тудырмайтын. Әйтсе де болуы ихтимал құбылыстарды да көзімізден таса қалдырмайтын едік. Бұл өлкелерде сепаратистік әрекеттер, сауатсыздық, жоқшылық, жұқпалы ауруларды тарату үшін ұзақ мерзімді жоспарлар үстінде жұмыс істеуде едік. Осы екі мемлекеттің әдеп-ғұрыптарына мойынсұна отырып, өз ниеттерімізді халықтың көзінен жасырып жүрдік.

Бізді аса мазалап тұрған елдер Ислам мемлекеттері еді. "Ауру адаммен" [Осман мемлекетін меңзеп отыр] біздің пайдамызға болған бірнеше келісім сөзге қол қойдық. Отарлау министірлігіндегі тәжірибелі

қызметкерлердің болжауы бойынша бұл "ауру адам" бір ғасыр ішінде жан беруі керек. Иран мемлекетімен де жасырын бірнеше келісім шарт жасасып, осы екі мемлекеттің ел басқару қызметтеріне біздің тәрбиемізді көрген, масон болған адамдарды отырғыздық. Парақорлық, ел басқаруда селқостық көрсету және діни білімі жоқ басшылардың әйелдермен көңілдес болып өздерінің жауапкершіліктерін, міндеттерін ұмытқандықтары бұл екі мемлекеттің тамырына балта шапты. Десек те төмендегі себептерге байланысты, күткен нәтиженің оңды болмауынан қорқатынбыз:

1. Мұсылмандар дініне өте берік болып келеді. Әр бір мұсылман біздің поптарымыздан да артық өз діндеріне бекем байланған. Поптардың жаны шықса да, христиандығы шықпайтыны белгілі. Мұсылмандардың ең қауіптілері Ирандағы шииттер. Өйткені олар шиит болмағандарды кәпір әрі лас деп санайды. Шииттер христиан дін өкілдерін өте қатты жек көріп, тіпті адамзат қатарына да жатқызбайтын. Бір күні шииттердің біреуінен: «Сендер неге христиандарға осындай көзқараспен қарайсыңдар?» деп сұрадым. «Ислам дінінің пайғамбары өте ұлы тұлға болатын. Кәпірлердің хақ жолға кіруі және Ислам дінін қабылдауы үшін оларға рухани қысым көрсететін еді. Мемлекет жүйесінде де егерде бір адамды қауіпті деп тапса, оны өз жолынан қайтпайынша қысым көрсетіп, қамауға алады. Шииттердің лас дегендері рухани ластық болып тек христиандарды ғана қамтымайды, оның ішіне сүннит мұсылмандарды да және басқа кәпірлерді де кіргізеді. Ежелгі Ирандағы мажусилерді де біз лас, нәжіс деп санаймыз» деп жауап берді.

«Жақсы. Сүннит мұсылмандар мен христиандар да Құдайға, пайғамбарға және қиямет күніне сенеді, оларды неліктен лас, нәжіс деп есептейсіңдер?» деген сұрағыма төмендегідей жауап берді: «Екі себепке байланысты олар лас болып есептеледі. Біріншісі – сүнниттер хазреті Мұхаммед пайғамбарды (алейһиссалам) өтірікші дейді[1]. Сондықтан да

[1] Негізінде хазреті Пайғамбарымызды өтірікші дейтіндер шииттер мен христиандар. Шииттердің Құран кәрімге және пайғамбарымыздың хадистеріне сәйкес келмейтін діни сенімдері **"Ас-сауайық ул-мухриқа"**, **"Тухфәи исна ашария"**, **"Тәйиди аһли сүннет"**, **"Нахийа"**, **"Асхаби кирам"**, **"Хужажи қатийа"** және **"Миләл уә Ниһал"** атты Әһли сүннет кітаптарында келтіріліп, әрбіріне жауап берілген. **"Сауайық"** атты кітапты жазған Ахмед ибн Хажар Мәкки 974 (м. 1566) жылы Меккеде, **"Тухфә"** кітабының жазушысы Абдулазиз 1239 (м. 1824) жылы Делиде, **"Тәйид"** кітабының жазушысы Имам Раббани Ахмед Фаруқи 1034 (м.1624) жылы Сархандта, **"Нихая"** кітабының авторы Абдул Азиз Фәрхарави 1239 (м. 1824) жылы, **"Асхаби кирам"** кітабын жазған

“Саған зұлымдық істегенге сен де зұлымдық жасай аласың” деген ережеге байланысты оларға “Өздерің нәжіс, лассыңдар” дейміз. Екіншісі – христиандар Аллаһқа, пайғамбарына құрмет көрсетпейді, тіл тигізеді. Мәселен: “Иса (алейһиссалам) шарап ішкен, малғұн болғандығынан крестке асып тастаған” дейді.»

Оның жауабы мені таң қалдырды. Оған: «Христиандар олай демейді ғой»- дегенімде: «Жоқ сен білмейсің, айтқандарым **“Китабу муқаддесте (Інжіл)”** жазулы» - деді. Мен үндемедім. Өйткені, ол кісі екіншісінде болмаса да біріншісінде дұрыс айтқан еді. Әңгімені осы жерде тоқтатуға тура келді, өйткені киімім мұсылманша болғанымен пікірлерімнен күдіктенуі мүмкін еді. Сондықтан үнемі пікірталастан ұзақ тұрдым.

2. Ислам шариғаты бір замандары бүкіл әлемге үстемдігін жүргізген дін болатын. Мұсылмандар да құрметке ие болған. Осы құрметті адамдарға енді сендер құлсыңдар деу қиынға соғады. Ислам тарихын жамандап, бір замандар қол жеткізген абыройларың сол дәуірлердің қолайлы шарттарынан туындаған еді. Қазір заман да шарттар да өзгерді. Ол күндердің қайтып келуі мүмкін емес деуге де болмайды.

3. Османлы мемлекетінің және Ирандықтардың біздің жоспарларымызды біліп қойып, шара қолданып, біздерге кедергі болуынан қатты қорқатынбыз. Негізінде бұл екі держава әлсіреген жағдайда болатын. Бірақ, дүние-мүлік, қару-жарақ және орталықтанған авторитарлық басқармасы, жүйесі мықты үкіметтің бар болуы біздерге сенімді болуға кедергі болатын.

4. Ислам ғалымдары да бізді қатты қобалжытатын. Өйткені Стамбул, ал-Азһар ғалымдары, Ирак және Шам (Дамаск) ғалымдары жоспарларымыздың алдында бөгет болып тұрған асқар таулардай көрінетін. Олар дүниенің өткінші мүлкіне қызықпайтын, Құран кәрімнің уәде еткен жаннатын аңсаған, өзінің ұстанған жолынан қайтпайтын, имандары қуатты ғұламалар еді. Халық олардың айтқанымен жүретін, тіпті сұлтан, патшалардың өздері де олардан тайсалатын еді. Сунниттер шииттер сияқты ғалымдарына қатты сүйенбеген. Бірақ шииттер кітап оқымайтын, тек ғалымдарын ғана танитын, ал сұлтан, патшаларға лайықты құрмет көрсетпейтін еді. Ал сүнниттер білімге көңіл бөліп көп оқитын, ғалымдар мен сұлтандарға да қатты құрмет көрсететін еді.

Абдулхаким Аруаси 1362 (м.1943) жылы Анкарада, **“Хужаж”** авторы Абдуллах Сувайди 1174 (м. 1760) жылы Бағдатта, **“Миләл”**дің авторы Мұхаммед Шихристани 548 (м.1154) жылы Бағдатта дүние салған.

Осы жағдайларды шешу жолында бірнеше рет жиналыс жасадық. Бірақ бұл жолы да өте көп кедергілерге тап болдық. Тыңшыларымыздан келіп тұрған рапорттар көңілден шығарлықтай болмаса да, үмітімізді үзбейтінбіз. Өйткені біз сабыр етуге тәрбиеленгенбіз.

Бір жиналысымызға Министрдің өзі және үлкен дәрежелі поптар мен бір қатар салалардан мамандар жиналып 20 кісі қатысқан еді. Үш сағатқа созылған бұл жиналыстан ешқандай нәтиже шықпады. Алайда поптардың біреуі: «Көңілдерің түспесін! Христиан діні де 300 жыл зұлымдық көргеннен кейін әлемге тарады. Иса Масих бізге ана дүниеден медет беріп, үш жүз жылдан кейін болса да кәпірлерден [мұсылмандардан] үстем түсерміз деген үміттемін. Біз қуатты иман және сабырлыққа жүгінуіміз керек! Билікті қолға алу үшін бүкіл шаралардың бәрін қолданып көруіміз керек. Христиандықты мұсылмандардың арасына жаюға тырысу керек. Мақсатымызға бірнеше ғасырдан кейін жетсек те үлкен табыс болады. Өйткені әкелер балалары үшін еңбек етеді» деп айтты.

Отарлау министрлігінде Ұлыбританиямен бірге Франциядан, Ресейден дипломат және дін адамдары қатысқан конференция болып өтті. Министрмен қарым-қатынасым жақсы болғандықтан бұл конференцияға қатысуыма рұқсат берді. Жиында мұсылмандардың арасына іріткі салып, Испаниядағыдай діндерінен шығарып иманға келтіру [шоқындыру] жолдары қарастырылды. Бірақ алынған нәтижелер қанағаттанарлықтай болмады. Сол конференцияда келісілген барлық әңгімені “Ила мәләкутул-Масих” атты кітабымда жаздым.

Тамыры тереңге кеткен үлкен ағаштарды түбінен жұлып алып тастау өте қиын. Бірақ біз барлық қиыншылықтарды жеңе білуіміз керек. Христиан діні әлемге тарау үшін, билік жүргізу үшін келген. Бұны бізге Иса Масих уәде еткен. Кезінде Мұхаммедке сол заманның өте ауыр шарттары қолайлы болып, дінін таратып алған еді. Бүгінгі таңда ондай жаман шарттар жоғалуға және өзімен бірге Ислам деген пәлекетті де басымыздан аулақ әкетуге бет алды. Министрлігіміздің және басқа да христиан өкіметтерінің атқарған еңбектерінің нәтижесінде мұсылмандар барған сайын артта қала бастады. Ал христиандар керісінше күшейді. Ғасырлардан бері айырылып қалған жерлерімізді қайтарып алудың кезі келді. Ислам дінін жоюға біздің Ұлы Британия мемлекеті басшылық етуде.

Бірінші тарау

Екінші бөлім

Хижри 1122 (м.1710) жылы Отарлау министрлігі мені мұсылмандарды жік-жікке бөлу үшін тыңшылық әрекет жасау мақсатында Мысыр, Ирак, Хижаз және Стамбул қалаларына ұзақ мерзімді іс-сапарға жіберді. Сонымен қатар тоғыз тыңшы жасақталды. Біздерге ақшамен қатар сол елдердегі мемлекеттік қызметкерлердің, дін ғалымдарының есімдерін қамтыған тізім берілді. Есімнен кетпейтін жайт, қоштасар алдында секретарь бізге: «Мемлекетіміздің болашағы сендердің қолдарыңда. Сол үшін аянбай бар күш-жігерлеріңді аямай жұмсаңдар» деді.

Мен Ислам дінінің халифалық орталығы болған Стамбул қаласына теңіз арқылы бет алдым. Басты мақсатты жүзеге асырумен бірге түрік тілін жетік үйренуді жоспарладым. Лонданда біраз түрік тілін және Құран тілі болған араб тілі мен парсы тілін оқып сауатымды ашқанмын. Бірақ бір тілді үйрену мен сол тілде сөйлейтін халық секілді сөйлей білу бір нәрсе емес. Ол көп қажырлықты талап етеді. Күмән тудырмас үшін түрік тілінде кез келген түріктей сөйлесуге, толық үйренуге мәжбүрмін.

Менің тыңшылық әрекеттерімді мұсылмандар біліп қояды деген күмән мені онша мазаламайтын. Өйткені мұсылмандар Мұхаммед пайғамбардан алған тәлім-тәрбиесі арқасында өте мейірімді, кең пейілді және ақ көңіл болып келеді. Олар біз сияқты әр нәрсеге сенімсіздікпен, күдікпен қарамайтын. Және ол кезде түрік мемлекетінің қолында тыңшыларды танып-білетін, оларды тұтқындайтын қауіпсіздік қызметі де жоқ еді.

Ұзақ сапардан соң Стамбулға жеттім. Сұрағандарға өзімді Мұхаммед деп таныстырып, мұсылмандардың ғибадатханасы болған мешіттерге бара бастадым. Мұсылмандардың тәрбиелі, тазалыққа құштар екендіктері маған ұнады. Кейде өзімнен: «Осындай кінәсіз адамдармен неге соғысып жатырмыз. Иса Масих бізге осыны бұйырған ба?» деп сұрайтынмен. Бірақ бұндай ойларымды шайтаннан деп біліп өз жұмысыма құлшына кірісетінмін.

Стамбулда Ахмет мырза есімді қарт ғалым кісімен таныстым. Оның жан-жақтылығы, ақ көңілдігі, көңілінің кіршіксіздігі және мейірімділігін біздің ешбір дін адамдарынан көре алмайсың. Бұл кісі күндіз-түні Мұхаммед пайғамбардың жолымен жүруге және мінезін

Оған ұқсатуға тырысатын. Оның айтуынша Мұхаммед пайғамбар дүние жүзіндегі ең ұлы тұлға. Оны әр еске алған сайын көзі жасқа толатын. Менен бір рет те болса кім екендігімді, қайдан келгенімді сұрамады. Мені әрдайым «Мұхаммед мырза» деп шақыратын. Сұраған барлық сұрағыма асықпай, байыппен жауап беретін. Өйткені ол мені бұл жерге жұмыс іздеп келген және Мұхаммед (алейһиссалам) пайғамбардың халифасының қол астында уайымсыз өмір сүру үшін келген қонақ ретінде көретін. Менің сылтауым онсыз да осы еді.

Бір күні Ахмет мырзаға: «Әкеммен анам дүние салған. Бауырларым жоқ. Дүние мүлкімде шамалы. Жұмыс істеу, Құран кәрім мен діни білім алу үшін Исламның орталығы - Стамбулға келдім»- дедім. Менің сөздерім оған қатты әсер етті. Ол маған: «Мына үш себепке байланысты саған құрмет көрсетуге болады» деді. Сол кісінің аузынан естігенімдей жазып отырмын.

1- Сен мұсылмансың, бүкіл мұсылмандар бір-біріне бауыр.

2- Сен жолаушысың, қонақсың. Пайғамбарымыз (алейһиссалам) бір хадисінде: **«Жолаушыға, қонаққа сый құрмет көрсетіңдер»** деп бұйырған.

3- Сенің жұмыс істемек ойың бар. **«Жұмыс істеген Аллаһу та’аланың досы»** деген хадис бар.

Оның бұл сөздері мені қатты қуантты. Іштей: «Шіркін христиан дінінде де осындай туралық, ақиқаттар болса ғой. Бірақ өкінішке орай бұның ешқайсысы жоқ» дейтінмін. Мені таңдандыратын нәрсе діннен-дүниеден ешбір хабары жоқ кісілердің билік басына келуі кесірінен осындай керемет Ислам дінінің әлсіреуі болатын.

Ахмет мырзаға: «Құран кәрім үйренгім келіп жүр»-дедім. Қуана маған көмектесетіндігін білдірді. Ең алғаш Фатиха сүресін үйретті. Құран кәрім оқымастан бұрын өзі дәрет алып, маған да алғызатын. Қыбылаға бет бұра отырып, сүрелердің мағынасын түсіндіріп отыратын. Кейбір сөздерді оқуға қиналатынмын. Екі жыл ішінде Құран кәрімді басынан аяғына дейін оқып шықтым.

Мұсылмандардың дәрет дейтін нәрселері кейбір дене мүшелерін жуудан тұрады, олар 1) Жүзіңді жуу. 2) Саусақтармен шынтақты қоса оң қолды жуу. 3) Саусақтармен шынтақты қоса сол қолды жуу. 4) Басына, құлағының артына және мойынына мәсх ету (сүрту). 5) Екі аяқты тобықпен қоса жуу.

Маған мисуак қолдану ұнамайтын. **Мисуак** – мұсылмандардың дәреттен бұрын тістерін тазалайтын ағаш тамыры. Кейде аузымды қанатқанынан мисуакты тіске зарарлы екен деп ойлайтынмын, бірақ қолдануға мәжбүр болатынмын. Мұсылмандар үшін мисуак қолдану

пайғамбардың қасиетті сүннеті болатын. Бұл ағаштың өте пайдалы екендігін айтатын. Біраз уақыт өткеннен соң тістерімнің қанағаны қойды. Көп ағылшындарда кездесетін ауыздағы иіс те жоқ болып кетті.

Стамбулда тұрғанымда бір мешіт қызметкерінің үйінде азғана ақша беріп бірге тұратынмын. Ол кісінің аты Маруан еді. Маруан – Мұхаммед пайғамбардың сахабасының есімі болатын. Бұл қызметкер қатал кісі еді. Өз есімінің ұлылығын айтып мақтағанды жақсы көретін. Есімін мақтап, маған: «Егерде ұлың болса атын Маруан деп қой. Өйткені Маруан – Исламның ұлы мужаһидтерінің бірі» дейтін.

Кешкі тамағымды Маруан дайындайтын. Мұсылмандардың мейрамы болған жұма күні жұмысқа бармайтынмын. Аптаның басқа күндерінде Халид есімді бір ағаш ұстасының жанында апталық ақыға жұмыс істейтінмін. Таң атқаннан тек түске дейін істегенім үшін басқа жұмысшылардың жарты ақшасын беретін. Ұста бос уақыттарда Халид бин Уалидтің дәрежесі жайында әңгіме айтатын. Халид бин Уалид Мұхаммед (алейһиссалам) пайғамбардың сахабасы және мужахид кісі болған. Көптеген Ислам жеңістеріне қол жеткізген. Бірақ Омар бин Хаттабтың оны қолбасшылықтан босатқаны ұстаның көңілін жабырқататын.[1]

Бірге жұмыс істеген Халид ұстам мінезі бұзық, ашушаң кісі болатын. Неге екендігін білмеймін бірақ мені құрметтейтін. Бәлкім айтқандарын мүлтіксіз орындауымнан болар. Жалғыз қалғанда ғибадаттарға онша мән бере бермейтін. Тек жора-жолдастарының қасында бірге болғанында намаздарын оқып, жұма намазына баратын.

Таңғы асты асханада ішетінмін. Жұмыстан кейін бесін намазын оқуға мешітке барып, екінді намазына дейін мешітте қалатынмын. Екінді намазынан кейін Ахмет мырзаның үйіне барып екі сағат Құран кәрім, араб тілі мен түрік тілі сабақтарын алатынмын. Апталық жалақымды маған шын көңілімен білім үйреткендігі үшін соған беретінмін.

Ахмет мырза менің бойдақ екендігімді естіп өзінің бір қызымен үйленуді ұсынды. Оның бұл ұсынысын қабыл етпедім. Ол кісі үйленудің сүннет екендігін, Пайғамбардың (алейһиссалам): **«Менің сүннетімді тәрк еткен менен емес»** деген хадисі бар екенін айтты. Бұл жағдай қарым-қатынасымызға зиянын тигізбесін деп, өтіріктен «менің

[1] Халид бин Уалидтің орнына тағайындалған Убайда бин Жаррах соғысты жалғастырып, жеңістерге қол жеткізгенде, мұсылмандар жеңістің Уалидтің арқасында емес Аллаһу та'аланың жәрдемімен болғандығын түсінген.

жыныстық әлсіздігім бар» деген сылтауды айтып, бұрынғыдай ұстаз-шәкірттік қатынасты жалғастырдым.

Стамбулда екі жыл болғаннан кейін Ахмет мырзаға отаныма қайтқым келгенін айттым. «Кетпе, не үшін кетпексің? Стамбулда барлық нәрсе бар. Аллаһу та’ала бұл қалаға дін мен дүниені бірге берген. Әке-шеше мен бауырларыңның жоқтығын айтқансың. Стамбулда қал» деді. Ахмет мырза маған қатты үйреніп қалған болатын. Бірақ отандық борышым Лонданға барып министрлікке есеп беру және басқа тапсырма алу болатын.

Стамбулда жүрген кезімде әр ай сайын министрлікке бұл жақтағы жағдай жайында рапорт жіберетінмін. Бір баяндамамда бірге жұмыс істеген кісі егерде мені гомосексуальдық әрекетке шақырса не істейін деп сұрағанымда жауап ретінде төмендегі сөздерден тұратын хат келді. «Егерде бұл біздің мақсатқа жетуімізді жеңілдетсе, келісіміңді бер»- делінген. Бұл жауапқа қатты ашуландым. Бұл әрекет Англияда кең етек алған, бірақ бір күн келіп, басшыларым маған дәл осыны істеуге әмір ететінін ойлап та көрмеппін. Қайтем, бастаған тірлікті аяғына жеткізу керек. Соны ойлап, өзімді қолға алып, жұмысымды жалғастырдым.

Ахмет мырзамен қоштасып жатқанымда көздері жасқа толып: «Балам! Аллаһу та’ала саған жәрдем етсін. Стамбулға қайта келгеніңде мен дүние салған болсам, мені есіңе алып рухыма Құран оқы. Пайғамбарымыз (алейһиссалам) жанында маһшар күні кездесейік»-деп тілек білдірді. Мен де көз жасымды ұстай алмадым, бірақ міндетім сезімдерімнен жоғары екендігін жадымнан шығармадым.

Бірінші тарау

Үшінші бөлім

Жолдастарым менен бұрын Лондонға барып министрліктен жаңа бұйрықтар алып кеткен екен. Мен де жаңа тапсырма алдым. Бірақ өкінішке орай міндеттен алты кісі ғана қайтып оралыпты.

Қалған төрт кісінің біреуі секретардың айтуы бойынша мұсылмандықты қабылдап Мысырда қалған екен. Бірақ өткен өмірі жайлы ешбір сыр айтпапты деседі. Екіншісі Ресейге кетіп сонда қалыпты. Өзі де орыс нәсілді еді. Секретарь оның орыс тыңшысы болып, жұмысы біткеннен соң отанына қайтып кетті деген тұжырымды айтты. Үшіншісі Бағдатқа кеткен болатын, сонда жұқпалы ауруға шалдығып дүние салыпты. Төртінші кісі Йеменнің Сана қаласына кеткен болатын, рапорттары келіп тұрған, бірақ бір жылдан кейін із-түзсіз жоғалып кетіпті. Бұл төрт кісіні жоғалту министрлікті көп қобалжытты. Өйткені біз ағылшындар мақсаттары биік, бірақ саны аз халықпыз. Әрбір адамымыз біз үшін өте қымбат.

Секретарь менің бірнеше рапортымнан кейін төрт кісінің рапорттарын талқылау үшін бір жиналыс өткізді. Комиссия менің жұмысымды жоғары бағалап, бірнеше жерін жазып алғанына қарамай үшінші орында қалдым. Өз жұмысын жақсы атқарған Джорж Белкод 1-ші орынды, 2-ші орынды Генри Франс, мен 3-ші орынды мен алдым.

Түрік тілін, араб тілін және Құран кәрім білімдерін жақсы үйреніп, шариғатты өте мықты меңгерген болсам да, Осман мемлекетінің әлсіз жерлерін көрсететіндей бір рапорт жаза алмадым. Екі сағаттық жиналыстан кейін секретарь жетістікке жете алмауымның себебін сұрады. Бұл сапардағы басты мақсатым тіл мен Құран кәрім шариғатын үйрену болғандығы, сондықтан басқа жұмыстарға уақыт таппағанымды айтып, осы жолы барлық кемшіліктерімді толықтыратыныма сөз бердім. Секретарь: «Сенің зерек екендігіңді білемін, сенің бірінші болғаныңды қалаймын» деді. Кейін маған төмендегі тапсырманы берді:

«Хемфер мырза, келесі сапарда басты міндетің екі мақсатқа жету болмақ:

1. Мұсылмандардың әлсіз жерлерін тауып, оларды бөлінуге, жік-жікке, ұлтқа бөлуге итермелеу жолдарын іздеп табу.

2. Бұны орындағаннан кейін (яғни мұсылмандардың арасына іріткі салып, бір-біріне жау қылып қойып) министрліктегі жоғарғы дәрежелі тыңшы деген атаққа ие болу.»

Лонданда алты ай болдым. Нағашымның қызы Мария Швай есімді қызға үйлендім. Үйленгенімде мен 22, ал әйелім 23 жаста болатын. Мария орта бойлы сұлу қыз болатын. Өмірімнің ең қызықты, тәтті кезеңдерін сол кезде Мариямен өткіздім. Марияның аяғы ауырлады. Босанар шағы келгенінде министрліктен Иракқа кету жайлы бұйрық келді.

Ұлымның дүниеге келер кезінде Иракқа кету маған ауыр тиді. Бірақ бірінші орынға ие болу және отанымның алдындағы борышым, жұбайлық, әкелік сезімдерге үстемдік етіп, дер кезінде Иракқа кетуіме себепші болды. Әйелім баланың дүниеге келгеніне дейін іс-сапарды кешіктіруімді өтінді. Оның сөздеріне құлақ аспадым. Қоштасар кез келгенде екеуміз де егіле жыладық. «Маған әрдайым хат жазып тұр, мен де баламыз жайлы жазып, хатты үзбеймін» деді. Жұбайлық, әкелік сезімім мені іс-сапардан ұстап қала жаздады. Онымен қоштасып соңғы рет министрлікке бұйрықтарды алуға бардым.

Алты айдан кейін Ирактың Басра қаласына жетіп бардым. Басра халқының бір бөлігі сүннит, екінші бөлігі шиит сенімінде болатын. Халқы араб, парсы және біраз христиандардан құралған еді. Өмірімде бірінші рет шииттермен осында кездестім. Осы жерде шиит және сүнниттер жайлы айтып кетсем артық етпес.

Шииттер Мұхаммед (алейһиссалам)-ның қызы Фатиманың күйеуі және Мұхаммед (алейһиссалам)-ның көкесінің ұлы Әли бин Абу Талибтің артынан ергендер. Мұхаммед (алейһиссалам) өзінен кейін Әлиді және оның ұрпағы болған он екі имамды халифа етіп сайлап кеткен дейді.

Менің ойымша, Әлидің Хасан және Хусейн халифалығы жайында шииттердің пікірі шындыққа жанасады. Ислам тарихынан түсінгенім Әли халифа болуға лайықты кісі болған. Мұхаммед (алейһиссалам) Хасан мен Хусейнді халифа етіп сайлап кеткен дегім келеді. Бірақ Мұхаммед (алейһиссалам) Хусейннің ұрпағынан қалған сегізін сайлап кеткендігі жайлы күмәнім бар. Өйткені Мұхаммед (алейһиссалам) дүние салғанында Хусейн 8 жаста болатын. Оның сегіз немересі болатындығын қайдан білген. Егерде Мұхаммед (алейһиссалам) шынымен-ақ пайғамбар болса, Иса Масихтің болашақтан хабар бергеніндей Аллаһу та'аланың білдіруімен келешекті білуі мүмкін. Бірақ Мұхаммедтің пайғамбарлығына біз христиандар күмәнданамыз.

Мұсылмандар «Мұхаммед (алейһиссалам)-ның пайғамбар екендігінің өте көп дәлелі бар. Бұлардың бірі Құран кәрім» дейді. Құранды оқыдым шынымен-ақ ұлы кітап. Таурат пен Інжілден де жоғары. Өйткені, Құранда заңдар, қағидалар, мінез-құлық сипаттары және басқа да көптеген ережелер бар.

Мұхаммед (алейһиссалам) сияқты оқымаған, жазбаған бір адамның бұндай кітапты қалайша жинағаны ақылыма симайды. Көпті көрген, оқымысты адамда да кездеспейтін мінез-құлық, зеректік, тұлғалық қасиет бұл кісіде қайдан қалыптасқан? Бұл сипаттар оның пайғамбарлығын растап тұрған дәлелдер мекен?

Мұхаммед (алейһиссалам)-ның пайғамбарлығы жайында ақиқатты білу үшін әрдайым ізденіп жүрдім. Бір жолы бұл мәселені Лондондағы бір попқа айттым. Бірақ ол жамандаудан басқа, қанағаттанарлық бір жауап бере алмады. Түркияда бірнеше рет Ахмет мырзадан сұрағанда да толық жауап ала алмаған едім. Бірақ тыңшы екенімді біліп қалмасын деп Ахмет мырзаға сұрағымды ашық қоя алмағанбын.

Мен Мұхаммед алейһиссаламды өте қатты құрметтейтінмін. Оның біз кітаптарда оқығандай Аллаһтың пайғамбары екендігі күмәнсіз. Алайда мен христиан ретінде оның пайғамбарлығына иман келтірген емеспін.

Сүнниттер: «Мұсылмандар пайғамбардың өлімінен кейін Абу Бәкір, Омар, Осман және Әлиді оның орнына халифа болуға лайық деп тапқан» деседі.

Осы сияқты қайшылықтар бүкіл діндерде, әсіресе христиан дінінде өте көп. Омар да, Әли де қайтыс болғандығынан бұл таластарды ары қарай жалғастырудың пайдасы жоқ деп ойлаймын. Менің ойымша мұсылмандар егер ақылды болса, өткен күндерді емес бүгінгі күнді ойлаулары керек.[1]

---

[1] Халифалық туралы көп әңгіме қозғау адасқан шиит тобының негіздерінен. Сүнниттердің пікірінше халифалық жайлы сөйлесу міндет емес. Бұл жерде ағылшын тыңшысы дін және дүние істерін ажырата алмай отыр. Мұсылмандар, тыңшы айтқандай техникада, есепте, құрылыста, медицинада және басқа салаларда ақыл мен тәжірибеге сүйенген, әр қашан дамыған. Ал христиандар білім-ғылымда ақылға сүйенуді, дамуды күнә деп есептеп, дін саласында керісінше өз ақылдарына ерік беріп, иман негіздерін өзгертіп жіберген. Мысалыға, атақты италяндық Галилей жердің айналатынын мұсылмандардан естіп айтқаны үшін, поптар оны кәпір деп түрмеге қаматқан. Ол «айналмайды» деп тәубеге келгеннен кейін ғана поптардың қаһарынан құтылған. Мұсылмандар дін, иман мәселелерінде өз ақылдарына емес, Құран кәрім мен хадис

Бір күні министрлікте сүнниттер мен шииттер арасындағы қайшылықтар туралы сөз аштым. «Мұсылмандар егер бұл өмірдің мағынасын түсінетін болса, дереу сүннит-шиит қайшылықтарына шек қойып, бірлесер еді» деген тұжырым айтқанымда бір кісі қарсы шығып: «Сенің міндетің сол қайшылықтарды өшіктіру. Олардың арасында сүйіспеншілікті, бірлікті орнату емес» деп кесіп тастады.

Иракқа кетуімнің алдында маған секретарь: «Ей Хемфер мынаны ұмытпа: Аллаһ Қабыл мен Хабылды жаратқаннан бері адамдар арасында түсінбеушілік, қайшылықтар бар. Бұл жағдайлар Иса Масих келгенге дейін жалғасады. Адамдар арасындағы түс, ру-тайпа айырмашылығынан, жер таласынан, ұлттық және діни себептерден туындайтын келіспеушіліктер осындай.

Бұл жолғы міндетің бұл қайшылықтардың себебін біліп біздерді хабардар ету. Мұсылмандар арасындағы келіспеушілікті өршіктіре білсең Англия мемлекетіне ең үлкен қызметті сен атқарған боласың.

Біз - ағылшындар тыныш, рахат өмір сүруіміз үшін әлем елдері арасына және отарлап алған мемлекеттеріміз ішіне іріткі салып, бүлік шығарып тұруға мәжбүрміз. Осман мемлекетін де тек осы фитна-бүліктер шығару арқылы құлата аламыз. Әйтпесе халқы аз мемлекет халқы көп мемлекетті қалай жеңе алады? Бар күш жігеріңді жұмсап, мұсылмандардың әлсіз жерлерін тауып, сол жерлерден соққы бер. Бүгінгі таңда Осман мемлекеті мен Иран мемлекеті өте әлсіз кезеңдерін бастан кешіруде. Бұдан пайдалануымыз керек. Сенің басты жұмысың халықтарды билікке қарсы көтеріліске итермелеу! Себебі тарихтағы бүкіл үкімет төңкерістерін халық көтерілістері бастап берген. Егер мұсылмандардың бірлігі бұзылып, ауызбіршілігі қалмай күштері тарайтын болса, оларды оп-оңай жоқ қылып жібереміз» деді.

Тәуһид дұғасы

Йа Аллаһ, йа Аллаһ. Лә илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ. Йа Рахман, йа Рахим, йа афувву йа Кәрим, фаъфу анни уәрхамни йа әрхамәррахимин! Тәуәффәни муслимән уә әлхиқни биссалихин. Аллаһуммағфирли уә ли абаа-и уә үммәһати уә ли абаа-и уә үммәһат-и зәужәти уә ли әждади уә жәддати уә ли әбнаи уә бәнати уә ли ихуәти уә әхауати уә ли әъмами уә амматиуә ли ахуали уә халати уә ли устази

шәрифтерге сүйенеді. Ақылдың күші жетпейтін бұл мәселелерді христиандар сияқты өзгертпейді.

Абдулхаким-и Аруаси уә ли каффәтил мүъмининә уәл мүъминат. "Рахмәтуллаһи тәала аләйһим әжмаъин"

Бірінші тарау

Төртінші бөлім

Басраға барып, бір мешітте орналасып тұрақтадым. Мешіт имамы нәсілі араб, сүннит сенімінде болған Шайх Омар Таи есімді кісі еді. Онымен танысқанымда маған күмәнмен қарап, сұрақтарын жаудырды. Оның бұл сұрақтарына өзімнің Түркияның Ығдыр деген аймағынан келгенімді, сондағы Ахмет мырзаның шәкірті болғанымды, Халид деген ұстаның қасында жұмыс істегенімді айттым. Түркияда естіп-білген біраз нәрселерді айтып, бір-екі ауыз түрікше сөйледім. Түрік тілінде дұрыс сөйлеп, сөйлемегенімді тексеру үшін қасымызда тұрған үшінші кісіден сұрағанында, дұрыс дегенді білдіріп басын изеді. Имамның күмәнын тараттым деп қуанғаным ұзаққа созылмады. Бірнеше күннен кейін имамның менен күдіктеніп, түрік тыңшысы деп ойлап жүргенін байқап қалдым. Естуімше бұл кісілер мен Стамбулдағы сұлтанның Басраға тағайындаған әкімі арасында жанжал болыпты.

Шайх Омардың мешітінен кетуге мәжбүр болған соң мешітке жақын жердегі керуен сарайдан бөлме жалға алып, соған көшіп өттім. Керуен сарайдың иесі Муршид мырза атты ақымақ адам болатын. Күнде таңертең мазамды алып, мешітте азан айтылғанда мені тұрғызу үшін есігімді келіп дүрсілдететін. Оның айтқанын істеуге мәжбүр болып, таңғы намазды бірге оқитынбыз. Намаз оқып болған соң, Құран кәрім оқытып қоятын. Бір күні оған: «Құран кәрім оқу парыз емес, неге соншалықты мәжбүрлей бересің?» деп сұрадым. Жауап ретінде: «Бұл уақытта ұйықтау барлық керуен сарай тұрғындарына және бөлме иелеріне кедейдік, бақытсыздық алып келеді, береке қашады» деді. Оның айтқанын істеуге мәжбүр едім. Өйткені бұлай істемесем мені керуен сарайдан қуып шығаратынын айтатын. Міне сондықтан күнде азанда таң намазын оқып, кейін бір сағаттай Құран кәрім оқитынмын.

Бір күні Муршид мырза маған: «Сен бізден бөлме жалдағаннан бері береке қаша бастады. Бұны сенің сормаңдайлығыңнан деп білемін. Сен бойдақсың. Ал бойдақтық нағыз сормаңдайлық. Сен я үйленесің, я бұл жерден кетесің» деп шарт қойды. Оған «Үйленетіндей мал-мүлкім жоқ» дедім. Кезінде маған қызын бермек болған Ахмет мырзаға айтқан сылтауымды бұл кісіге айтуға шошыдым. Өйткені бұл кісі рас-өтірігін білу үшін мені шешіндіріп, әурет жерімді тексеріп көруден де тайынбайтын адам еді.

Ақшам жоқтығын сылтау еткенімді көріп Муршид мырза ашуланды: «Ей иманы әлсіз! Сен Аллаһу та’аланың **«Егер олар кедей болса, Аллаһ өз кеңшілігімен оларды байытады»**[1] деген аятын оқымадың ба?» деді. Не дерімді білмей қалдым. Соңында: «Жарайды үйленейін. Бірақ маған керекті ақшаны бересің бе, әлде арзан жерден қыз тауып бересің бе?» дедім.

Муршид мырза бұл сұрағыма біраз ойланып тұрды да: «Менің жұмысым жоқ. Режеб айына дейін үйленесің я бөлмені босатасың» деп кесіп айтты. Режеб айына дейін 25 күн қалған болатын.

Осы жерде мұсылмандардың ай аттарын айтып өтейін; Мухаррам, Сафар, Рабиул әууәл, Рабиул ахир, Жамазиул-әууәл, Жамазиул-ахир, Режеб, Шабан, Рамазан, Шәууал, Зұлқада және Зүлхиджа. Бұл айлар отыз күннен аспайды да, жиырма тоғыз күннен кемімейді де. Және айға қарап есептеледі.

Бір ағаш ұстасының жанынан жұмыс тауып, Муршид мырзаның бөлмесінен шығып кеттім. Режеб айы кірместен бұрын заттарымның барлығын ағаш ұстасының дүкеніне тасып алдым. Ұстаның аты Абдуррыза Хорасанлы шииттерден болып, өте мерт кісі екен. Мені өзінің баласындай көрді. Бұл мүмкіншілікті пайдаланып парсы тілін үйренуге кірістім. Күніге екінді уақытында Ирандық шииттер оның үйінде жиналып саясат, базар нарықтары және басқа тақырыптарда сөйлесетін. Өздерінің үкіметіне де, Стамбулдағы халифаға да тіл тигізетін. Бөтен бір кісі келіп қалса, дереу тақырыпты басқа жаққа бұрып жіберетін.

Олар маған сенетін еді. Түрікше білгенім үшін мені азірбайжан ұлт өкілі деп ойлайды екен.

Ағаш ұстасының дүкеніне кейде бір жас жігіт келіп жүретін. Өзі медресе шәкірті сияқты киінетін. Арапша, парсы, түрік тілдерін білетін. Есімі **Мұхаммед бин Абдулуаххаб Нәжди** болатын. Бұл жігіт өте тәкаппар және ашушаң еді. Осман үкіметін әр сәтте жамандағанымен Иран үкіметіне мүлдем тіл тигізбейтін. Дүкен иесі Абдуррызамен мына жас жігіттің достығының себебі – екеуінің де Стамбулдағы халифаға қарсы болуында еді. Бірақ сүннит болған бұл жігіт парсы тілін қайдан біледі және шиит болған Абдурរыза мен қалайша достық құрып жүр деген сұрақ қатты мазамды алды. Бұл қалада сүнниттер мен шииттер тату-тәтті өмір сүретіндей болып көрінеді. Басра қаласының тұрғындарының көбісі парсы және арап тілін біледі. Түрік тілін білетіндер де өте көп кездесетін.

[1] **Нұр** сүресі, **32**-аят.

Нәждтік Мұхаммед сырттай қарағанда сүнни сенімінде болатын. Сүнниттердің көбі шииттерді сынға алып, тіпті кейбір шиит топтарының күпірлікке түскені жайлы айтса да, ол ешбір шиитті ренжітпейтін. Нәждтік Мұхаммед сүнниттердің төрт мазһабтың біреуіне мойынсұнуын керек деп білмейтін және: «Құран кәрімде бұл мазһабтар жайлы ешбір дәлел жоқ»-дейтін. Бұл жайында айтылған аяттардан ғапыл қалып, хадис шәрифтерге онша көңіл бөлмейтін.

Төрт мазһаб жайлы айтатын болсақ, сүнниттер арасында Мұхаммед (алейһиссалам) дүние салғаннан кейін мына төрт ғалым Абу Ханифа, Ахмет бин Ханбел, Малик бин Анас, Мұхаммед бин Идрис аш-Шафий ортаға шықты. Кейбір Халифалар басқа сүнниттерді осы төрт ғалымның біреуіне еруге, тақлид етуге мәжбүр етті. Бұл төрт ғалымнан басқа ешкім Құран кәрімді ашықтай алмайды, ижтиһад ете алмайды деген сенімде. Бұл әрекет мұсылмандардың білімге-ғылымға деген ынтасын тұмшалады. Исламның дамуына ижтиһад тыйымы кедергі болды деп көрсетуде.

Шииттер өз мазһабтарының түсінігін жою үшін, осы теріс пікірлерден пайдаланған. Шииттер сүнниттер сияқты көп болмаған, бірақ барған сайын көбейіп сүнниттер көлеміне жеткен. Ижтиһад бір қаруға ұқсайды. Ол Ислам құқығын, яғни үкімдерді дамытады. Құран кәрім мен сүннет түсінігін жаңалайды. Ал ижтихадқа тыйым салу кейбір мұқтаждықтарды ести тұра естімегендей болу. Менің ойымша сүннит ғалымдар жақын арада ижтиһадқа қайта оралары анық. Бұл әрекетке бармаса, болашақта халық сүннит түсінігін менсінбей шиит бола бастайды.[1]

[Әһли сүннет болған төрт мазһабтың иман, сенім негіздері бірдей. Араларында иман негіздерінде ешқандай айырмашылық жоқ. Ерекшеленетін жерлері тек ғибадат, құлшылық мәселелерінде ғана. Бұл да мұсылмандар үшін жеңілдік. Шииттер сенім негізінде он екі ағымға бөлініп, бұзылған. Бұл жайында **«Миләл уә Нихал»** кітабында толық жазылған.]

---

[1] Құран кәрім мен хадистердегі ашықша білінбеген астарлы үкімдерді көріп, түсіне білген кісіге **«Мужтаһид ғалым»** делінеді. Мужтаһид болу үшін қажет болған шарттар **“Саадати әбәдия”** және **“Маълумати Нафиа”** атты кітаптарда толығымен қамтылып жазылған. Хижри жыл бойынша IV- ғасырдан кейін бұл шарттарға ие болған ғалым шықпады. Ислам дұшпандары ижтиһад жасаудамыз деп, Ислам дінін іштен бұзуға кірісті. Ал негізінде мужтаһид ғалымдар қияметке дейін болатын әртүрлі жағдай-оқиғаның үкімдерін шығарып қойған, барлығы әһли сүннет кітаптарында жазылған.

Тәкаппар мінезді Нәждтік Мұхаммед Құран мен хадисті ұстануда өз нәпсісіне еріп, өзіне ұнаған мағыналар шығаруға бейім еді. Тек қана замандас ғалымдарының және төрт мазһаб имамдарының үкімдерін менсінбеумен қалмай, Абу Бәкір, Омар сияқты ұлы сахабалардың пікірлерін де ұната бермейтін. Мысалы Құранның бір аятын олардың пікірлеріне теріс деп ойлаған кездерінде: «Пайғамбар: **«Мен сендерге Құран мен сүннетімді қалдырдым»** деген. «Құранды, сүннетті, сахаба мен мазһаб ғалымдарын қалдырдым» деп айтпаған.[1] Олай болса, әр мұсылманға мазһаб үкімдеріне, сахаба және ғалымдардың айтқанына қаншалықты теріс келсе де, тек Құран мен сүннетке мойынсұнуы парыз» дейтін.[2]

Абдуррызаның үйіндегі кешкі астан кейінгі отырыста Нәждтік Мұхамед пен Құм қаласынан келген шиит ғалымы Шайх Жауад арасында мынандай тартыс өтті:

Шайх Жауад: «Әлидің мужтаһид екендігін мойындап тұрсаң да неге шииттер сияқты оған бағынбайсың?»

Нәждтік Мұхаммед: «Өйткені Әли, Омардан және басқа сахабалардан артық емес. Оның сөзі дінімізде дәлел-құжат бола алмайды, Исламда тек Құран мен хадис қана дәлел-құжат бола алады. [Дінімізде сахабалардың барлығының сөздері дәлел саналады. Пайғамбарымыз олардың кез-келгеніне еруімізді әмір еткен, олардың әрбірі дәлел демеп пе еді?][3]

Шайх Жауад: «Пайғамбарымыз: «**Мен білімнің қаласы болсам Әли оның есігі»** деп айтқанына қарағанда, Әли мен басқа сахабалардың арасында бір айырмашылық болуы керек емес пе?».

---

[1] Нәждтік Мұхаммед бұл сөзімен сахабалардың жолына бағынуды әмір еткен хадис шәрифтерге [сенбейтіндігін айтуда] қарсы шығуда.

[2] Қазіргі кезде Ислам мемлекеттерінде надан және қиянатшыл екі жүзді кісілер, дін ғалымдарының кейпіне кіріп Әһли сүннет ғалымдарына жала жауып, қарсы шығуда. Сауд Арабиясынан ай сайын алып тұратын ақшаларын ақтау үшін уаххабилікті мадақтап, кеңінен таратуда. Барлығы Нәждтік Мұхаммедтің жоғарыдағы айтқан далбаса сөздерін негіз ретінде ұстанып алған. Негізінде Сахабалардың және Әһли сүннет ғалымдарының, 4 мазһаб имамдарының айтқан сөздері Құран мен хадис шәрифтерге мүлдем қайшы келмейді. Олар Құран кәрім мен хадис шәрифтерге ешқандай өзгеріс енгізбестен тек ашықтаған. Уаххабилер ағылшындар сияқты, жала-өтіріктерімен мұсылмандарды адастырып отыр.

[3] Мұхамед алейһиссаламның жылы шырайлы жүзін көрген мұсылманға «Сахаби» делінеді. Көпше түрі «Асхаб» немесе «Сахаба» болып келеді.

Нәждтік Мұхаммед: «Әлидің сөзі дәлел болғанда пайғамбар «Мен сендерге Құран кәрім, сүннет және Әлиді қалдырдым» деп айтуы керек еді.

Шайх Жауад: «Ия, солай деп айтқан деуге де болады. Бір хадис шәріфте: **«Сендерге Аллаһтың кітабын және әһли бәйтімді [**үй халқым, отбасым**] қалдырып бара жатырмын»** делінген. Ал Әли болса Әһли бәйттің ең үлкені.

Нәждтік Мұхаммед арсыздықпен пайғамбардың ондай хадисін жоққа шығарып, мойындамады.

Шайх Жауад болса, Нәждтік Мұхаммедті тағы қуатты дәлелдермен шарасыз қалдырды.

Нәждтік Мұхаммед: «Сіз пайғамбардың **«Мен сізге Аллаһтың кітабын және әһли бәйтімді қалдырдым»** деген хадисі бар деп қоймай отырсыз. Жарайды, онда пайғамбардың сүннеті қайда кетті?»- деді.

Шайх Жауад: «Пайғамбардың сүннеті – ол Құранның түсіндірмесі ғой. Пайғамбарымыз: **«Мен сізге Аллаһтың кітабын және әһли бәйтімді қалдырдым»** дегенде «Аллаһтың кітабы» сөзімен оны ашықтаушы сүннетті де қамтып айтып кеткен.

Нәждтік Мұхаммед: Әһли бәйттің сөздері Құранның түсіндірмесі болса, онда Құран аяттарына хадистер арқылы түсіндірме берудің не қажеті бар?

Шайх Жауад: «Пайғамбарымыз дүниеден өткенінде оның үмбеті заманның талабына жауап беретін Құран тәфсиріне мұқтаж болды. Осыған байланысты пайғамбарымыз үмбетіне, асыл Құранға және әр заманның талабына жауап беретін, Құранды тәфсир еткен Әһли бәйтке мойынсұнуды әмір еткен.

Екеуінің ортасында өткен бұл тартыс маған қатты ұнады. Нәждтік Мұхаммед кәрі Шайх Жауадтың алдында аңшының қолына түскен торғайдай тыпыр ете алмай қалған еді.

Мұсылман әлемінің арасына іріткі сала алатын, жаңа ағым құрып оған жетекші бола алатын мен іздеген адам осы болатын. Іздеген адамымды ақыры таптым. Өйткені Нәждтік Мұхаммедтің өз замандас ғалымдарын менсінбеушілігі, төрт халифаға құрметсіздігі, Құран мен хадисті түсінуде өз ақылына тым көп сүйенуі-оны алдап қолға түсіру үшін ең әлсіз жерлері болатын. Мына тәкаппар Нәждтік жігіт пен мен Түркияда дәріс алған Ахмет мырзаның арасындағы айырмашық жер мен көктей! Ол кісі сәләф (бұрын өткен) ғалымдары сияқты үлкен тауға ұқсайтын. Ешқандай күш оны орнынан жылжыта алмайтын. Өйткені ол кісі Абу Ханифаның атын тілге алар алдында және **“Бұхари”** атты

хадис кітабын қолына алмастан бұрын тұрып дәрет алатын. Сүнниттер бұл кітапқа қатты құрмет көрсетіп, сенетін.

Ал Нәждтік Мұхаммед болса, Абу Ханифаны менсінбейтін: «Мен Абу Ханифадан да көп білемін»-деп айтатын.[1] Және де **“Бұхари”** кітабындағы хадистердің жартысын өтірік, заиф екенін алға тартатын.[2]

[Хемфердің айтқандарын түрік тіліне аударып жатып мына оқиғаны еске алдым: «Бір лицейде мұғалім едім. Сабақта бір оқушы: «Ұстаз, соғыста өлген мұсылман шәйит бола ма?» деді. Мен «иә» деп жауап бердім. «Ал теңізге батып өлсе ше?». «Иә, шәйит болады, әрі сауабы да көп болады» дедім. «Ал ұшақтан құласа? «Ия, ол кезде де шәйит болады». «Бұл жайында Пайғамбарымыз айтты ма?» деді. «Иә» - деп жауап бердім. Күлкіге булығып: «Ұстаз ол кезде ұшақ болып па? деді. «Балам! Пайғамбарымыздың 99 есімі бар. Әрбір есімі оның әдемі сипаттарын білдіреді. Солардың бірі **“Жами’ул-кәлим”**. Яғни көп нәрсені бір сөзбен білдіруші деген сөз. Пайғамбарымыз бір хадисте: **«Биік жерден құлаған шәһид болады»** деп бұйырған. Бұл жауап оқушыны таң қалдырды. Осы сияқты Құран кәрім және хадис шәрифтерде әртүрлі мағыналарға келетін өте көп сөздер мен үкімдер бар. Сол ұғымдар мен мағыналардың бәрін түсініп, арасынан керегін тауып, таңдауды **“ижтиһад ету”** делінеді. Ижтиһад жасай білу үшін өте білімді ғалым болу керек. Осыған байланысты сүнниттер надандардың ижтиһад жасауына тиым салған. Бұл ижтиһад етуге тиым салынды деген сөз емес. Хижраның 4-ші ғасырынан кейін мужтаһид ғалым жетілмегендігі үшін ижтиһад етілмеді, ижтиһад есігі өздігінен жабылды. Қияметке жақын Иса (алейһиссалам) көктен түседі және Мәһди шығып екеуі ижтиһад етеді.

Пайғамбарымыз (алейһиссалам): **«Менен кейін мұсылмандар жетпіс үш топқа бөлінеді. Олардың тек біреуі ғана жәннатқа кіреді»** деген. «Олар кімдер?» - деп сұралғанда, **«Маған және сахабаларыма мойынсұнғандар»** деген. Бір хадис шәрифте: **«Асхабым көктегі жұлдыздар тәрізді. Қайсысына да ерсеңдер адаспайсыңдар»**, яғни тура жолға, жәннатқа алып баратын жолға жеткізеді деп бұйырған. Абдуллаһ бин Саба есімді Йемендік бір яһуди Исламды іштен бұзу үшін мұсылмандардың арасына сахабаларға деген дұшпандықты жайды. Бұл еврейге алданып, сахабаларға дұшпан болғандарға **“Шиит”** делінді. Хадис шәрифлерге жүгініп, сахабаларды жақсы көрген және оларға ергендерге **“Сүннит”** делінді.]

[1] Қазіргі уақытта да кейбір надан мазһабсыздар осы пікірді ұстанады.
[2] Бұл жағдай оның хадис ғылымынан ешбір хабары жоқтығын көрсетеді.

Мен Нәждтік Мұхаммед бин Абдулуаххабпен жақын достық құрдым. Сеніміне кіру үшін оны көп мақтайтынмын. Бір күні оған: «Сенің дәрежең Омар мен Әлиден де жоғары. Егер де пайғамбарымыз тірі болғанда, оларды емес сені өзіне халифа етіп тағайындаған болар еді. Мен Исламның сенің қолыңда тазарып, өркендейтініне сенемін. Исламды бүкіл әлемге тарататын жалғыз ғалым сенсің» дедім.

Абдулуаххаб ұлы Мұхаммедпен Құранға сахаба мен мазһаб имамдарының және тәпсір ғұламаларының тәпсірлеріне ұқсамайтындай етіп, жаңадан өз пікіріміз бойынша заманауи көріністе тәпсір жазуға бел байладық. Сол мақсатта Құран кәрім оқып, кейбір аяттарды ұзақ талқылайтынбыз. Менің мақсатым Мұхаммедті осы жолмен тұзаққа түсіру болатын. Ол, онсыз да өзін дінді жаңартушы көсем қылып көрсету және менің сенімімді ақтау үшін кез келген жаңа пікірімді зейін салып тыңдауға тырысатын еді.

Бір рет әңгімелесіп отырып, жиһадтың парыз еместігін айттым. **«Аллаһ кәпірлермен соғысыңдар»**[1] деген ғой, неге парыз емес екен?» деді. Мен олай болса, Аллаһ **«Кәпірлер және мунафиқтармен жиһад етіңдер»**[2] дегеніне қарамай неге пайғамбар мунафиқтармен жиһад етпеді? деген сұрақ қойдым. [Пайғамбарымыздың кәпірлермен жиырма жеті рет соғысқандығы жайлы **"Мауахибу ладдунийа"** кітабында жазылған. Пайғамбарымыздың жиһадтарда қолданған қылыштары Стамбулдағы музейде тұр. Мұнафиқтар мұсылман болып көрінетін. Күндіз пайғамбарымыздың мешітінде пайғамбармен бірге намаз оқитын. Пайғамбарымыз мұнафиқтарды білетін. Бірақ ешқайсысына мұнафиқсың деп айтпаған. Олармен соғысып, оларды өлтіргенде: «Мұхаммед өзіне иман еткен үмбетін өлтіріп жатыр» деген қауесет тарайтын еді. Сондықтан пайғамбарымыз мұнафиқтармен сөз арқылы жиһад етті. Өйткені фарз болған жиһад денемен, мүлікпен және сөзбен жасалынады. Жоғарыда келген аят кәпірлермен және мұнафиқтармен жиһад етуді әмір етуде. Бірақ жиһадтың қай түрі жайлы ашық айтылмаған. Пайғамбарымыз кәпірлерге қарсы денемен (соғысу арқылы), ал мұнафиқтарға қарсы уағыз, насихат айту (сөз арқылы) жолымен жиһад етті.]

– Пайғамбар оларға қарсы сөзбен, уағыз, насихат айтумен жиһад етті,- деді. Мен:

– Парыз болған жиһад сөзбен бола ма?- дедім.

– Расулаллаһ кәпірлерге қарсы соғысқан- деп жауап берді.

---

[1] **Тәубе** сүресі, **73**-аят.

[2] **Тәубе** сүресі, **73**-аят.

– Пайғамбарымыздың кәпірлермен жиһад етуі өз-өзін қорғану мақсатымен еді. Өйткені кәпірлер оны өлтірмекші болды,- дедім.

Ол ия дегендей басын изеді. Бірнеше күн өткен соң онымен әңгімелесіп отырып:

– **Мут'а** (уақытша) некесіне рұқсат берілген, – дедім.

– Жоқ, оған пайғамбар тыйым салған. Жаиз емес, - деді.

– Аллаһ: **«Олардан осы шартпен пайдалансаңдар, бекітілген мәһірін* беріңдер»**[1] деп бұйырған емес пе? – дедім.[2]

– Халифа Омар пайғамбардың заманында орын алған екі мут'а некесіне тыйым салған, оны істегенге жаза беретіндігін айтқан. - деді.

– Сен қандай адамсың? Өзің емес пе "мен Омардан да жақсы білемін" деген. Неге енді оның айтқанына бас иіп отырсың? Тіпті Омардың сол кезде "Пайғамбарымыз халал еткен еді, ал мен болсам тыйым салып жатырмын" дегені де бар.[3] Сен неге Құран мен пайғамбардың сөзін бір жаққа ысырып, Омардың сөзін ұстанасың? - дедім.

Ол үндемей қалды. Жауап бермегеніне қарағанда, келісіп отырған еді.

Сол кездері Нәждтік Мұхаммед әлі бойдақ болатын. Жанының әйел қалап жүргені белгілі еді. Бұл пікірталасымыздан туған мүмкіндіктен пайдаланып, оған "Кел, екеуіміз мут'а некесін қиып, уақытша үйленіп алайық" деп ұсыныс жасадым. Басын изеп мақұлдағанын білдірді. Оған өзім әйел тауып берем деп уәде бердім. Мақсатым, оның адамдардан имену, ұялу сезімін жою болатын. Бірақ ол, бұл нәрсенің арамызда сыр болып қалуын және әйелге тіпті оның есімін де айтпауымды шарт етіп қосты. Мен шығаруға мұсылман

---

* **Мәһір** – некелескенде ерінің әйеліне беруі қажет болған келісілген мөлшердегі алтын немесе мүлік.

[1] **Ниса** сүресі, **24**-аят.

[2] Мута некесі, қазіргі некесіз тұрмысқа немесе жезөкшені уақытша пайдалануға ұқсайды. Бұған Шииттер жаиз дейді.

[3] Омар "радиаллаһу анһ" бұндай сөз айтпаған. Ағылшын тыңшысы басқа барлық христиан миссионерлері сияқты хазіреті Омарға дұшпан болғаны үшін, бұл жерде де жала жауып тұр. **"Хужажи қатийа"** есімді кітапта былай делінеді: *«Омар (радиаллаһу анһ) расулаллаһтың мут'а некесіне тиым салғандығын, пайғамбардың тыйым салған нәрсесін ешкімге істетпейтінін айтты. Сахабалардың барлығы халифаның бұл сөзін қолдады, олардың арасында хазіреті Әли де бар болатын».*

жастарын азғыру үшін біздің министірлігіміз тарапынан дайындап қойылған христиан әйелдердің үйіне жүгірдім. Ол жердегі бір қызға жағдайды түсіндіріп, келісіп, өзіңді Сафия деп таныстырасың дедім. Нәждтік Мұхаммедті оның үйіне алып бардым. Екеуінің арасында бір апталық мут'а некесін қидық. Ол Сафияға **мәһір*** ретінде бірнеше алтын берді. Сөйтіп Нәждтік Мұхаммедті Сафия екеуіміз екі жақтан алдап-арбай бастадық. Сафия Нәждтік Мұхаммедті өзіне жақсылап байлап алды. Онсыз да ол исламда ижтиһад ету және пікір еркіндігі деген сылтаулар арқасында шариғат заңын бұзудың дәмін татып үлгерген еді.

Мут'а некесінің үшінші күні онымен ішімдіктің харам еместігі жайлы бірнеше сағат тартыстық. Оның шарапты харамға шығартқан аят, хадистерден айтқан дәлелдерінің бәрін жоққа шығарып, соңында «Йазид, Умайа (Омаяд) және Аббаси халифаларының шарап ішкендігі шындық қой! Олардың барлығы адасып, сен ғана тура жүрсің бе? Олар Құран мен хадисті сенен жақсы білетін еді. Құранмен сүннеттен олар шарап ішудің харам емес, мәкруһ екенін түсінген. Яһуди, христиандардың киелі кітаптарында да шарап ішуді мубах (халал) дейді. Барлық діндер Аллаһу та'аладан келген ғой! Бір риуаятқа қарағанда Омар **«Ал сонда да тиылмайсыңдар ма?»**[1] -деген аят түскенге дейін шарап ішкен. Егерде арақ харам болғанда, пайғамбарымыз оған жаза бермес пе еді? Оны пайғамбарымыз жазаламағандығына қарағанда, арақты халал деп үкім етуге болады» дедім. [Ал негізінде Омар (радиаллаһу анһ) харам етілместен бұрын ішкен. Ішімдіктің харам қылынғаны жайлы аят түскеннен кейін мүлдем ішкен емес. Умайа (Омаяд) және Аббаси халифаларының кейбірінің арақ-шарап ішкен болуы ішімдіктің мәкруһ екенін емес, өздерінің һарам істеген күнаһар болғанын көрсетеді. Ағылшын тыңшысының айтқан аяты, хадистердің барлығы шараптың харам екендігін білдіреді. **"Риядун-насихин"** кітабында былай жазылған: «Бастапқы кезде шарап ішуге тыйым салынбаған еді. Ол кездерде хазіреті Омар, Са'д ибн Уаққас және сахабалардың көпшілігі ішімдік ішетін. Бақара сүресінің 219-аяты түсіп, шараптың үлкен күнә екендігі білдірілді. Кейіннен Ниса сүресінің 43-аяты келіп: **«Әй мұсылмандар! Мас болғанда намазға жақындамаңдар!»** деп бұйрылды. Ең соңында Маида сүресінің 93-аяты түсіп, спиртті ішімдікті түбегейлі харам қылды. Пайғамбарымыздың хадис шәрифтерінде: **«Көбі мас қылған нәрсенің азы да харам»**,

---

* **Мәһір** – некелескенде ерінің әйеліне беруі қажет болған келісілген мөлшердегі алтын немесе мүлік.

[1] **Маида** сүресі, **91**-аят.

«Шарап күнәлардың ең үлкені», **«Шарап ішкенмен достық құрмаңдар! Жаназасына бармаңдар! Одан қыз алып, бермеңдер»**, **«Шарап ішу пұтқа табынумен тең»**, **«Шарап ішкенге, сатқанға, шығарғанға, бергенге Аллаһу та'ала лағнет етсін»** деп бұйырған.]

Нәждтік Мұхаммед: «Кейбір риуаяттар бойынша халифа Омар шарапты сумен араластырып ішкен екен және *"мас қылмайтын болса, харам емес"* деген екен. Омардың көзқарасы дұрыс, өйткені Құран кәрімде: **«Негізінен шайтан, арақпен, құмар арқылы араларыңа дұшпандық әрі кек салып, Аллаһты еске алуды және намаздан тосуды қалайды. Ал сонда да тыйылмайсыңдар ма?»**[1] делінген. Ішімдік мас қылмайынша, аятта айтылған күнәларға жол ашпайды. Сондықтан ішімдікті мас етпейтін молшері харам болмайды»- деді.[2]

Арамызда болған осы ішімдікке қатысты пікірталасты Сафияға айттым және оған өте күшті шарап ішкізуді тапсырдым. Кейінірек ол маған: «Сенің айтқандарыңды орындадым, арақты ішкіздім, мас болып, ойнап-күлді және сол күні менімен бірнеше рет қосылды»- деген еді. Міне, осылайша Сафиямен бірге Нәждтік Мұхаммедті жақсылап шеңгелімізге түсірдік. Министрлікпен қоштасып жатқанымда олар маған: «Біз Испанияны кәпірлерден (мұсылмандарды айтып отыр) шарап және зинақорлық (ашыналық) арқылы алдық. Тағы да осы екі үлкен күшпен басқа да барлық жерлерімізді қайтарып алайық» деген еді. Осыны қалай дұрыс айтқандарына енді көзім жетіп жүр.

Тағы да бір күн Нәждтік Мұхаммедпен отырғанда ораза мәселесін қозғадым: «Құранда: **«Ораза тұтсаңдар, өздерің үшін жақсы болады»**[1] делінген. Парыз екендігі айтылмаған. Олай болса, ораза тұту Исламда сүннет, парыз емес»- дедім. Ол бұл ұсынысыма қарсы келіп: «Мені діннен шығарғың келіп жүр ме?», - деді. Ал мен оған: «Дін - жүректің тазалығы, жанның саулығы және басқаның ақысын жемеу. Пайғамбар: **«Дін - махаббат»** демеген бе еді? Аллаһ та Құран Кәрімде: **«Сенің жүрегіңде яқин (қиямет күніне толық сенім) пайда болғанға дейін Раббыңа ғибадат қыл»**[2] деп бұйырмаған ба еді?»[3] Олай болса,

---

[1] **Маида** сүресі, **91**-аят.

[2] Пайғамбарымыз (алейһиссалам): **«Көп ішкенде мас қылатын нәрсенің мас қылмайтындай аз мөлшері де харам болады»** деп айтқан.

[1] **Бақара** сүресі, **184**-аят.

[2] **Хижр** сүресі, **99**-аят.

[3] Барлық ислам кітаптары мұндағы "яқин" сөзінің "өлім" деген мағынаға келетінін жазған. Бұл аят кәрима: **«Өлгенге дейін Раббыңа ғибадат қыл»** дегенді білдіреді.

адамда Аллаһ пен қиямет күні туралы толық сенім қалыптасып, жүрегі таза, амал-әрекеттері жақсы болған кезде адамдардың ең жақсысы болады» - дедім. Ол бұл сөздеріме «Жоқ, дұрыс емес» дегендей басын шайқады.

Бір рет оған: «Намаз- парыз емес»- дедім. «Қалай парыз емес?»- деді. «Аллаһ Құранда: **«Мені еске алу үшін намаз оқыңдар»**[4] деген. Олай болса, намаз оқудан мақсат Аллаһты еске алу болып шығады. Сондықтан намаз оқудың орнына Аллаһты еске алып қоясалуға да болады.»- деп жауап бердім.

Ол: «Ия, естуімше кейбір адамдар намаз уақыттарында намаз оқудың орнына Аллаһты зікір етіп еске алады екен»[1] - деді. Оның бұл сөздері мені қатты қуантып жіберген еді. Өйткені маған ең қиынға соғуы сөзсіз болған бұл пікірімнің ол жақтан қолдау табуын күтпеген едім. Сол себепті темірді қызуында басу үшін, бұл пікірді әрі қарай қолдап-қуаттап, оның жүрегіне сіңірдім. Осы әңгімемізден кейін намазға онша көңіл бөлмей жүргенін байқадым. Намаздарын кейде оқып, кейде оқымайтын, әсіресе, таңғы намаздарды жіберіп қоятын болды. Өйткені түн ортасына дейін онымен сөйлесіп, ұйықтауына мұрша бермейтін едім. Ал таң ертең әлсіреп, намаз оқуға шамасы болмайтын.

Осылайша Нәждтік Мұхаммедтің иығының иман жейдесін біртебіртте шеше бердім. Бір күні пайғамбар туралы да онымен пікір таласқым келді. «Бұдан былай мұндай тақырыптарда менімен сөйлесетін болсаң, арамыз ашылады және сенімен қатынасымды үземін» деп, шошытты. Оның үстіне, барлық жетістіктерімнен бір-ақ сәтте айырылып қалудан қорқып, пайғамбар туралы сөйлесуден бас тарттым.

Сүнниттік және шииттіктен бөлек өзіне дара бір жол ашуы, жаңа діни ағым құрып кетуі үшін қолымнан келген бар өнерімді салдым. Үнемі оған үлкен ғалым болатынын, мұсылман әлемін күпіршіліктен құтқаратын жалғыз адам өзі болатынын айтып ілтипаттар жасадым. Ол менің бұл пікірлеріме мән беретін. Өйткені мақтаусүйер, көкірек адам

---

[4] **Таһа** сүресі, **14**-аят.

[1] Пайғамбарымыз: **«Намаз - діннің тірегі. Намазын оқыған дін ғимаратын көтерген, ал оқымаған дінін бұзған болады»** және **«Намазды мен оқығандай оқыңдар»** деген. Намазды пайғамбарымыз орындағандай қылып оқымау үлкен күнә болады. Жүректің таза болуының белгісі намазды дұрыс оқу болып табылады.)

еді. Оның аузына жүген салып, тізгінін Софияның көмегімен өз қолыма алдым.

Тағы бірде «Пайғамбар сахабаларын бір – біріне бауыр қылған екен, солай ма?» дедім

- Ия - деді.

- Исламның үкімдері өткінші ме, тұрақты ма?

- Тұрақты. Өйткені пайғамбар Мұхамедтің халал дегендері қиямет күніне дейін адал, харам дегендері қиямет күніне дейін харам болып қала береді.

- «Олай болса, сенімен бауыр болайық» дедім де, онымен «бауыр» болдық.

Сол күннен кейін оның соңынан бір елі қалмадым. Сапарға шыққан кездерінде де бірге болдым. Оның өзіне көп көңіл бөлетін едім. Өйткені жастығымның ең қымбат шақтарын беріп еккен ағашым жемісін бере бастаған еді.

Лондонға, министрлікке ай сайын бір баяндама жіберіп отырдым. Келген жауаптар күш беріп, қуат дарытатындай еді. Нәждтік Мұхаммед біз сызып берген сызықпен жүріп отырды.

Менің міндетім оның санасына тәуелсіздік, егемендік және күмәншілдік ұрығын егу болды. Келешегігінің өте жарқын болатынын айтып, оны көп мақтап отыратын едім.

Бір күні оған мынадай бір түс көрдім деп сендірдім. «Кеше түнде пайғамбарымызды түсімде көрдім. Ұстаздардан естіген пайғамбар сипаттарын да қосып қойдым. Тақта отыр екен, айналасында мен еш танымайтын ғалымдар жиналыпты. Бір уақытта сен кірдің. Жүзің айдай нұр шашып тұр екен. Пайғамбарымыздың қасына барғаныңда ол орнынан тұрып, екі көзіңнің арасын сүйді. Және "Сен менің аттасымсың, менің мұрагерімсің, ғылымымды жалғастырушысың. Дін және дүние істерінде менің өкілімсің" деді. Ал сен: "Уа Расуллуллаһ, мен ілімімді адамдарға жеткізуден қорқамын" дедің. Ол: "Сен ұлы ғұламасың, еш қорықпа" деді.».

Мұхаммед бин Абдулуаххаб осы түсті естігеннен кейін, қуаныштан ұшып кетердей болды. Бірнеше рет күдіктеніп, "Шын айтып тұрсың ба?" деп, менің дұрыс айтып жатқанымды сұрап тексеріп алды. Мен де сұраған сайын Құдайдың атымен ант етемін "Уаллаһи шын!" деп айттым. Сөйтіп көрген түсімнің шын екеніне көзі жетті. Меніңше, ол ұзақ уақыттан бері оның санасына құйып келген пікірлеріммен

уланған бойындағы "Ислам түсінігін" сол күннен кейін халыққа ашып, жаңа бір діни ағым (мазһаб) құруға бел байлады.[1]

---

[1] Стамбул Университетінде Ислам ақидалары пәнінен сабақ беріп жүргенде хижри 1354 (м. 1936) жылы қайтыс болған Бағдаттық Жәмил Сыдқи Захави мырзаның **«әл-Фәджру-үс-садық»** кітабы 1323 (м.1905) жылы Мысырда басылып шыққан, Стамбулда «[Хақиқат кітапүйі» баспасынан қайта шыққан. Бұл кітапта уаххабилер жайлы мынандай мәлімет бар: *«Ағылшындар жоспарлап дайындаған Уаххаби тармағының қате пікірлерін Мұхаммед бин Абдулуаххаб деген кісі 1150 (м. 1737) жылы Нәжд қаласында жариялады. Өзі хижраның 1111 (м. 1699) жылы туылып, 1207 (м. 1792) жылы қайтыс болды. Уаххабилік сенімі Дәриййаның әмірі Мұхаммед бин Сауд тарапынан көптеген мұсылмандардың қаны төгілуі арқылы халық арасына жайылды. Уаххабилер өздерінен басқа мұсылмандарға "мүшрик (дінсіз)" дейді. "Барлық мұсылмандардың қайта қажылық жасаулары керек, алты жүз жылдан бергі барлық бабалары сынды бұлар да кәпір болған" дейді. Олар Уаххаби дінін қабылдамаған мұсылмандарды өлтіре берді. Малдарын талан-тараж етті. Мұхаммед алейһисаламға жаман сөздер айтты. Фиқһ, тәфсир және хадис кітаптарын өртеді. Құран Кәрімді ешбір тафсир кітабымен келіспейтіндей етіп, өз ойларымен қалауларынша өтірік тәпсірлеп алды. Мұсылмандарды алдау үшін Ханбали мазһабында екендіктерін айтты. Алайда Ханбали мазһабының ғалымдарының көпшілігі оларға қарсы тұрды, сенімдерінің қате екендігін көрсететін кітаптар жазды. Уаххабилердің көпшілігі харамдарды халал дегендері үшін және пайғамбарлармен әулиелерді қорлап масқаралағаны үшін кәпір болған. Уаххаби дінінің негізі он тармақтан тұрады:*

1) Аллаһ материалды нәрсе, қолы, жүзі, денесі бар дейді; [Бұл сенімдері христиандардың (үш құдай: әке, ұлы, киелі рұх) сенімдеріне ұқсайды]

2) Құран кәрімге өз түсініктері бойынша мағына береді;

3) Сахабалардың білдірген хабарларын мойындамай жоққа шығарады;

4) Ғалымдардың үкімдерін қабылдамайды;

5) Төрт мазһабтың бірін ұстанғандар кәпір болады дейді;

6) Уаххаби болмаған мұсылмандарды кәпір деп есептейді;

7) Пайғамбардың, әулиенің құрметіне деп оларды ортаға салып, дұға қылғандар кәпір болады дейді;

8) Пайғамбардың және әулиелердің мазарына зияратқа бару харам дейді;

9) Аллаһтан басқаның атымен ант еткендер дінсіз болады дейді;

10) Аллаһтан басқа үшін нәзір қылып, әулиелердің басында мал сойғандар дінсіз болады, дейді. Бұл кітабымда осы он ақиданың (сенімнің) қате екендіктері дәлелдермен сипатталады».

Мұқият қарағанға уаххаби дінінің осы он негізі ағылшын тыңшысы Хэмфердің Нәждтік Мұхаммедтің санасына сіңірген діни көзқарастары екендігі көрінеді.

Ағылшындар христиандықты үгіттеу мақсатында миссионерлерге қолданба кітап ретінде Хэмфердің рапортын жариялады. Мұсылман халықтарды

Бірінші тарау

Бесінші бөлім

Нәждтік Мұхамедпен өте жақын болып кеткен осы бір күндерде шииттердің қатты жақсы көретін, әрі олардың ғылым мен руханият орталығы болып есептелетін Кербала және Наджаф қалаларына баруыма Лонданнан бұйрық келді. Нәждтік Мұхамедпен қатынасымызды үзуге, Басрадан кетуге мәжбүр болдым. Бірақ бұл надан және мінез құлқы бұзылған адамның жаңа бір діни топ құратынына және исламның іштей шіруіне себеп болатынына және осы топтың қате сенімдерін өзім жасап шыққаныма сүйсіне отырып Басрадан шығып кеттім.

Сүнниттердің төртінші, ал шииттердің бірінші халифасы болып саналатын Әли Наджаф қаласында жерленген. Наджафтан бір фарсах, яғни жаяу бір сағаттық жолдағы Куфа қаласы Әлидің халифат орталығы болған. Әли өлтірілгеннен кейін ұлдары Хасан мен Хусейн оны Куфаның сыртындағы, қазіргі Наджаф деп аталатын жерге жерлеген. Кейінірек Наджаф көркейе түсті де, Куфа құлдырай бастады. Шииттердің дін қызметкерлері Наджафқа жиналды. Үйлер, базарлар, медреселер салынды.

Стамбулдағы халифа бұлармен жақсы қарым – қатынаста еді. Өйткені:

1. Ирандағы шиит үкіметі Наджафтағы шииттерді қолдайтын еді. Халифа олардың жұмыстарына араласқанда, екі үкіметтің де арасындағы кикілжіңдер ұлғайып, тіпті соғыстың да болып кетуі мүмкін еді.

2. Наджаф айналасында шииттерді қолдайтын бірнеше қарулы тайпалар бар еді. Қарулары онша қауіпті болмаса да, халифатпен сол рулардың арасында соғыс шығуы мүмкін еді.

3. Наджафтың шииттері Үндістан, Африка және бүкіл дүние жүзіндегі шииттердің ең құрметтілері еді. Халифа оларды мазаласа, әлемдегі барлық шииттер көтерілетін еді.

Пайғамбардың немересі яғни қызы Фатиманың ұлы Хусейн бин Әли Кербалада шәһит болған. Ирак халқы Хусейнді Мәдинадан

алдау үшін ислам ілімдерін бұрмалап, қате және өтірік араластырып жазды. Осы өтірік және жалаларға керекті жауаптарын беріп, жастарды осы ағылшын қулығынан, тұзағынан құтқару үшін бұл кітапты біз де жариялап отырмыз.

өздеріне халифа қылып көтеру үшін шақырған болатын. Ол отбасымен Кербала топырағына келген кезде Ирак халқы өз ойларынан қайтып қалады. Сирияда отырған Омаяд халифасы Язид бин Муавианың бұйрығымен оны ұстауға шығады. Хусейн отбасымен бірге Ирак әскерлеріне қарсы соңғы деміне дейін батырлықпен соғысады. Ирактықтар жеңіске жетеді. Сол күннен кейін шииттер Кербаланы рухани орталық деп қабылдады. Және әр жақтан келіп, сол жерде жиналатын болды. Біздің христиандарда оған ұқсайтын ритуал жоқ.

Кербала қаласы шиит медреселерімен толған шиттердің ордасы. Кербала мен Наджаф тұрғындары бір-бірін қолдап отырады. Осы екі қалаға бару бұйрығын алғаннан кейін Басрадан Бағдатқа, ал ол жерден Эвфрат өзенінің жағасындағы «Хулле» қаласына бардым.

Тигр және Эвфрат өзендері Түркиядан келіп, Иракты жарып өтіп, Басра түбегіне құяды. Ирактың егіншілігі мен экономикасы осы екі өзенге қарап қалған.

Мен Лондонға қайтып келгеннен кейін Министрлікке сәті түскенде Иракқа шарттарымызды қабылдату үшін бұл қос өзеннің ағысын өзгерту туралы план жасау керектігін айттым. Өйткені Иракқа су бармай қалса, біздің қалауларымызды қабылдауға мәжбүр болады. Хулледен Наджафқа Әзірбайжандық саудагер бейнесінде бардым. Шиит дін қызметкерлерімен танысып достық құрдым да, оларды азғыра бастадым. Олардың дәрістеріне қатыстым. Олардың нақты ғылымдарды сүнниттер сияқты көп оқи бермейтінін және адамгершілікте сунниттердегі жақсы қасиеттерге ие емес екендіктерін байқадым. Мысалы:

1. Шииттер Османдық өкіметке жаппай дұшпан еді. Өйткені олар шиит, ал түріктер сүнниттер еді. Олар сүнниттерді кәпір дейтін.

2. Шиит ғалымдары бұрынғы біздің құлдырау кезеңіндегі (орта ғасырлардағы) поптарымыз сияқты өздерін толығымен діни ғылымдарға беріп, дүниелік ілімдерге өте аз көңіл бөлетін еді.

3. Исламның ақиқатынан, қасиетінен, ғылымдағы және техникадағы жетістіктерінен хабарсыз еді.

Мен өз-өзіме: «Шииттер қандай бишара адамдар. Барлық әлем ояу жүргенде, бұлар ұйықтап жүр. Бір күні бір сел келіп оларды алып кетеді» - дедім. Оларды бірнеше рет халифаға қарсы көтеріліс жасауға шақырып көрдім. Өкінішке орай, мені тыңдағандар болмады. Кейбіреулері маған күлетін еді. Мен оларға дүниені төңкеріп жіберіңдер деп үгіттеп отырғандай болып көріндім. Өйткені олар халифатты құлату мүмкін емес қамалдай көретін. Олардың пікірінше, ғасырлар бойы келуі

күтіліп жатқан Мәһди келсе ғана, халифаттан құтылатын күн туатын еді.

Олардың пікірінше, Мәһди Ислам пайғамбарының ұрпағынан болған және хижра бойынша 255 жылы көздерінен ғайып болған он екінші имамдары екен. Ол қазір тірі екен және бір күні шығып, зұлымдық пен әділетсіздікке толған осы дүниені әділетпен толтырады екен.

Таң қаламын! Шииттер қалай ғана осындай далбасаға сенеді екен. Бұл біздің, христиандардың «Иса келіп, дүниені әділетке толтырады» дейтінімізге ұқсайды.

Бірде олардың бірінен сұрадым: «Сіздерге де Ислам пайғамбары күрескендей, зұлымдықпен күресу парыз емес пе?» деп сұрадым. Ол да: «Аллаһ пайғамбарға жәрдем ететін еді. Сондықтан ол зұлымдықты жеңе алды»-деді. «Құранда **«Сіз Аллаһтың дініне жәрдем етсеңіз, Ол да сізге жәрдем етеді»**[1] деп жазылған ғой. Сіздер де шахтарыңыздың зұлымдығына қарсы қылыштарыңызды сілтесеңіздер, Аллаһ сіздерге де жәрдем береді ғой» дедім. Жауап ретінде: «Сен бір саудагерсің, ал бұлар ғылыми тақырыптар, өрең жетпейді»-деді.

Амирул муминин Әлидың Наджафтағы кесенесі қатты сәнделген. Кең ауласы, алтын жалатылған үлкен күмбезі және екі үлкен мұнарасы бар. Күн сайын бұл кесенені көптеген шииттер зиярат етеді. Жамағатпен намаз қылады. Зиярат етушілердің әр қайсысы алдымен оның есігіне еңкейіп, соны сүйеді. Содан соң қабірге сәлем беретін еді. Алдымен, рұқсат алады, содан соң кіретін еді. Мазардың үлкен ауласында дін қызметкерлері мен зиярат етушілерге арналған бірнеше бөлме бар.

Кербалада Әлидың мазарына ұқсайтын екі мазар бар еді. Біріншісі Хусейнге, екіншісі онымен бірге Кербалада шаһид болған бауыры Аббасқа тән. Шииттер Наджафта жасағандарының дәл көшірмесін Кербалада да жасаған еді. Кербаланың климаты Наджафқа қарағанда, әлдеқайда жақсы еді. Айналасында әдемі бақшалар мен ағын сулар бар еді.

Ирак сапарымда жүрегімді қуандырған бір көрініске кез болдым. Кейбір жағдайлар Османдық үкіметінің соңы келіп қалғандығын көрсететін еді. Өйткені Стамбул өкіметі тарапынан тағайындалған әкім надан және залым басшы еді. Өзінің қалауы бойынша әрекет ететін еді.

---

[1] **Мұхаммед** сүресі, **7**-аят. Аллаһу та’аланың дініне жәрдем беру шариғатқа бағыну және оны жаюға тырысу дегенді білдіреді. Ал үкіметке қарсы келу – дінді бұзу деген сөз.

Халық оған разы емес еді. Сүнниттер өздерінің бостандықтарына қысым жасағаны және қадірлемегені үшін, ал шииттер өз араларында әкімдікке лайық пайғамбар ұрпағынан келетін сейіттер мен шәріптер бола тұра, түрік әкімі тарапынан басқарылып жатқандығынан наразы еді.

Шииттедің тұрмыстары өте нашар болатын. Олар күл-қоқыс пен бүлінділердің арасында өмір сүріп жүре беретін. Жолдар сенімсіз болатын. Қарақшылар үнемі керуендерді аңдып отыратын. Қастарында әскер болмаған жағдайда бірден шабуыл жасайтын еді. Сол үшін өкімет олармен бірге қорғаушы әскер жібермегенге дейін жолаушылар сапарға шықпайтын.

Шиит руларының арасында ұрыс-керіс көп болатын еді. Күнде бірін бірі өлтіріп, мүліктерін талап жататын. Надандық жан түршігерліктей дәрежеде жайылып кеткен еді. Шииттердің бұл халі шіркеудің Европаны жаулап алған кездерін есіме салатын еді. Наджаф және Кербаладағы дін адамдары мен оларға бағынышты аз ғана адамды есептемегенде әр мың шииттен бір сауатты шықпайтын еді.

Экономикалық өмір әбден құлдыраған, адамдар кедейлік ішінде титықтап жүр еді. Мемлекеттік жүйе де жөндеп болмайтын жағдайға жеткен еді. Шииттер мемлекетке қиянат жасауды әдетке айналтырған еді.

Билік пен халық бір-біріне күмәнмен қарайтын. Сондықтан араларында өзара жәрдемдесу болмайтын. Шиит молдалары өмірлерін тек сүнниттерді жамандауға ғана арнаған, дүние ғылымдарымен айналысуды мүлдем жинастырып қойған еді.

Кербала және Наджаф қалаларында төрт айдай болдым. Наджафта өте ауыр бір ауруға душар болдым. Тіпті өзімнен үмітімді де үздім. Үш апта ауырдым. Бір дәрігерге бардым. Маған кейбір дәрілерді жазып берді. Дәрі-дәрмекті ішіп, біршама дұрыстала бастадым. Ауырып жүргенімде жертөледе орналасқан бір үйде тұрдым. Пәтер иесі менің денсаулығымның нашар болғанынан аз ғана ақшаға ас даярлап беріп, дәрілер алып келіп беретін еді. Содан сауап күтетін. Өйткені мен оған өзімді амирул-муминин Әлиды зиярет етушімін деп таныстырған едім. Ауруымның алғашқы күндерінде дәрігер тек тауық сорпасын ішуге рұқсат берген. Кейін етін жей де бастадым. Үшінші аптада күріш сорпасын да іштім. Тәуір болғаннан кейін Бағдатқа кеттім. Наджаф, Хулле, Бағдат және жолдағы көрген-білгендеріме қатысты жүз беттік рапорт дайындадым. Оны Ұлы Британия Колониялар (Отарлау) министрлігінің Бағдаттағы өкіліне тапсырдым. Иракта қалатыным немесе Лондонға қайтатыным туралы Министрліктен бұйрық күттім.

Лондонға қайтқым келген еді. Өйткені ұзақ уақыттан бері іс сапарда едім. Отаным мен отбасымды қатты сағынған едім. Әсіресе, менен кейін дүниеге көзін ашқан ұлым Распутинді көргім келді. Соған байланысты рапортыммен бірге министрліктен қысқа мерзімге болса да Лондонға қайтуға рұқсат сұрадым. Үш жылдық Ирак сапарым туралы жиған-терген мәліметтерімді басшыларға бетпебет баяндағым және біраз дем алғым келді.

Министрліктің Бағдаттағы өкілі ешкім күмәнданбасын деп оған көп бара бермеуімді, Тигр өзенінің бойындағы керуенсарайлардың бірінен бір бөлме жалдап сонда тұруымды ұсынды және "Почта келген кезде министрліктің жауабын саған өзім білдіремін"- деді. Мен Бағдатта болғанымда Халифаттың орталығы Стамбул мен Бағдат арасындағы рухани алшақтықты байқадым.

Басрадан Кербала және Наджафқа кетерімде Нәждтік Мұхаммед өзіне көрсеткен жолымнан тайып кетпесе деп уайымдайтын едім. Өйткені ол өте құбылмалы, және ашушаң адам еді. Оны өз мақсатамыз жолында қайта тәрбилеп, санасына сіңірген барлық амалдарымыздың зая кететіндігінен қорқатын едім.

Онымен қоштасарда ол Стамбулға баруды жоспарлап жүрген еді. Бұл райынан қайтару үшін оған көп насихаттар айттым. «Стамбулда оларға ұнамайтын бір сөз айтып қойсаң, сені күпірлікте айыптап, өлім жазасына кесіп жібере ме деп қорқамын» дедім. Негізгі мақсатым басқа еді. Егер мына дүмше Стамбулға барса, оны ол жақта кез келген мешіттің имамы сөзінен ұстап алуы мүмкін еді. Оның бұзық сеніміндерін түзулеп, Әһли сүннет жолына қайтаратын кәміл ғалымдармен жолығуынан және бүкіл еңбектерімнің зая болуынан қорқатын едім. Өйткені Стамбулда ілім және Исламның көркем мінезі бар еді.

Нәждтік Мұхаммедтің Басрада қалуды қаламай тұрғанын түсініп, оған Исфаһан және Шираზға баруды ұсындым. Өйткені бұл екі қала өте шырайлы, халқы да шииттер еді. Шииттердің Нәждтік Мұхаммедке әсер ету ықтималы жоқ болатын. Өйткені шииттерде ілім мен ахлақ жетіспейді. Осылайша оның көрсеткен жолымнан тайып кетпесін қамтамасыз еттім.

Одан айырыларда оған: «Тақийа[1]ға сенесің бе?» -дедім.

---

[1] **Тақийа** - өз сенімін, мақсатын жасыру; екіжүзділік.

Ағылшындардың қатыгездігі

- Ия, сенемін. Өйткені сахабалардың бірі мүшриктер зұлымдық жасап, ата-анасын өлтірген кезде тақийа жасап, ширкті тіліне алған болатын. Бұған қарсы оған пайғамбар да ештеңе айтпаған.

- Шииттердің арасында тақийа (екіжүзділік) жасап, сүннит екендігіңді жасыр, әйтпесе олар саған зиян келтіруі мүмкін. Олардың мемлекеттерінен және ғұламаларынан пайдалан! Олардың әдет-ғұрыптары мен діни ұстанымдарын біліп ал! Өйткені олар надан және өр кеуде адамдар.

Ол жерден кетерде зекет ретінде біраз ақша бердім. Зекет мұқтаждарға тарату үшін жиналатын Ислами бір алым. Одан бөлек, мінуіне бір ат алып, оған сыйладым.

Екеуіміз екі жақа кеткеннен кейін онымен байланысым үзілді. Соған өте қамықтым. Екеуміз де Басраға қайтып оралатын болып айырылдық. «Кім бірінші келіп досын таба алмаса, бір хат жазып, Абдурризаға тастап кетсін», - деп келістік.

---

1) “Түркия” газетінің 2 шілде 1995 жылғы күнтізбе бетінде кедей мемлекеттерден жас нәрестелерді ұрлап, олардың ағзаларын сатумен айналысатын бір топтың ұсталғандығы жазылады. Бразилиялықтардың айтуынша Кэмбридж қаласында халықаралық нәрестелердің ағзасын сату орталығы әшкерленген. Кейбір ағылшын ауруханаларының қымбат бағаға осы ағзаларды сатып алғандығы тіркелген.

2) 4 шілде 1995 жылы шыққан “Түркия” газетінде химиядан докторантураға мұсылман елдерінен Ұлыбританияға оқуға барған 60-тан көп студенттердің әдейі кедейлер тұратын Нью Кастл қаласына орналастырылғаны жазылған.

Студент Мұстафа Арсланұлы, кеш бата үйіне кетіп бара жатқан жолда оны көшеде орналасқан шіркеуден екі ағылшын жігіті шығып, оны ағаш тақтайлармен төбелей кетеді. Үстіне бензин төгіп шырпы жағарда, Аллаһтың жәрдемі болар шырпы тұтанбайды. Бұл жағдайды үйнің балконынан көріп тұрған қыз полицияға хабар береді. Ислам дұшпандары болған бұл жігіттер шіркеуге кіріп жасырынады.

3) Дәл осы газетте; «Боснияда жарақаттан, аштықтан күніге жүздеген мұсылман көз жұмып жатыр. Аштықтан жылаған балаларының дауысын естімес үшін ата-аналар көше кезіп жүр. Ислам елдерінен жіберілген азық және басқа көмектерді Сербтер алуда. Ағылшындардың басқаруындағы Біріккен Ұлттар әскерлері сербтер пайдасына тыңшылық қылып жатыр. БҰ әскерлерімен европалық туристтер мұсылмандар қырылып жатқанда әскери базаларда шарап ішіп тойлап жатыр. Боснядағы мұсылман геноцидің ағылшындар пландады. Бұл жоспарды іске асыру 1988 жылы Косовада басталды. Милошевич деген қатыгез бұл жоспарға негізгі актер ретінде таңдап алынды. Ағылшындар әр сәтте сербтерді “Қорықпаңдар, арттарында біз бармыз.” - деп қолдап тұр». делінген.

Бірінші тарау

Алтыншы бөлім

Біршама уақыт Бағдатта тұрдым. Кейін Лондонға қайтуға бұйрық келді. Лондонда секретарь және министрліктің кейбір қызметкерлеріне жолықтым. Оларға ұзақ сапарымдағы атқарған міндеттеріммен көрген-білгендерімді айтып бердім. Иракқа қатысты мәліметтерім оларға қатты ұнады және өз қуаныштарын білдірді. Бұрын жолдаған рапортымды да көрген екен. Сафия да менің жазғандарымды қуаттайтындай рапорт жіберіпті. Оның үстіне, әр сапарымда министрліктің адамдары мені аңдып жүрген екен. Олар да менің баяндамама және секретарьға айтқандарыма сәйкес бір рапорт жазып жіберген екен.

Секретарь министрмен көрісуіме рұқсат берді. Министрге кіргенімде, мені Стамбулдан қайтқан кездегі кездесуден ерекше қарсы алды. Жүрегінен сенімді бір орын алғанымды түсіндім.

Министр Нәждтік Мұхаммедті қолға түсіргеніме қатты қуанды.

- Ол министрліктің іздеген бір қаруы еді. Оған кез келген уәдені бере бер. Барлық уақытың соны қолға түсіру үшін ғана кеткен болса да, ол өте үлкен жетістік.

- Нәждтік Мұхаммед үшін қатты уайымдап жүрмін. Хабарласпағанымызға көп болды. Пікірінен айнып қалуы мүмкін.

- Алаң болма. Оған үйреткен пікірлеріңнен әлі қайтпаған. Исфаһанда министрлігіміздің тыңшылары онымен кездесіпті және министрлікке оның пікірлерінің айнымағанын хабарлапты.

Өз-өзіме: «Нәждтік Мұхаммед өз сырын қалайша басқаларға айтуы мүмкін?» деп таңданып қалдым. Мұны министрден сұрауға бата алмадым. Бірақ кейін Нәждтік Мұхаммедпен көріскенімде, Исфаһанда Абдулкәрім деген бір кісі оған жолыққан және «Мен шейх Мұхаммедтің (мені айтып отыр) бауырымын. Сіз туралы не білсе, барлығын маған айтқан» деп алдап, Нәждтік Мұхаммедтің бар сырын біліп алыпты.

Нәждтік Мұхаммед маған: «Сафия менімен бірге Исфаһанға барып, тағы екі ай ақылы уақытша некемен өмір сүрдік. Абдулкәрім де менімен бірге Ширазға барды және Сафиядан да әдемірек, тартымдырақ Асия есімді тағы бір әйелді тауып берді. Ол әйелмен де мут’а (уақытша) некемен өмірімнің ең рахат сәттерін өткіздім»-деді.

Кейін білгенім, Абдулкәрім – Исфаһан маңайындағы Желфа деген жерде тұратын, Исфаһанды бақылайтын біздің министрліктің христиан агенті екен. Ал Асия деген әйел болса, өзі Шираздың

еврейлерінен, біздің министрліктің тыңшысы екен. Абдулкәрім, Сафия, Асия деген мұсылман аттарын жамылған агенттермен бірге төртеуміз Нәждтік Мұхаммедті келешекте өзінен талап ететін нәрселерді өте жақсы атқара алатындай дәрежеде тәрбиеледік.

Мен жағдайларды Министрге секретарь және мен танымайтын екі кісінің көзінше айтып бергенде, Министр маған: «Сен министрліктің ең үлкен медаліне лайықты болдың. Өйткені сен министрліктің ең маңызды мүшелерінің арасында бірінші орынды иелендің. Хатшы сенің қызметіңе жәрдемші болатын кейбір мемлекеттік құпияларды айтады»,- деді.

Кейін отбасыммен жолығу үшін маған он күндік рұқсат берді. Бірден үйге тарттым. Маған ұқсайтын ұлыммен өмірімдегі ең тәтті кезеңдерді өткіздім. Ұлым кейбір сөздерді айтып қалыпты және сондай бір сүйкімді жүрісі бар екен. Ол тәй-тәй басып жүргенде менің денемнің бір бөлшегі жүріп бара жатқандай болды. Бұл он күндік уақытым өте қызықты және қуанышты өтті. Қуаныштан төбем көкке жетті. Отаныма және отбасыма қауышудан көптеген әсер алдым. Бұл он күндік демалыста мені қатты жақсы көретін кәрі әпкемнің үйіне де бардым. Оған барғаным өте жақсы болыпты. Өйткені мен үшінші сапарға кеткенімде ол өмірден қайтқан болатын.

Бұл он күндік уақыттың қалай зымырап өткенін байқамадым. Мұндай қуанышты күндер бір сағаттай өте шыққанда, қайғылы күндер адамға ғасырлардай болып кетеді. Наджафтағы ауырған күндерім есіме түсті. Сол мұңды күндер маған жылдарға созылғандай болып көрінген еді.

Министрлікке жаңа бұйрықтарды алу үшін барғанымда күлімдеген жүзді, ұзын бойлы секретарьды көрдім. Ол қолымды қатты қысқанында, одан оның маған деген құрметі сезілгендей болды.

Маған: «Министріміздің және отаршылық коллегиясының шешімімен саған екі маңызды мемлекет құпиясын айтамын, келешекте ол екі сыр саған көп пайдасын тигізеді. Бұл екі сырды толық сенімге кірген бірнеше кісіден басқа ешкім де білмейді»,- деді.

Қолымнан жетектеп, Министрліктің бір бөлмесіне алып барды. Бұл бөлмеде ғажайып нәрселерді көрдім: Дөңгелек үстелдің айналасында он адам отырған еді. Олардың біріншісі Османлы падишаһының кейпінде, өзі түрікше және ағылшынша білетін. Екіншісі Стамбулдағы Шайхул Исламның бейнесінде еді. Үшіншісі Иран шахының бейнесінде, төртіншісі Иран сарайындағы уәзірдің бейнесінде, бесіншісі шииттер бағынатын Наджафтағы ең үлкен ғалымның бейнесінде болатын. Соңғы үш кісі парсы тілі мен ағылшын

тілін жақсы білетін еді. Бұл адамдардың әрқайсының қасында олардың айтқандарын жазып отыратын хатшылары бар. Бұл хатшылар әрі бұл кісілерге тыңшылардың Стамбул, Иран және Наджафтағы олардың негіздері болған бес кісі туралы жинаған мәліметтерді білдіріп отырады екен.

Секретарь: «Мына көріп тұрған бес кісі сол жақтағы бес кісінің үлгілері. Дұшпанымыздың биліктегі адамдарының не ойлағандарын жақсы түсіну үшін мына үлгілерін солардың дәл өздері сияқты етіп тәрбиеледік. Біз Стамбул, Таһран және Наджафтағыларға қатысты қолға түскен материалдарды бұларға білдіріп отырамыз. Бұлар да өздерін сол жақтағылардың орнындамын деп сезінеді. Біз олардан сұраймыз, олар жауаптап отырады. Біздің бақылауымызша, мұндағылардың жауаптары ол кісілердің жауабына жетпіс пайыз сай келеді.

Қаласаң тексеру мақсатында бір-екі нәрсе сұрап көрсең болады. Қалай болғанда да бұрын Наджаф ғалымымен көріскен едің ғой»,-деді.

Мен де «жарайды» деп келістім. Өйткені бұрын Наджафтағы шииттердің ең үлкен ғалымымен жолығып, одан кейбір мәселелерді сұраған едім. Соған ұқсайтынының қасына барып: «Ұстаз, сүннит болғандығы үшін үкіметке қарсы қолға қару ауымызға бола ма?» деп сұрадым. Біраз ойланып барып: «Жоқ, сүннит болғаны үшін өкіметке қарсы келу дұрыс емес. Өйткені барлық мұсылмандар бауырлар. Тек қана үмбетке зұлымдық және жамандық жасаса, онда оған қарсы соғыса аламыз. Біз бұл әркетті, жақсылыққа шақыру, жамандықтан тыю (әмру бил маъруф уәнәһи анил мункар) шарттарына сай болатындай етіп жасаймыз. Ал зұлымдықты қойған кезде біз де соғысуды тоқтатамыз»,-деді.

Мен: «Ұстаз, яһудимен христиандардың нәжіс (лас) екендігіне қатысты пікіріңізді білдіре аласыз ба?»-дедім.

- Ия, олардың нәжіс екендіктері рас. Олардан алыс тұру керек.

- Неге? - деп сұрадым.

- Бұл олардың балағаттауларына қарсы өш алу болып табылады. Өйткені олар бізді кәпір деп, пайғамбарымыз Мұхаммед (алейһиссалам)ды өтірікші деп балағаттайды. Осыған қарсы кектенеміз.

- Ұстаз, тазалық иманнан емес пе? Олай болса, неге хазреті Әлидің мазарының айналасы, көшелер таза емес? Тіпті медреселерін де таза деуге болмайды.

- Ия, шынында да, тазалық – иманнан. Бірақ, шииттер тазалыққа көңіл бөлмегеннен кейін осылай болады.

Министрліктегі бұл кісінің жауаптары Наджафтағы шиит ғалымының жауаптарына дәлме дәл сай келді. Бұл кісінің Наджафтағы

ғалымға осыншама ұқсауы мені таң қалдырды. Оның үстіне ол парсы тілін де жетік біледі екен.

Секретарь: «Егер сен қалған төрт кісінің өздерімен де таныс болғанында, олармен де сөйлесіп, олардың да қаншалықты ұқсайтынын көрер едің»,- деді.

Мен: «Шайхул-Исламның да қалай ойлайтынын білемін. Менің Стамбулдағы мұғалімім Ахмед мырза Шайхул-Исламды маған жақсылап түсіндіріп сипаттаған»,-дедім.

Секретарь: «Олай болса, көріңіз, оның да пікірін алуыңызға болады»,-деді.

Шайхул-Исламның «көшірмесінің» қасына бардым да: «Халифаға бағыну парыз ба?» деп сұрадым.

- Ия, уәжіп. Аллаһқа және Пайғамбарына бағыну парыз болғаны сияқты бұл да уәжіп.

- Дәлеліңіз қандай?

- Аллаһу та’аланың мына аятын естімеген бе едің: **«Аллаһқа, пайғамбарына және араңыздан шыққан әміршіге бағыныңдар».**[1]

- Сонда Аллаһ бізге, әскеріне Мәдинаны тонауды халал қылған және пайғамбарымыздың немересі Хусейнді өлтірткен халифа Йазидке және арақ ішкен Уалидке бағынуды бұйырған ғой, солай ма?

- Балам, Йазид Аллаһ тарапынан әмирул-муминин еді. Хусейнді өлтіруге бұйырмаған. Сен шииттердің өтірігіне сенбе! Кітаптарды мұқият оқы. Қате еткеннен кейін тәуба қылды. Мәдинаны тонауды адал етуін дұрыс шешім дейміз. Өйткені Мәдина халқы азғырып, бағынбай қойған болатын. Уалидке келсек, ия, ол бұзақы еді. Халифаның әр ісіне еліктеу уәжіп емес, оның шариғатқа сай бұйрықтарына бағыну уәжіп болып табылады.

Дәл осы сұрақты кезінде ұстазым Ахмед мырзадан да сұрағанмын, одан жоғарыдағы жауапқа ұқсас жауап алған едім.

Кейін секретардан: «Бұл ұқсас адамдарды дайындаудағы мақсатыңыз не?»- деп сұрадым.

- Біз бұл арқылы сұлтанның және шиит болсын, сүннит болсын, мұсылман ғалымдарының ойлау, пікірлеу тәрізін, қабілеттерін білуге тырысып жатырмыз. Саяси және діни тақырыптарда оларға қарсы күресте септігін тигізетін ең тиімді әдістерді табуға тырысудамыз. Мысалы, дұшпан әскерлерінің қай жақтан келетінін білсең, дайындығыңды да соған қарап жасап, әскеріңді қажетті

[1] **Ниса** сүресі, **59**-аят.

жерлерге орналастырасың да, жауыңды тас-талқан етесің. Ал олардың қай жақтан келетінін болжай алмасаң, әскерді жан-жаққа кездейсоқ орналастырсаң жеңіліс табасың. Дәл сол сияқты егер мұсылмандардың өз діндерімен мазһабтарының ақиқаттығы жайлы айтатын дәлелдерін алдын-ала білетін болсаң, оны жоятындай қарсы дәлелдер дайындау мүмкін болады. Сол қарсы дәлелдермен олардың сенім, ақидаларын бұза аласың.

Содан кейін секретарь маған аталған бес «үлгі адамдардың» әскери, қаржылық, мәдени және діни салалардағы ой-талқыларынан құрастырылған пікірлер мен жоспарлардың тұжырымдарынан тұратын мың парақтық кітап берді. «Оқып болғаннан кейін қайтарасың» - деді. Кітапты алып, үйге кеттім. Үш апталық демалысымда басынан соңына дейін мұқият қарап шықтым.

Кітап таң қалдырарлықтай. Ішіндегі маңызды жауаптар мен пікірталастар дұрыс сияқты. Менің ойымша, мұсылмандардың сұлтанымен ғалымдарын аңдып жүріп жинаған мәліметтермен министрлікте жасалған мына бес үлгі кісінің жауаптары да, ойлау тәрізі де олардың негіздерінің жауаптарына жетпіс пайыздан көбірек сай келетіндей көрінді. Секретарь онсыз да жауаптардың жетпіс пайызы сәйкес келетіндігін басында айтқан еді.

Кітапты оқығаннан кейін мемлекетіме деген сенімім арта түсті және Осман империясының бір ғасырдан аз уақыттың ішінде құлауының жоспары жасалғанын түсіндім. Секретарь маған: «Басқа бөлмелерде қазір отарлап жатқан немесе отарлауды жоспарлап отырған мемлекеттердің билігіндегілер үшін де дәл осындай құрылым бар»- деді.

Секретарға: «Осыншама талапты, жігерлі адамдарды қайдан тауып жүрсіздер?» - дедім.

- Бүкіл дүние жүзіндегі агенттеріміз бізге үнемі мәлімет беріп отырады. Сен көрген бұл ұқсастырылған үлгі кісілер өз жұмыстарының шеберлері. Әрине, сен де кез-келген бір адамның бойындағы, санасындағы бүкіл жеке мәліметтерге қол жеткізіп, өзіңе сіңіре алсаң, дәл сол адам сияқты ойланып, сол сияқты шешім қабылдайтын боласың. Өйткені сен оның үлгісіне айналасың.

Секретарь сөзін жалғастырып: «Бұл министрлігіміз саған айтуды бұйырған бірінші сыр! Ал екінші сырды бір айдан кейін, мың парақтық кітапты талдап болғаннан кейін айтамын»- деді.

Мен кітапты басынан соңына дейін асықпай, бөлім-бөлімін ұғынып оқыдым. Сол кітап арқылы жалпы Мұхаммедилерге (Ислам үмбетіне) қатысты мағлұматым артты. Олардың қалай ойлайтынын,

олардың әлсіз тұстарын, күшті тұстарын, әсіресе, күшті тұстарын әлсірету жолдарын жақсылап үйрендім. Кітапта жазылған мұсылмандардың әлсіз тұстары мыналар:

1. Сүннит-шиит қақтығысы, Патша мен халық алауыздығы,[1] түрік-иран қарсыластығы, тайпалар арасындағы алауыздық, ғалымдармен өкімет арасындағы қарсыластық[2].

2. Азын-аулақ адамдарды есептемегенде, мұсылмандардың көбісі надан.[3]

3. Руханиятсыздық індеті, сауатсыздық және санасыздық.[4]

4. Дүние өмірін толығымен тастап, тек қана ахырет істерімен шұғылдану.[5]

5. Өкімет басындағы билеушілердің диктатор және залым болулары.[6]

---

[1] Бұл сөздің қате екендігі белгілі, өйткені патшаға бағыну парыз екендігін жоғарыда өзі де жазған.

[2] Бұл да жала. Османлы мемлекетінің ғалымдарға көрсеткен құрмет пен сенім Осман Ғазиның өсиетінде толық қамтылып, барлық патшалар ғалымдарға ең үлкен лауазымдарды берген. Мәуләна Халид Бағдади хазретті көре алмайтын дүшпандары патшаға шағымданып, өлтірілуін талап еткендерінде, патша екінші Махмут хан «Ғалымдардан мемлекетке зиян тимейді» деп талаптарын орындамағаны тарихтан белгілі. Османлы сұлтандары ғалымдарға үй, азық және көп айлық беретін.

[3] Мыңдаған Османлы ғұламасының дін, адамгершілік, иман және жаратылыстану пәндері салаларында жазған кітаптарын бүкіл әлем біледі. Ең сауатсыз болып саналған ауылдықтар діндері мен ғибадаттарын және өнерлерін жақсы білетін. Барлық ауылдарда мектептер, мешіттер, медреселер болған. Мұнда оқу, жазу, дін мен дүние ғылымдары үйретілетін. Ауылдық әйелдер Құран кәрім оқитын еді. Ауылдардан жетіліп шыққан ғалымдар мен әулиелер өте көп болған.

[4] Османлы мұсылмандарының руханияты өте қуатты болған. Халық шәһидтік дәрежесіне жету үшін жихадқа асығатын. Әр намаздың және жұманың хұтбаларында дін қызметкерлері халифаларға, мемлекетке дұға етіп, жамағаттар «әмин» дейтін. Ал христиан ауылдарындағылар оқу, жазуды білмейтін, діннен, дүниеден хабарсыз, поптардың өтіріктерін, аңыздарын дін деп санайтын еді. Санасыз хайуандай өмір сүретін еді.

[5] Ислам діні христиандық сияқты дін мен дүниені ажыратпайды. Исламда дүние істерімен шұғылдану да ғибадат болып саналады. Пайғамбарымыз: **«Дүние жұмыстарын ешқашан өлмейтіндей етіп, ал ахырет жұмыстарын ертең өлетіндей етіп істеңдер»** деген. Інжілде болса, дүние жұмыстары үшін еңбектенуге тыйым салынған.

6. Жолдардың сенімсіз, тасымалдау және саяхат жасаудың қауіпті болуы.[7]

7. Жыл сайын он мыңдаған адамның өліміне себеп болатын оба, холера сияқты жұқпалы ауруларға қарсы шарасыздық, ден саулыққа аса мән берілмеуі.[8]

8. Қалалардың құлдырауы, су құбырларының жоқтығы. [9]

9. Өкіметтің бұзақыларға, көтерілісшілерге қарсы шара қолдана алмауы, жұмыссыздық және өздері қатты мақтан тұтатын Құран шариғатының үкімдерін өмірде өте аз қолданулары.[10]

10. Экономикалық құлдырау, кедейлік.

11. Жүйелі әскердің болмауы, қарудың жетіспеушілігі, қолдағы қару-жарақтың ескі болуы.[11]

12. Әйел құқығының аяқ асты етілуі.[12]

13. Аула мен айнала тазалығы және гигиенаның жоқтығы.[13]

---

[6] Басшылар исламдың үкімдерін орындаулары үшін халықты мәжбүрлейтін еді. Европадағы корольдер сияқты зұлымдық жасамайтын.

[7] Жолдардың сенімді болғаны сонша, Боснядан шыққан бір мұсылман Меккеге дейін рахаттана, тегін баратын, жолда ауылдарда ішіп-жеп, қонып, сый-сяпат көретін.

[8] Әр қалада ауруханалар мен емханалар болған. Тіпті Наполеондың өзін де Османлылар емдеген. Барлық мұсылмандар **«Тазалық - иманнан»** деген хадиске сүйенетін.

[9] Бұл жала жауап беруге де тұрмайды. Мысалыға Үндістандағы Бабыр Ислам мемлекетінің Дели сұлтаны Фируз шахты алайық. Ол х.790 (м. 1388) жылы қайтыс болды. Оның жасатқан 240 км-лік кең су арнасы суарған бақшалар, баулар, гүлстандар ағылшын шапқыншылығы кезінде шөлге айналып кетті. Ал Османлы Ислам мемлекетінің сәулет өнерінен бүгінге дейін сақталып қалған қамал қабырғаларының дуалдарының өзі-ақ туристерді таң қалдыруға жетіп тұр.

[10] Олар Османдықтарды француз корольдерінің тезектерін Сена өзеніне төгуді бұйырған француз генералдарының медальмен марапатталғанындай деп ойлайды-ау.

[11] х.726 (м.1326) жылы Османлы тағына отырған Орхан Ғази құрған арнайы жасақталған армияның және Йылдырым Баязид ханның х.799 (м.1399) жылы Никополда үлкен крест жорығын талқан қылған керемет армиясын білмейді ме?

[12] Ағылшындардың саудадан, өнерден, қару-жарақтан және әйел құқықтарынан хабары жоқ кезде Османдықтарда бұлардың ең кереметтері бар еді. Швеция және Француз корольдерінің Османдықтардан жалынып жәрдем сұрағанын да мойындамас па екен мыналар?!

[13] Көшелер өте таза еді. Тіпті қалада түкіріктерді де тазалап жүретін қызметшілер бар еді.

«Мұсылмандардың әлсіз тұстары» деп жоғарыда жазылған мәліметтерден кейін кітапта мұсылмандарды Исламның материалды және рухани үстемдігінен ажыратып, надан қылып қалдыру керектігін ұсынған. Сонымен қатар кітапта Ислам туралы мынадай деректерге де орын берілген:

1. Ислам бірлік пен ынтымақтастықты бұйырып, алауыздыққа тыйым салады. Құранда: **«Аллаһтың жібінен ұстаңдар да, ажырамаңдар»**[14] деп бұйырылған.

2. Ислам тәжірибе жинауды және сананы жетілдіруді бұйырады. Құранда: **«Жер жүзін аралаңдар»**[15] делінген.

3. Ислам білім алуды бұйырады. Бір хадисте: **«Білім алу әрбір еркекке және әрбір әйелге парыз»** делінген.

4. Ислам дүниелік үшін еңбек етуге бұйырады. Құранда: **«Олардың кейбіреулері: йа Раббым, бізге дүниеде де, ахыретте де жақсылық бере гөр деп сұрайды»**[16] делінеді.

5. Ислам ақылдасуды бұйырады. Құранда: **«Олар араларында ақылдасып жұмыс істейді»**[17] делінген.

6. Ислам жолдар салуды бұйырады. Құранда: **«Жер жүзінде жүріңдер»**[18] делінген.

7. Ислам мұсылмандарға денсаулықтарына мән беруді бұйырады. Бір хадисте: **«Ғылым төртке бөлінеді: 1. Дінін сақтау үшін фиқһ ғылымы. 2. Денсаулығын сақтау үшін медицина ғылымы, 3. Тілін сақтау үшін морфология мен синтаксис ғылымдары. 4. Уақытты білу үшін астрономия ғылымы»** деп айтылған.

8. Ислам қалаларды абаттандыруды, көркейтуді бұйырады. Құранда: **«Аллаһ жер бетіндегі барлық нәрсені сендер үшін жаратқан»**[19] делінген.

9. Ислам тәртіп пен жүелілікке шақырады. Құранда: **«Барлық нәрсе мәлім мөлшерде тәртіпті, әрі есепті»**[20] делінген.

10. Ислам экономикада күшті болуға шақырады. Бір хадисте былай делінеді: **«Дүниелік тірліктеріңді еш өлмейтіндей етіп, ал ахиретіңе керек болған істеріңді ертең өлетіндей етіп жаса».**

---

[14] **Али Имран** сүресі, **103**-аят.
[15] **Али Имран** сүресі, **137**-аят.
[16] **Бақара** сүресі, **201**-аят.
[17] **Шура** сүресі, **38**-аят.
[18] **Мүлк** сүресі, **15**-аят
[19] **Бақара** сүресі, **29**-аят.
[20] **Хижр** сүресі, **19**-аят

11. Ислам өте күшті, жаңа қарулармен жабдықталған қуатты армия құруға шақырады. Құранда: **«Оларға қарсы күштеріңнің жеткенінше дайындалыңдар»**[21] деп бұйырылады.

12. Ислам әйелдердің құқықтарын қорғауды және оған мән беруге бұйырады. Құранда: **«Ерлердің әйелдерде заңды хақтары болғаны сияқты әйелдердің де ерлерде белгілі хақтары болады»**[22] делінген.

13. Ислам тазалыққа бұйырады. Бір хадисте: **«Тазалық - иманнан»** делінген.

Кітап, мұсылмандардың бойында болған қуатты тұстарын да жойып құртуымыз керектігін нақпа-нақ айтқан:

1. Ислам нәсілшілдік, тілдік, әдеп-ғұрып және ұлттық фанатизмге тыйым салған.

2. Пайыз алуға-беруге, тауарды саудадан жинап алып қымбаттауын күту, зинақорлық, спиртті ішімдік және шошқа етіне тыйым салынған.

3. Мұсылмандар Ислам ғалымдарына берік байланған, олардың айтқандарына толық бағынады.

4. Сүннит мұсылмандар халифаны пайғамбардың өкілі деп қабылдайды. Аллаһқа және пайғамбарына көрсетілетін құрметті оларға да көрсету керектігіне сенеді.

5. Жиһад ету парыз.

6. Шиит мұсылмандардың пікірінше, мұсылман болмаған барлық адамдармен сүннит мұсылмандар нәжіс (лас) болып есептеледі.

7. Барлық мұсылмандар Исламның жалғыз хақ дін екендігіне иман келтіреді.

8. Мұсылмандардың көпшілігі яһудимен христиандарды Араб түбегінен шығарудың парыз екендігіне сенеді.

9. Олар ғибадаттарын, мысалыға намаз, ораза, қажылықтарын өте әдемі түрде орындайды.

10. Шиит мұсылмандар Ислам мемлекеттерінде шіркеулердің салынуы харам болғандығына сенеді.

11. Мұсылмандар Ислам ақидасына (ислами сенімге) өте тығыз байланған.

12. Шииттер соғыстан түсетін олжаның бестен бірі ғалымдарға берілуі парыз екендігіне сенеді.

---

[21] **Әнфал** сүресі, **60**-аят.
[22] **Бақара** сүресі, **228**-аят.

13. Мұсылмандар балаларын ата-бабаларының жолынан айырылмайтындай етіп тәрбиелейді.

14. Мұсылман әйелдердің киінуі, өздерін кереметтей жауып қымтайтыны сонша оларды жаман атты қылу мүмкін емес.

15. Мұсылмандарды күніне бес мәрте бір жерге жинайтын жамағатпен оқылатын намаздары бар.

16. Мұсылмандар санасында пайғамбар, оның ұрпағы және әулиелерінің қабірлері қасиетті болғаны үшін ол жерлерде де жиналады.

17. Пайғамбардың ұрпағы болып келетін «сәйид және шәриф» дегендер пайғамбарды еске түсіреді және мұсылмандардың көзінде Оның тұлғасын мәңгі тірідей ұстап тұрады.

18. Мұсылмандар жиналған кезде уағызшылар олардың иманын күшейтіп, ғибадатқа бағыттап отырады.

19. Әмри бил - маъруф (жақсылыққа бұйыру) және нәһи ъанил - мункар (жамандықтан тыю) - парыз.

20. Мұсылмандардың көбеюі үшін үйлену және бірден көп әйелмен неке құру сүннет болып табылады.

21. Мұсылман үшін бір адамның мұсылман болуына себепші болуы бүкіл дүниеге ие болудан жақсырақ.

22. Мұсылмандар арасында **«Кім жақсы, қайырымды бір істің басталуына себепші болса, оның сауабына және сол жолда жүрген әр адамның алатын сауабына ие болады»** деген хадис кеңінен тараған.

23. Мұсылмандар Құран және хадистерді қатты құрметтейді. Оларға бағыну жәннатқа кірудің себебі екендігіне сенеді.

Кітап мұсылмандардың қуатты тұстарын әлсіретіп, әлсіз тұстарын кеңінен тартуды өсиет етеді және осы жолда қолданылатын әдістер көрсетеді.

Әлсіз тұстарды жаю үшін мыналарды ұсынады:

1. Жамағаттар арасына дұшпандық салып, ұйымшылдықты жою, араларына күдік түсіріп, келіспеушілік тудыратын кітаптарды басып шығару арқылы жанжал шығару.

2. Мектептердің ашылуына, кітаптардың басылуына кедергі болу. Қолдан келгенше діни кітаптарды жағу және жоқ етудің жолдарын қарастыру. Дін адамдарына әр түрлі жала жабу арқылы халықты балаларын діни мектептерге беруден бас тартқызу, надандық торына түсіру. [Осы жол мұсылмандарға көп зиянын тигізіп жатыр.]

3-4. Олардың қасында жәннатты мадақтап, оларды дүние өміріне немқұрайлықпен қарауға үгіттеу. Тіпті мұсылмандарды дүниелік жұмыстарда артта қалдыру үшін сопылық тариқаттарының қатарын

кеңейту керек. Олардың санасыз болып (ақыл-ойын дамытпай) қала берулері үшін Ғазалидың **“Ихья-уль улум”**, **Зуһд** (дүниеге мән бермеу, дәруіштік) өмірін насихаттайтын Мәулананың **“Мәснауиі”** сияқты туындыларын және Мухиддин Арабидың кітаптарын оқуға бағыттап отыру.[1]

5. Биліктегілерді зұлымдық және диктаторлық жасауға үгіттеуіміз керек: “Сіз Аллаһтың жер бетіндегі өкілісіз. Онсыз да Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли, Омаядтар және Аббасидтердің әрбірі билікке қарудың (қылыштың) күшімен жеткен және жеке өздері ғана билеген. Мысалы, Әбу Бәкір Омардың қылышы арқылы, Фатиманың үйі сияқты бағынбағандардың үйін жағу арқылы билікке жеткен.[2] Омар да Әбу Бәкірдің ұсынысымен халифа болған. Ал Осман Омардың бұйрығымен мемлекет басшысы болған. Әлиге кезек келгенде, оны бір топ көтерілісші қарақшылар халифа етіп сайлады. Муавия да қан төгу

---

[1] Сопылық (тасавуф) кітаптарда мақталатын “зуһд” - өмірлік жұмыстардан тыйылып, кедей болып жүру дегенді білдірмейді. Зуһд - өмірлік құмарлықтарға, харамдарға салынып кетуден тыйылу. Яғни Исламның шекарасынан шықпай еңбектеніп, жұмыс істеп, ақша табу, жетістіктерге жету, жаңа технологияларды істеп шығып, оны қолдану ғибадат етумен бірдей сауап болады.

[2] Әбу Бәкір, Омар, Осман және Әлидың (радиаллаһу анһум) халифа болатындарына хадис шәрифтерде ишараттар бар. Бірақ ешқайсысының уақыты нақты айтылмаған. Расулуллаһ бұл істі сахабаларының еркіне қалдырған. Халифа таңдауда сахабалардың пікірлері үш түрлі болды. Халифалық туысқанға қалдырылатын бір мирас малы емес. Пайғамбардан кейін Оның орнына ең алғашқылар қатарында мұсылман болып, басқаларды иманға алып келген және пайғамбарымыз оны имам етіп, арқасында тұрып намаз оқыған және бірге хижра жасаған Әбу Бәкірді таңдау лайық болды. Сол кезде кейбір сахабалар хазреті Әлидың үйіне барып, араларынан Әбу Суфйан: “Қолыңды бер! Саған бағынайын. Қаласаң, айналаңды жаяу әскер мен атты әскерге толтырамын” - деді. Хазреті Әли мұны қабыл алмады және “Мұсылмандарды бөліп тастағыларың келіп тұр ма? Үйден шықпауым халифа болу үшін емес. Расулуллаһтан ажырап қалу жаныма батты. Есімнен айырыла жаздадым.”-деді. Кейін мешітке барып, жұрттың алдында Әбу Бәкірге бағынды. Ал Әбу Бәкір “Халифа болуды қалаған жоқпын, кикілжің шығып кетпесін деп, амалсыз қабыл алдым”-деді. Әли: “Халифа болуға бәрімізден де сен көбірек лайықтысың” деді. Хазреті Әлидың сол күні Әбу Бәкірді мадақтаған сөздері **“Саадати Әбәдиә”** кітабымыздың екінші бөлімінің, 23-тарауында жазылған. Хазреті Омар хазреті Әлиды үйіне дейін шығарып салды. Хазреті Әли: “Расулуллаһтан кейін бұл үмметтің ең үстемі Әбу Бәкір және Омар” дейтін. Шииттердің өтіріктеріне, жалаларына алданғандар мұсылмандардың бүгінгі халге жетуіне себеп болды. Ағылшындар бұл фитнаны (кикілжіңді) әлі күнге дейін дамытып келеді.

арқылы тақты иеленген.[3] Кейінірек Омаядтарда халифалық әкеден ұлына өтіп, жалғасқан. Аббаситтерде де дәл солай болған. Бұлар Исламда биліктің зорлықпен, диктаторлықпен келетінінің дәлелі бола алады.”- деуіміз керек.

6. Адам өлтіргендерді өлім жазасына кесу бабын заңнан алып тастау. [Адам өлтіру, қарақшылық сияқты қылмыстардың алдын алу, тек өлім жазасына кесу арқылы ғана мүмкін болады. Әйтпесе, елде қантөгістің алдын алу мүмкін емес.] Жол торушы қарақшы мен ұрыларды жазалаудан үкіметті бас тарқызу және жол торлаушы қарақшыларды қаруландырып, жолдардың қатерлі болуын жалғастыру.

7. Олардың ауру күйінде өмір сүрулерін үгіттеу үшін былай дейміз: “Барлық нәрсе Аллаһтың тағдырымен болады. Емделудің сауығуға еш қатысы жоқ. Аллаһ Құранда: **«Раббым мені жегізеді, ішкізеді. Ауырғанымда Ол маған шипа береді. Мені өлтіретін, кейін қайта тірілтетін -Аллаһ»**[4] демеген бе? Олай болса, Аллаһ қаламаса ешкім шипа да таба алмайды, өлімнен де құтыла алмайды”.[5]

8. Зұлымдық жасауды үгіттеу үшін мыналарды айтуымызға болады: “Ислам - ғибадат діні, оның мемлекет істерімен ешқандай байланысы жоқ. Сондықтан Мұхаммедтің де, халифаларының да не министрі, не заңы болмаған”.[1]

9. Экономикалық құлдырау да аталған зиянды істердің табиғи нәтижесі болып саналады. Астық өнімін шіріту, сауда кемелерін батыру, базарларды жағу, қоймалар мен көпірлерді жару, егіншілік орындары мен өнер орындарын су астына қалдырып, ал қалалардағы

[3] Хазреті Муавия хазреті Хасанның бағынуы арқылы заңды халифа болған

[4] **Шуара** сүресі, **79-80-81**- аяттар.

[5] Ағылшындар мұсылмандарды алдау үшін аят кәрималарға және хадис шәрифтерге өтірік мағына береді. Емделу – сүннет. Аллаһү та’ала дәрі-дәрмектерде шипа жаратқан. Пайғамбарымыз дәрі-дәрмек қолдануды бұйырды. Шипаны беретін, барлық нәрсені жаратушы Аллаһү та’ала. Әр нәрсені себептермен жаратқан, себептерге жүгінуді бұйырған. Еңбек етіп, себептерді іздеп, тауып, қолдануымыз керек. **«Ол маған шипа береді»** деген - шипа беретін себептерді береді деген сөз. Еңбек етіп, себептерді іздеу әмір етілген. Пайғамбарымыз: **«Еркектердің де, әйелдердің де еңбек етіп ғылым іздену парыз»**, енді бірде **«Аллаһү та’ала еңбек етіп, дүние тапқандарды жақсы көреді.»** деп бұйырды.

[1] Ғибадат тек қана намаз, ораза, қажылықтан тұрмайды. Дүниелік істерді Аллаһү та’ала бұйырғаны үшін және шариғатқа сай етіп жасау да ғибадат болып саналады. Пайдалы істерді жасауға тырысу сауап.

таза суларды уландыру арқылы шығын көлемін арттыруымызға болады.[2]

10. Мемлекеттік қызметкерлерді [әйел және спорт сияқты] бүлікке, бөлінуге әкеп соқтыратын құмарлықтарға, ойын-сауық, ішімдік, пара және қазына малын өз жеке бастарының қажеттіліктеріне жұмсауға дағдыландыру, міндеттерін осы істерді атқаруға жұмылдырып, бізге қызмет еткендерді марапаттау керек.

Кейін кітап мынадай нәрселерді кеңес етеді: Бұл істерді атқаратын ағылшын тыңшыларын жасырын және ашық түрде қорғау, олардан мұсылмандардың қолына түсіп қалғандарын құтқару үшін ешқандай шығыннан бас тартпау керек.

11. Пайыздың барлық түрін тарату керек. Өйткені өсім ұлттық экономиканы бүлдіргені сияқты мұсылмандарды да Құранның үкімдеріне қарсы келуге дағдыландырады. Өйткені адам бір заңның бір бабын бұзғаннан соң, басқа баптарын да оп-оңай бұза алады. Оларға өсімнің еселенген түрі харам екендігі, Құранда: **«Пайызды еселендіріп жемеңдер»**[3] делінгені және сондықтан пайыздың әр түрінің харам еместігін айту керек.[4]

12. Ғалымдардың артынан әр түрлі өсек-әңгімелер шығарып, жала жауып, мұсылмандардың олардан суып, беделдерін түсіруге тырысу керек. Ол үшін тыңшыларымыздың бір бөлігін "ислам ғұламасы" кейпіне енгізіп, солар тәрізді тәрбиелейміз. Кейін оларға жаман, жиркенішті тірліктер жасатамыз. Осылайша олар мұсылман ғалымдармен араласып кетеді, осының нәтижесінде әрбір мұсылман ғұламаға күдікпен қаралатын болады. "Ғалым" кейпіндегі

[2] Өздерін мәдениетті деген және адам құқықтарын ауыздарынан тастамайтын ағылшындардың мұсылмандарға қарсы дайындаған жауыздыққа, зұлымдыққа қараңыз!

[3] **Али Имран** сүресі, **130**-аят.

[4] Қарыз берілгенде уақыт белгіленбейді. Белгіленсе фаиз (пайыз) болады. Белгілі уақыт өткеннен кейін дәл сол мөлшерде қайтарылу шарт етілсе, ханефиде бұл да пайыз болады. Қарыз мөлшері үстіне "тағы пәлен бересің" деп келісілсе де пайыз болады. Пайыздың бұл түрінде бір тиын болса да артық өтеуді шарт қосу, үлкен күнә болып саналады. Ал несиелік сатуда (рассрочка) өтеу уақытын білдіру керек. Өтеу уақыты келгенде өтемегендігі үшін төленетін мөлшер және төлем уақыты арттырылса, оны **"Мудааф фаиз"** деп атайды. Жоғарыдағы аят кәрима саудадағы осы Мудааф фаизды білдіреді.

тыңшыларымызды әл-Әзһар медресесіне, Стамбул, Наджаф, Кербала қалаларына жіберуіміз керек. Мұсылмандарды ғалымдардан суыту үшін мектептер мен колледждер ашамыз. Бұл мектептерде грек және армян балаларын мұсылмандарға дұшпан етіп тәрбиелейміз. Мұсылман балаларға ата-бабаларының надан болғандықтарын айтып сендіреміз. Бұл балаларды халифадан, ғалымдардан суыту үшін олардың қателіктерін, өз нәпсілерін қандырумен ғана шұғылданғандарын, халифалардың сарай қыздарымен гаремде уақыт өткізіп, халықтың малын жаман жолдарға жұмсағандарын, ешқашан пайғамбарға бағынбағанын айтып сендіреміз.

13. Ислам діні әйел құқығын аяқ асты еткен деген түсінікті жаю үшін **«Еркектер әйелдерден жоғары тұрады»**[23] деген аятты және **«Әйелдердің бәрі - жамандық»** деген хадисін қайта - қайта айта береміз.[6]

---

[23] **Ниса** сүресі, **34**-аят.

[6] Хадис шәрифте: **«Шариғатқа бағынатын әйел жәннаттың нығметі. Нәпсін қандырып, шариғатқа бағынбайтын әйел - жамандық»** делінген. Дінімізде қыз болсын, тұл болсын тұрмысқа шықпаған кедей әйелге әкесі қарауға тиісті. Қарамаса, қамауға алынады. Әкесі болмаса, немесе кедей болса, бай болған махрем туысқаны қарайды. Олар да жоқ болса, өкімет айлық береді. Еңбек етіп, мал табу мұсылман әйелдің міндеті емес. Ислам діні әйелдің барлық қажеттіліктерін еркектің мойнына жүктеген. Еркектің осы ауыр міндетіне байланысты мирастың барлығын еркекке беру керек болса да, Аллаһу та'ала мұнда да әйелдерге жақсылық етіп, бауырларынын жарты мөлшеріндей мирас алуларын бұйырған. Ері әйелін үйінде немесе үйінен тыс жерде жұмыс істеуге зорлай алмайды. Әйелі қаласа және ері рұқсат етсе, бөгде еркек жоқ жерлерде хижаб киімінде еңбек етуіне болады да, тапқаны өзінікі болады. Ешкім оның тапқанын, мирастан келген мүлікін, меһр малын әйелден күштеп ала алмайды. Әйелдің жұмыс істеп тапқан ақшасын өзіне, балаларына, үйдің кезкелген қажеттіліктеріне жұмсауға оны ешкім мәжбүрлей алмайды. Үйіне және әйеліне қажет заттарды ерінің алып келуі фарз. Коммунисттік мемлекеттерде әйел де еркектермен бірге құлқым қамымен, хайуандар сияқты ең ауыр жұмыстарда істеуге зорланып жатыр. Демократик деп айтылатын христиан елдерінде және ислам өлкелері деп аталатын кейбір араб мемлекеттерінде «отбасының шығыны еркек-әйелге ортақ» деп әйелдер де фабрикаларда, егістіктерде, саудада еркектермен бірдей жұмыс істеуге мәжбүр болып отыр. Көбінің тұрмысқа шыққанына өкінетіндіктері, соттардың ажырасу арыздарына толып кеткендігі күнделікті газеттерде жиі-жиі жарияланып тұрады.

Пайғамбарымыздың айтқан сөздері үш бөлімнен тұрады:

1) Сөздері де, мағыналары да Аллаһу та'аладан келген. Бұл сөздер **"аят кәрима"**- деп аталып, барлығына **"Құран Кәрим"** делінеді. **«Сізге келетін**

14. Ластық – сусыздықтың нәтижесі. Олай болса, су ресурстарының артуына кедергі жасауға тырысуымыз керек.

Лондондағы Ұлы Британия отарлау министрлігі тарапынан даярланған бұл кітапта Ислам дінін түбегейлі жер бетінен сыпырып тастау үшін істеліну керек болған міндеттердің жоспары жазылған. Тыңшылар қолымен жасырын түрде таратылып жатқан бұл еңбекте мұсылмандардың қуатты жақтарын жоқ ету үшін төмендегі міндеттерді атқару керектігі көрсетілген:

1) Мұсылмандардың арасында нәсіл, ұлтшылдық сезімдерін ояту үшін олардың назарларын Исламнан бұрынғы тарихындағы ерліктерге, қаһармандықтарға аудару керек. Мысалы: Мысырда Фараондар тарихын, Иракта зароастризмді, Османдықтарда Аттила мен Шыңғыс хан заманының ерліктерін [жабайылығын] қайта жандандырып, мода халіне келтіру керек. [Кітапта бұл мәселеге байланысты ұзын кесте берілген еді].

2) Мына төрт нәрсені ашық және жасырын түрде жаю керек: Ішімдік, құмар, зинақорлық және шошқа еті [және спорт клубтарының арасындағы қақтығыстар]. Бұл істі жүзеге асыру үшін Ислам мемлекеттерінде өмір сүретін христиан, еврей, отқа табынатын, буддист және басқа да мұсылман емес диаспоралардан мүмкіндігінше толық пайдалану және бұл мақсатқа қызмет етіп жатқандарға Отарлау министрлігінің бюджетінен мол жалақы тағайындау керек. Сол үшін

әрбір жақсы, пайдалы нәрсені Аллаһү та’ала қалап, жіберіп отыр. Әр жаман және зиянды нәрселерді де өз нәпсілерің қалайды. Осылардың бәрін Аллаһу та’ала жаратып, жіберуде.» деген сөз **«Ниса»** сүресінің 78-аяты.

2) Сөздері пайғамбарымыздан, ал мағынасы Аллаһу та’аладан болған сөздер. Бұл сөздер **“Құдси хадис” (Хадис құдси)** деп аталады. **«Нәпсіңізді дұшпан деп біліңіз! Өйткені ол маған дұшпан»** деген сөз хадис құдси болып саналады. Бұл дұшпандық – нәпсінің бұйрықтарына ермеу.

3) Сөзі де, мағыналары да пайғамбарымыздан болған сөздер. Олар **“Хадис шәриф”** деп аталады. **«Шариғатқа бағынатын әйел - жәннат нығметтерінен. Нәпсіне бағынып, шариғатқа бағынбайтын әйел - жамандық»** деген сөз, хадис шәрифке мысал болады. Мухиддин Араби **“Мусамарат”** кітабының бірінші томында осы хадис шәрифті ашықтап жазған. Ағылшын тыңшысы хадистің бас жағын жасырып, тек соңын ғана беріп отыр. Дүние жүзі әйелдері Ислам дінінің оларға берген құқықтарды, нығметтерді, құрмет-абыройды, рахатты, қуанышты, бостандықты және ажырасу құқына ие екендіктерін білгенде, бәрі бірден мұсылман болып, Исламның жайылуына ат салысатын еді. Бірақ, амал қанша, бұл ақиқатты түсінбейді. Аллаһу та’ала барлық адамдарға Исламның сәулелі жолдарын дұрыс түсінуді нәсіп етсін!

саяси партиялармен спорт клубтарының көбеюін қамтамасыз етеміз. Кейін партиялар арасында және спорт клубтары арасында жанжал туғызамыз. Сөйтіп олар бір-бірімен арпалысып жүргенінде діни кітап оқуға, дінін үйренуге уақыт таппайды. Тұзағымызға түскен адамдардың қолымен күнделікті саяси газеттер мен журналдар шығартамыз. Әйгілі газет, журналдарды оқырман алдында көп ақшамен, абырой-атақпен беделін көтеріп, бізге қызмет ететін адамдарымызды сол халықтың қаһарманындай қылып мақтаймыз. Дініне берік және иманы бүтін болған лауазымды кісілерді жамандап, қаралап, халық алдында беделін түсіреміз. Діни тәрбие берудің бұлағы болған отбасы жанұяларын қиратамыз. Ол үшін спорт, күрес, фитнес деген сылтаулармен ұят жерлері, әуреттері ашық қыз-жішіт суреттерін басып, жастарды зинақорлыққа және гомосексуализмге итермелейміз. Мұсылмандардың бойындағы ислами мінез-құлықты, ислами әдептілікті бұза алсақ, Исламды да жою оңайға соғады. Бұл арада мұсылмандарды шошытып алмау үшін, көп мешіттер салдыртамыз, бірақ ол жерлерге шынайы мұсылман ұстаздарын емес, біздің тәрбиеден өткен миссионерлерді, мазһабсыздарды имам қылып сайлап қоямыз. Ғибадаттарын христиандар секілді музыка мен айтылатын ритуалға айналдыру үшін мешіттерге алдымен микрофондарды, кейін “Ислами музыка” деген атпен сазды аспаптарды, өлеңдерді, радиоларды кіргіземіз. Мешіттерді тұзақ ретінде пайдаланамыз. Мешітке жиі баратын және әйелдері шариғи талапқа сай киінетін мемлекет қызметкерлерін, әскер қатарындағы офицерлерді тыңшыларымыз анықтап, олардың жұмыстан босатылуына күш-жігер саламыз. Намаз оқитын жастардың университет студенттері қатарына қабылдануына, ал оқып жатқандарының диплом алуына кедергі жасаймыз.

Секретарь бұл мағлұматтарды ешбір тірі жанға айтпауымызды, тіпті нәждтік Мұхаммедтен де құпия ұстауымызды ескертті. Соған байланысты мен де осы жазып отырған мемуарымды сотқа тапсырып, елу жыл өтпей ашылмауын өсиет еттім.

[Осы жерде мұсылмандардын білуі керек болған бір жәйт: Мешіт дегені міндетті түрде мұнарасы және күмбезі бар ғимарат емес, ішінде бес мезгіл жамағатпен намаз оқылатын мекенге айтылады. Намаздан бұрын да, кейін де мешітте жамағатқа уағыз айту жаиз. Уағыз дегеніміз әһли сүннет сенімінде болған сүннит мұсылманның жамағатқа тек әһли сүннет ғалымдарынан бірінің кітабынан оқып, немесе жаттан айтқан бір мәселесін түсіндіріп, насихаттауы болып табылады. Мазһабсыздардың, дүмшелердің, ағылшын тыңшыларының, миссионерлердің мешітте айтатын далбасаларына уағыз делінбейді. Ол ары барса конференция

болуы мүмкін. Ал мешіттерде конференция беру және оны тыңдау жаиз емес, харам болады. Әһли сүннет ғалымдарының әр бір сөзі Құран кәрим және хадис шәрифтердің тәфсирі, мағыналары және түсіндірмелері.]

3) Жихадқа қарсы күмән тудыру, оның белгілі уақытқа ғана парыз болғандығы, енді оның уақытысы өтіп кеткендігіне мұсылмандарды сендіру керек.

4) Шииттердің саналарынан кәпірлердің нәжіс екендігі туралы пікірді алып тастайсыңдар. Құранда: **«Өздеріне кітап берілгендердің жейтіндері сендер үшін халал болғаны сияқты сендердің де жейтіндерің оларға халал болады»**[1] делінгенін, пайғамбардың Сафия есімді яһуди және Мария есімді христиан әйелі болғандығын, пайғамбар әйелінің лас, нәжіс болмайтындығын айтасыңдар.[2]

5) Мұсылмандарға пайғамбардың келудегі мақсаты мұсылмандар ойлаған Исламды емес, жалпы бір Аллаһтан келген дінді үстем қылу екендігін айту керек. Яғни оның мақсаты яһудилік немесе христиандық сияқты діндерді үстем қылу болуы да мүмкін екендігін, тек қана мұсылмандар ойлаған Исламның болуы шарт емес деген пікірді таратасың. Оның дәлелі Құран әрбір діннің адамдарын да мұсылман деп атайды. Мысалы: Юсуф пайғамбардың **«Мені мұсылман күйде өлтір»**[3], ал Ибраһим мен Исмаил пайғамбарлардың **«Йа Раббымыз,**

---

[1] **Маида** сүресі, **5**-аят.

[2] Ағылшынның яһуди деген хазреті Сафия - мұсылман болған. Мысырлық Мария болса, Расулуллаһтың әйелі емес, күңі болған. Ол да кейіннен мұсылман болды. Оның жаназа намазын хазреті Омар (радияллаһу анһ) оқыған. Әһли сүннет сенімі бойынша христиан әйел күң де, жар да бола алады. Шииттердің айтқанындай кәпірлердің өздері емес, сенімдері болған күпірлік лас болып саналады.

[3] Қандай да бір пайғамбардың Аллаһу та'аладан алып келген білімдеріне сену **"Иман"** деп аталады. Иман етілетін нәрселер екі бөлімнен тұрады: біріншісі тек қана иман етуді қажет ететін білімдер. Екіншісі әрі иман етіп, әрі орындауды қажет ететін білімдер. Алғашқысы иманның негізі болады да, алты бөлімнен тұрады. Әр пайғамбардың алып келіп уағыздаған иман негіздері бірдей. Қазіргі таңда ислам дұшпандарының «мәдени» деп әуестеніп, еліктейтін бүкіл яһудилер мен христиандар, ғылым саласындағы, мемлекет қызметтеріндегі танымал мұсылман емес тұлғалардың барлығы ахиретке, яғни өлгеннен кейін қайта тірілуге, жәннатқа, жаһаннамға сенеді. Өздерін мәдениетті етіп көрсеткісі келетін дін танымайтын надандардың өздері әуестеніп, еліктеп ұқсауға тырсытатын сол кісілер сияқты ұқсап сенулері де қажет емес пе? Пайғамбарлардың уағыздаған діндері, яғни бұйрықтары мен тыйым салған

бізді өзіңе бой ұсынушы қыл және ұрпақтарымыздан мұсылман бір үммет шығар»[1], Яқуб пайғамбардың өз балаларына **«Тек қана және тек қана мұсылман күйде өліңдер»**[2] дегендері бар.

6) Исламда шіркеу салудың харам емес екендігін, Пайғамбар және халифалардың ешбірі оларды құлатпағандығын, керісінше оларды құрметтегенін және Құранда: **«Аллаһ адамдардың біразын біразымен қорғамағанда, монастырьлар, шіркеулер, пұтханалар және ішінде Аллаһтың есімі көп зікір етілетін мешіттер құлатылар еді»**[3] дегенін Исламның ғибадатханаларға құрмет көрсеткенін, оларды қиратпағанын, жығып жатқандарға кедергі болғанын көбірек айтасың.

7) **«Яһудилерді Араб жарты аралынан шығарыңыз»** және **«Араб жарты аралында екі дін болмайды»** деген хадис шәрифтер туралы мұсылмандарды күдіктендіретін және “Бұл екі хадис дұрыс болғанда, пайғамбардың бірі яһуди, тағы бірі христиан әйелі болмас еді және де Наджран христиандарымен келіс сөз жасамас еді”[4]-деп айтасың.

нәрселері бірдей емес. Иман етіп, соңғы дінге бой ұсынуды **“Ислам”** деп атаймыз. Діндерінің үкімдері әртүрлі болғаннан соң, әр пайғамбардың заманындағы исламдары да бірдей болмаған. Әрбір жаңа Расул келгенінде жаңа **Исамийат** алып келген және өзінен бұрынғы пайғамбарлардың уағыздаған исламдарының үкімін жойған. Соңғы пайғамбар болған Мұхаммед алейһиссаламның алып келген Ислам діні Қияметке дейін жалғасады. Аллаһу та’ала “Али Имран” сүресінің 19- және 85- аяттарында яһудилерге, христиандарға ескі діндерін тастауды бұйырады. Мұхаммед алейһиссаламға бағынбайтындардың жәннатқа кіре алмайтынын, жаһаннамда мәңгілік жанатындықтарын білдіреді. Ибраһим, Исмаил және Яқуб пайғамбарлар өз замандарына лайықты исламды уағыздап, өз үмбеттерінен сол дінді талап етті. Қазіргі таңда ол заманның иманы, мұсылмандығы, ғибадат орындарына бару секілді амалдарының үкімі жоқ, күшін жойған. Бұл жайлы арапша **“әл-Ануар”** кітабының соңында Зарқанидің **“Мауаһиб”** шархында кеңінен мәлімет берілген. Жами-ул азхар медресесі ұстаздарынан Мұхаммед Зарқани Малики х. 1122 [м. 1710] жылы қайтыс болған.

[1] **Бақара** сүресі, **128**-аят.

[2] **Бақара** сүресі, **132**-аят.

[3] **Хаж** сүресі, **40**-аят.

[4] Ағылшынның яһуди деп тұрған хазреті Сафия мұсылман болған. Мысырлық Мария болса, Расулуллаһтың әйелі емес, күңі болған. Ол да кейіннен мұсылман болды. Оның жаназа намазын хазреті Омар (радияллаһу анһ) оқыған. Әһли сүннет сенімі бойынша христиан әйел күң де, жар да бола алады. Шииттердің айтқанындай кәпірлердің өздері емес, сенімдері болған күпірлік лас болып саналады.

8) Мұсылмандардың ғибадаттарына кедергі болуға тырысып, «Аллаһ адамдардың ғибадаттарына мұқтаж емес» деп, оларды ғибадаттарын жасау мәселесінде күмәнға түсіресің.[5] Қажылық, жамағатпен намаз оқу сияқты мұсылмандардың басын қосатын ғибадаттардан әртүрлі сылтаулар айтып оларды суытасың. Дәл солай мешіттердің, кесенелердің, медреселердің салынуына және Кағбаның жөнделуіне де кедергі болуың керек.

9) Соғыста дұшпаннан олжа болып түскен дүниенің бестен бірінің [хумус] ғалымдарға берілуі жайлы күмән тудырып және оның саудамен еш байланысы жоқ екендігін айтасың. Кейін «Олжа [хумус] пайғамбарға, халифаға беріледі, ғалымға берілмейді. Өйткені олардың ақшасы көбейсе, үйлер, ғимараттар, мал және бау-бақшалар сатып алады» деп айтасың.

10) Мұсылмандардың сенімдеріне (ақидаларына) бидғаттар [дінде жоқ жаңа нәрселер] қосып, Исламды кері тартпа және террор діні деп айыптайсың. Ислам мемлекеттерінің кері қалғандығын айтасың, сол арқылы мұсылмандардың Исламмен байланысын әлсіретесің [Алайда мұсылмандар әлемдегі ең ұлы мәдениетті де өркениетті мемлекеттерді құрған. Діндерімен болған байланыстары азайған сайын әлсірей берді].

11) Мына нәрсе де өте маңызды: балаларды өз әкелерінен алшақтатып, үлкендердің діни тәрбиесін алудан махрұм етеміз. Оларды біз тәрбиелейміз. Өйткені балалар әкелерінің тәрбиесінен ажырағаннан соң ақидадан, діннен және ғалымдардан да қол үзіп қалады.

12) Мұсылман әйелдерін "құқықтарың жоқ, тұмшаланып қалғансыңдар" деп ызасын келтіріп, орамалдарын тастауға итермелейсіңдер. Орамал, хижаб діннің талабы емес, ол Аббасидтер заманында пайда болған әдет деп ұқтырасыңдар. "Адамдар Пайғамбардың әйелдерін ашық көретін еді және әйел барлық жұмыстарға қатысатын еді" - дейсіңдер. Әйелдерді хижабтан шешіндіріп алған соң, енді еркектердің көздерін ойнатып, екеуінің арасында зинақорлық жасалуына барынша ат салысасыңдар. Мұсылмандықты жою үшін осы әрекет өте әсерлі қару. Алдымен, мұны

[5] Ғибадаттар Аллаһу та'алаға пайдасы тисін деп емес, Оның бұйрығы болғандықтан орындалады. Дұрыс, Аллаһу та'ала құлдарының ғибадаттарына мұқтаж емес, бірақ құлдар ғибадат етуге мұқтаж. Ағылшындардың өзі лек-легімен шіркеуге барады да, мұсылмандардың мешітке баруына кедергі жасайды.

мұсылман емес әйелдерге жасатқызасың. Содан соң мұсылман әйелдер өздерінен-өздері бұзылып, солардың істегендерін істейтін болады.[1]

---

[1] **Хиджаб**, яғни жамылғы – хиджаб әмірі келмей тұрып, әйелдер жамылғы тақпаған, Расулуллаһтан білмегендерін сұрап, үйренетін еді. Расулуллаһ біреуінің үйіне барса, әйелдер сол үйге барып, оны тыңдап, оның білімінен пайдаланатын еді. **“Байзауи”** және **“Бұхари”**дың тәпсир бабында былай жазады: Хижрадан үш жыл кейін **“Аһзаб”** және тағы бес жыл кейін **“Нұр”** сүрелеріндегі хиджабқа байланысты аяттар келіп, әйелдердің бөтен еркектердің қасында отырулары, олармен сөйлесулеріне тыйым салынды. Содан кейін Расулуллаһ әйелдердің білмегендерін пайғамбар әйелдерінен сұрауды бұйырды. Кәпірлер хиджаб аяттарының кейінірек түскенін, содан кейін әйелдердің оранғандарын жасырып, мұсылмандарды алдайды.

Пайғамбарымыздың игі зайыбы Үммү Сәләма (радияллаһу анһа) былай дейді: «Пайғамбардың әйелі Меймунамен (радияллаһу анһа) бірге пайғамбарымыздың жанында едік. Ибн Үмми Мактум (радияллаһу анһ) деген бір кісі рұқсат алып ішке кірді. Расулуллаһ алейһиссалам оны көре салып, бізге **«Перденің арғы жағына өтіңдер»** деп бұйырды. «Оның көзі көр емес пе? Бізді көрмейді ғой» дедім. **«Сендер де көрсіңдер ме? Сендер оны көрмейсіңдер ме?»** деді.» Яғни ол зағип болса, сендер де көр емессіңдер деген. Бұл хадис шәрифті имам Ахмед, Тирмизи және Әбу Дауд (рахимаһумуллаһу та’ала) риуаят еткен. Бұл хадис шәрифтен түсінетініміз, еркектің бөтен әйелге қарауы харам болғаны сияқты әйелдің де бөтен еркекке қарауы дұрыс емес. Мазһаб имамдарымыз (рахимаһумуллаһу та’ала) осы жайлы басқа хадис шәрифтерді айтып: “әйелдің бөтен еркектердің әуреттеріне қарау харам болады” деді. “Оны жасау оңай. Осындай оңай болған бұйрықтар мен тыйымдар **«рухсат»** деп аталады. Әйелдің бөтен еркектердің басына, шаштарына қарауы мәкруһ. Одан сақтану оңай емес. Оңай емес нәрселерді жасау **«Азимат»** деп аталады. Еркектің әйел үшін әурет болатын жері – тізе мен кіндік арасы” деді. Қарап отырсақ, пайғамбарымызыдың әйелдері (радияллаһу та’ала анһуннә) және сахабалар (радияллаһу анһум) азиматпен амал жасап, рухсаттардан да сақтанатын еді. Исламды іштен бұзғысы келген **зындықтар** хиджаб аяттары келмей тұрып, әйелдердің хиджаб кимегендерін мысал етіп, “пайғамбар заманында әйелдер өйтіп жабынып алмас еді. Хазреті Айша анамыз қалада басы ашық қыдыратын еді. Қазіргідей орамалмен жабынып алуды керітартпалар, фиқһ ғалымдары ойдан шығарған” деп, осы өтіріктеріне жұртты сендіргілері келеді. Ол сөздердің өтірік, жала

екендігін жоғарыдағы хадис шәриф ашық көрсетіп тұр. Аллаһу та’аланың бұйрықтарымен тыйымдарын толық жеткізген төрт хақ мазһаб еркектердің **әурет жерлері**н, яғни қарау және басқаға көрсетуі харам болған дене мүшелерін басқа-басқа түсіндірген. Әр мұсылманға өзі ұстанған мазһабы көрсеткен әурет жерін жабуы фарз. Басқалардың әурет жерлеріне қарауы харам. **“Аши’ат-ул ләмаат”** кітабында келген хадис шәрифтерде: **«Еркек еркектің, әйел де әйелдің әурет жеріне қарамасын!»** делінген. Ханафи мазһабында еркектің басқа еркектерге, әйелдің де өзге әйелдерге көрсетпеуі қажет болған әурет жері кіндік пен тізе арасы. Әйелдің бөтен еркекке көрсетпеуі қажет болған әуреті – екі алақаны және бетінен басқа бүкіл денесі. Шаштары да әурет саналады. Ал әйелдердің әурет саналатын кез келген жеріне шәхуәтсіз қарау да харам.

«Бір әйелді көрсеңдер, дереу беттеріңді басқа жақа бұрыңдар! Бірден көз түсу күнә болмаса да қайта қарау күнә болады.»

«Ей Әли! Санында ашпа! Өлі және тірі ешкімнің санына қарама!»

«Әурет жерін ашқанға және басқалардың әурет жеріне қарағанға Аллаһ лағнет етсін!»

«Өзін басқа қауымға ұқсатқысы келетіндер сол қауымға жатады.» Бұл хадис шәриф мінез-құлқын, істерін немесе киінуін ислам дұшпандарына ұқсатқандардың солардың қатарына қосылатынын хабар беруде. Кәпірлердің жиркенішті әдеттеріне “мода” деп еліктейтіндер, харам тірліктерге “көркем өнер” және харам істейтіндерді “өнерпаз” дейтіндер осы хадис шәрифтен ғибрат алулары керек.

“Кимйа-и саадет” кітабында: «Әйелдер мен қыздардың бас, шаш, қол, балтырларын ашып көшеге шығулары харам болғаны секілді жұқа, сәнді, тар, қысқа, иіссу себілген киіммен шығулары да харам. Олардың осылайша шығуларына рұқсат берген, разы болған ата-ана, күйеу, аға-інілері де олардың күнәлары мен азаптарына серік болады.» делінген. Яғни тозақта бірге азап тартады. Егер тәубе етсе, күнәлары кешіріледі. Аллаһу та’ала тәубе еткендерді жақсы көреді.

Өзін мұсылман деп есептейтін әрбір адамның істейтін әр тірлігінің исламға сәйкес келе ме, келмей ме, білуі қажет. Білмейтін болса, бір әһли сүннет ғалымынан сұрап немесе кітаптарынан оқып үйренуі керек. Егер тірлік исламға сай болмаса, күнәдан немесе күпірден құтыла алмайды. Күнде шынайы өкініп, тәубе етуі керек. Тәубе етілген күнә және күпір тірлік міндетті түрде кешіріледі. Егер де тәубе етпесе,

13) Мешіт имамдарының фасық [күнәһар], пиғылы бұзық екендіктері жайлы өсек-әңгіме таратып, олардың қателерін көзге басып, әр мүмкіндікті жібермей имамдармен олардың арқасында намаз оқып жатқан жамағаттарының арасына іріткі мен дұшпандық отын тұтатып, жамағатпен намаз оқуды ұмыттырасың.

14) Пайғамбардың заманында болмаған, бидғат нәрсе деп кесене, мазарлардың бәрін құлатылуы тиіс деп айтыңдар. Әсіресе, пайғамбар, халифа, ғұлама және әулиелердің қабірлерінің орны туралы шиеленіскен қарама-қайшы деректер шығарып, мұсылмандарды зиярат етуде күманға түсіріп, соңында кесенелерге барудан бас тартқызасыңдар. «Пайғамбар анасының жанына жерленген, Әбу Бәкір мен Омар “Бақи” мазаратында жатыр. Османның қабірі белгісіз. Хусейннің басы “Ханнанеге” қойылған. Денесінің көмілген жері белгілі емес. “Казимиядағы” қабірлер – пайғамбар әулетінен шыққан Казим және Жауәдтың қабірлері емес, екі халифаның қабірі. Ал Тустағы әһли

өмірде және тозақта азабын, жазасын тартады. Бұл жазалар кітабымыздың түрлі жерлерінде түсіндірілген.

Еркектермен әйелдердің намаз кезінде және басқа уақыттарда жауып жүрулері талап етілетін жерлерін **«әурет»** дейді. Әуретін бөгде адамдар арасында ашу және басқалардың әуреттеріне қарау харам болғандықтан “Исламда әурет деген ұғым жоқ” деген адам кәпір болады. Ижма [ауызбіршілік] жолымен, яғни төрт мазһабта да әурет деп көрсетілген жерлерін ашуды, басқалардың да осындай жерлеріне карауды халал деп санаған, мән бермеген, яғни азабынан қорықпаған адам кәпір болады. Әйелдердің еркектер арасында әуреттерін ашып жүруі, еркектерге өлең айтуы және мәуліт оқуы осыған жатады. Еркектердің сандары Ханбали мазһабына әурет саналмайды.

Өзін мұсылман деп есептейтін әрбір адам иманның және исламның шарттарын, төрт мазһабтың ижмасын, яғни бір ауыздан хабар берген фарздармен харамдарын үйренуге, білуге, құрметтеуге тиіс. Білмеймін деу сылтау емес. Яғни біліп тұрып сенбегенмен бірдей. Әйелдердің әурет жерлері төрт мазһабта да екі алақан (сыртымен) және жүзінен басқа бүкіл дене. Ижмаменен болмаған. Яғни қалған үш мазһабта әурет саналмаған жерлерін ашқан адам кәпір болмаса да, өз мазһабы бойынша үлкен күнә істеген болады. Ханафи еркектердің сандарын ашып жүруі осыған мысал. Білмегенін үйрені әр мұсылманға фарз. Үйренгеннен соң білмей істегендеріне дереу тәубе ету және жабыну қажет.

Бәйттен шыққан Рызаның емес, Харунның қабірі. Самаррадағы - Аббасидтердің мазары. Әһли Бәйттен шыққан Хади, Аскәри, Мәһдидің қабірі емес.» деген шалғытатын өсектер таратасың. «Мұсылман мемлекеттердегі барлық мазарлар мен күмбездердің құлатылуы парыз болғаны сияқты мадинадағы "Бақи" мазаратын да жермен жексен етіп тегістеп тастау керек» деп үгіттейсің!

15) Сейіт-(саййид)тердің пайғамбар әулетінен келгендіктері туралы адамдарды күмәнға түсіру керек. Сейіт болмаған адамдарға қара және жасыл түсті сәлде кигізіп, шынайы сейіттерді басқа жай адамдардан ажыратып тұратын белгілерін құтсаң сейіт атаулы да жойылады. Сөйтіп жұрттар кімнің кім екенін ажырата алмай шынайы сейіттерге тіл тигізе бастайды. Ең оңайы: дін қызметкерлерімен сейіттердің сәлделерін шешкіз, адамдар сейіт нәсілін таба алмасын және дін қызметкерлерін де құрметтемейтін болсын[1].

---

[1] Ұлы ғұлама саййид Абдулхаким Аруаси (рахметуллаһи алейһ) Стамбулда жазылған **«Асхаб-и кирам»** кітабында былай дейді: «Расулуллаһтың мүбәрәк қызы хазреті Фатима мен оның қияметке дейін болатын ұрпағының барлығы әһли бәйт (пайғамбардың жанұясы) болып табылады. Оларды, қандай жағдайда да құрметтеу, жақсы көру керек. Оларды жақсы көру, оларға жүрек, дене және мал-мүлік арқылы көмек, құрмет көрсету, құқықтарын қорғау адамның иманмен жан тапсыруына себеп болады. Сүрияның Хама қаласында тек пайғамбар ұрпақтарының мәселелерін қарайтын арнайы саййидтер қазылығы бар еді. Мысырдағы Аббаси халифалары кезеңінде Хасанның (радиаллаһу та'ала анһ) ұрпақтарына **"шәриф"** деген ат беріліп, ақ түсті сәлде ораулары, ал Хусейннің (радиаллаһу та'ала анһ) ұрпақтарына **"саййид"** есімі беріліп, жасыл түсті сәлде ораулары жайлы шешім қабылданды. Осы тәбәрік жанұяда дүниеге келген әрбір мүбәрәк перзент екі куәнің қасында қазылықта тіркелетін еді. Османдық халифа Сұлтан Абдулмажид хан (рахметуллаһи та'ала алейһ) заманында масон Рашид паша деген сатқын ағылшындардың әмірімен бұл қазылықтарды таратып жіберді. Одан кейін мазһабсыз, тексіз дүмшелер де саййид деп атала беретін болды. Қызылбас сейіттері саңырауқұлақтай көбейді. **"Фәтауа-и хадисийа"** кітабында: «Исламның алғашқы жылдарында әһли бәйт - пайғамбар жанұясынан саналатын адамдардың барлығына "шәриф" делінетін еді. Мысалыға "шәриф-ул Аббаси", "шәриф-ул Зәйнәли" деп шақырылатын еді. Фатимиттер мемлекетінің сұлтандары шиит еді. Олар тек Хасанмен Хусейннің ұрпақтарына "шәриф" дей бастады. Мысырдағы түрікмен сұлтандарынан Ашраф Шаъбан бин Хусейн х.773 [м.1371] жылы саййидтердің шәрифтерден бір белгімен ажыралып тұруы үшін жасыл сәлде киюлерін бұйырды. Бұл әдет әр елге тарап кетсе де шариғат тұрғысынан діни бір салмағы жоқ» дейді. **"Мир'ат-и каинат"** ктабында, **"Мауаһиб-ул-ләдүнийа"**ның түркі аудармасында және

16) Шииттердің қаралы (траур) жерлерінің құлатылуы парыз екендігін, өйткені Пайғамбар және халифалар заманында болмаған деп, адамдардың ол жерлерге кіруіне кедергі жасау керек. Уағыз берушілерді азайту және олармен сол қаралы жерлердің иелеріне салықты көбейту керек.

17) Барлық мұсылмандарға егемендікті сүюді сылтау етіп, «әркім қалағанын жасай алады. Әмри биль-маъруф уә нәһи аниль-мункар және Ислам үкімдерін үйрету фарз емес» дейсің, [Негізінде Исламды үйрену және үйрету фарз. Мұсылмандардың бірінші міндеті]. Әсіресе, мына пікірді таратасың: «Христиандар өз діндерін, яһудилер де өз діндерін ұстанады. Ешкім ешкімнің жүрегіне кіре алмайды. Әмри-маъруф уә нәһи-мункар [уағыздау] – халифаның міндеті, оған ешбір мұсылман араласпау керек».

18) Мұсылмандардың көбеюіне кедергі болуы үшін бала туу саны шектеліп, біреуден көп әйелге үйленуге тыйым салынады. Үйленуге кейбір шарттар қойылады. Мысалы: арап ирандықпен, ирандық арабпен, түрік араппен үйленуіне болмайды дегендей шарт қойылуы тиіс.

19) Исламның тарауы және мұсылман еместерге үйретілуіне тыйым салынады. Ислам тек араптардың діні деген пікір таратылады. Құранның **«Ислам – сен үшін және қауымың үшін бір зікір»** деген аяты мұның дәлелі дегенді айтуға болады.

20) Қайырымдылық мекемелерінің қызметтерін шектеп, оларды жеке тұлғалардан тартып алып мемлекетке өткізіп жіберу қажет. Соңында жай азаматтарды өз қаржысына мешіт, медресе және осыларға ұқсас қайырымдылық мекемелерін құра алмайтындай жағдайға келтіру керек.

21) Мұсылмандарды Құран жайында күдіктендіресің, ішінен аяттарды шығарып немесе артық сөйлемдер енгізіп өзгертілген бірнеше Құран аудармаларын дайындап: «Көрдіңдер ме? Құран бұзылған. Бір-біріне сәйкес келмейді. Бірінде бар аятты екіншісінен таба алмайсың» деп айтасың. Яһуди, христиан және барлық ғайри дін(мұсылман емес)дердің беделін түсіретін және жихадты, әмри-маъруф уә нәһи-мункарды бұйыратын аяттарды Құраннан шығарып тастайсың[44].

Зарқани шархында жетінші мақсаттың үшінші бабында бұл жайлы кең мәлімет берілген.»

[44] Ағылшындар бұл мақсаттарына жете алмады. Өйткені Құран кәрімді өзгеріп бұзылудан Аллаһу таала қорғап тұр. Інжілді де сақтаймын деп уәде бермеген. Сондықтан христиан әлемінде ойдан шығарылған, бір-біріне қарама-қайшы

Құранды басқа тілдерге, мысалы: түрік, парсы тіліне, үнді тілдеріне аударып, Араб мемлекетінен басқа жерлерде арапша оқылуына кедергі боласыңдар және араб мемлекеттерінен басқа жерлерде «Азан», «Намаз» және «Дұғалардың» араб тілінде оқылуына жол бермейсіңдер.

Дәл сол сияқты Құранға жасалуы жоспарланған аударма, сынау, өзгертулердің хадистерге де қолданылуы керек.

Шындығында, мен оқып шыққан **«Исламды қалай жығамыз?»** деген бұл кітап өте керемет еді. Келешекте жасайтын жұмыстарым үшін бұл теңдесі жоқ бір жетекші болды. Секретарға кітапты қайтарып тұрып, қуанышымды білдіргенімде, маған: «Біліп қой, сен бұл салада жалғыз емессің. Сен жасаған істерді жасайтын өте көп адамдарымыз бар. Бұл жұмысты атқару үшін бүгінге дейін министрлігіміз бес мыңнан аса адамды жұмыспен қамтамасыз етті. Министрлік бұл санды жүз мыңға жеткізуді жоспарлап отыр. Егер тыңшыларымыздың санын осыған жеткізсек, мұсылмандарды бағындырып, барлық ислам мемлекеттерін қолымызға түсірген боламыз.» деді.

Кейінірек, секретарь мынаны айтты: «Министрлігіміздің бұл бағдарламасы іске асу үшін ең көбі бір ғасырлық уақыт қажет болады. Біз ол күндерді көрмесек те, міндетті түрде балаларымыз көреді». «Басқаның еккенін жедім. Сол үшін де басқаларға егіп жатырмын»,- деген мақал қандай керемет еді. Ағылшындар бұл жоспарды жүзеге асырғанда барлық христиан әлемін қуантып әрі оларды он екі ғасырлық қиыншылықтан құтқарған болады».

Секретарь сөздерін былай жалғастырды: «Ғасырлар бойы жалғасып келген Крест жорықтарымыз ешқандай пайда әкелмеді. Дәл солай моңғолдар [Шыңғыс шапқыншылығы] да исламның тамырын үзу

Інжілдер жазылды. Олардың өзіне ғасырлар бойы талай өзгертулер енгізілді. Інжілде алғашқы өзгертірулерді Болюс [Павлос] есімді бір яһуди жасаған болатын. Кейін әр ғасырда, әсіресе, Константинопольде Рим императорларының алғашқысы Константиннің хижраның 325 жылы Никеяда [Изник] ұйымдастырған жиналысына келген 319 поп ең үлкен өзгертулер жасап, христиандықты түбегейлі бұзды. Хижраның 931 [м. 1524] жылы неміс попы Лютер Мартин **"протестант"** сектасын құрды. Римдегі папаға бағынатын христиандарды **"католик"** дейді. Католиктермен протестандардың бір-бірін қырулары, санкт Варфоломей түні және Шотландия қырғындары, инквизиция соттарындағы геноцидтер христиан тарихтарында кеңінен жазылған. Хижраның 446 [м. 1054] жылы Константинополь патригі Михаэль Киролариус Пападан ажыралып, **"Ортодокс"** [Православл] шіркеуін құрды. 571 жылы өлген Якоб **"Сурйани"** сектасын, 405 жылы өлген Марон Сирияда **"Марони"** сектасын, Америкалық Чарльз Рассел 1872 жылы **"Иегово куәгерлері"** сектасын құрды.

үшін бір нәрсе жасады деп айта алмаймыз. Өйткені олардың жасағаны жоспарсыз бір сәттік ғана болатын. Олар өздерінің дұшпандықтарын білдіріп қоятын әскери әрекеттер жасайтын. Сол үшін қысқа уақытта әлсіреп, жеңіліс тапты. Қазір өкіметіміздің ардақты басшылары Исламды өте мекем бір жоспар және ұзақ сабырлылықпен, іштен құлатуға тырысуда. Әскери күш те қолдануымыз керек. Бірақ оны ең соңында, Исламды іштей ыдыратып болған соң, бізге қарсы күресу үшін бастары бірікпейтін болып қалған кезде қолданамыз».

Секретарь сөздерін былай аяқтады: «Стамбулдағы өкілдеріміз өте ақылды және дана болған екен, біздің жоспарларымызды дәлме-дәл іске асырыпты. Олар Мұхаммедилердің арасына кіріп, олардың балалары үшін медреселер ашқан, шіркеулер соққан. Олардың арасында ішімдікті, құмарды, бәлеқорлықты [және футбол командаларына бөлінуді] өте жоғары дәрежеде жайыпты. Ислам жастарының жүректеріне өз діндері туралы күмән-күдік, өз өкіметтеріне қарсы дұшпандық және наразылық салуға тырысыпты. Ал мұсылман әмірлердің, билердыің, басшылардың және өкімет адамдарының үйлеріне христиан әйелдерді толтырып, мінез-құлықтарын бұзуға тырысқан екен. Біз де барлық мұсылман елдерінде осылай әрекет етіп, олардың қайраттарын әлсіретеміз, діндерімен мен байланыстарын үземіз, адамгершілік сезімдерден шеттетеміз, бірлік пен ынтымақтастықтарын жоямыз, қатынбаз және араққор қыламыз. Кейін бірден үлкен соғыс ашып, исламның тамырларын үзіп, көзін жоямыз».[45]

---

45 Ағылшындар исламды жою үшін дайындаған жоғарыдағы жиырма бір тармақтан тұратын жоспарларын екі үлкен Үндістан және Осман Ислам мемлекеттерін құлату үшін іске асырды. Үндістанда «Уаххаби», «Қадийани», «Тәблиғи жамағат», «Жамаати Исламия» сияқты бүлінген ислам секталарының пайда болуына ат салысты. Осылайша мұсылмандардың арасына іріткі салып, кейін ағылшын армиясы Үндістанды оп-оңай жаулап алып, үлкен Ислам мемлекетін жер бетінен жоқ қылды. Ислам ғалымдарын жинап, зындандарда өлімге қиды. Ал сұлтанды абақтыға алып, ұлдарын өлтірді. Қаншама ғасырлардан бері сақталып келген тарихи мұраларды, әшекейлерді, зергерлік бұйымдарды кемелермен Лондонға тасыды. Үндістан сұлтандарынан Шах Жиханның хижри 1041 (м.1631) жылы әйелі Ержүмент Бегум ханымның Аградағы қабірінің үстіне салдыртқан «Таж Махал» деген кесененің қабырғаларынан ұрлап кеткен алмаз, маржан, жақұт сияқты бағалы тастардың орындары қазір лаймен сыланған күйі тұр. Бұл көріністер ағылшын жауыздығын әлемге паш етеді. Осы ұрлаған байлықтарын Исламды жою үшін әлікүнге дейін қолдануда. Бір Ислам ақынының айтқанындай «Залымның зұлымдығы болса, зұлымдық көрушінің Аллаһы бар!». Аллаһу та’аланың

әділеттілігі үстемдік көрсетіп, олар жазаларын II-Дүние жүзілік соғыста тартты. Немістердің Англияны жаулап алуынан қорыққан ағылшын байлары, шіркеу адамдары және мемлекет, Отарлау министрлігінің қызметкерлері бала-шағаларымен онмыңдаған ислам дұшпандары кемелерде Америкаға қарай қашып жатқанда, немістердің Граф фон Шпее деген екі соғыс кемесінің тастаған магнитті миналары бұл кемелерді батырып жіберді. Мұсылмандардын қанын ішкен залымдар Атлант мұхитында тұншықты. Соғыстан кейін Нью-Йорктағы БҰҰ-ның адам құқықтары орталығының шығарған шешімімен ағылшындар бүкіл әлемдегі отарлап алған мемлекеттерін тастап шығып кетуге мәжбүр болды. Британияны "Ұлы" қылып тұрған Отарлау министрлігінің ғасырлар бойы тонап жатқан колония байлықтарынан қол үзіп қалды. Сөйтіп ағылшындар кішкентай Британия аралында қысылып қалып кетті. Азық-түліктері және ең қажетті бұйымдары талонмен берілетін болды. 1948 жылы Түркия қарулы күштері бастығы генерал Салих Омуртак бір банкетте: «Сол жылдары Лондонға ресми сапармен баруыма қарамастан дастархандарынан қарным тойып тұрған емес. Қайтарда Италияда макарон жеп қарын тойғызғанмын» дегенін естігенім үшін жазып отырмын. Сол күні генералдың дәл қарсысында отырған едім. Бұл сөздер әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді.

Санауллаһ Дехлеуи "рахметуллаһи алейһ" **«Маида»** сүресінің 82- аятының тафсирінде былай дейді: «Муһйисунна Хусейн Бегави хазірет христиандардың барлығы мүшрик емес деген. Өйткені ширк – бір затта немесе адамда құдайлық қасиеттер бар екеніне сеніп, оған табынғанда, **ғибадат** етілгенде болады. Мүшриктер де яһудилер сияқты мұсылмандардың аяусыз жауы. Олар мұсылмандарды өлтіріп, мешіттерімен мемлекеттерін қиратады.» Имам Раббани "рахметуллаһи алейһ" 3-том, 3-мәктубында былай дейді: «Аллаһу та'аладан баска кез келген нәрсеге табынып, ғибадат еткен адам мүшрик болады. Бір пайғамбардың дініне бағынбаған адам да мүшрик саналады.» Қазіргі таңда әлемдегі барлық христиандар Мұхаммед алейһиссаламға сенбегені үшін кәпір болып саналады. Олардың басым көпшілігі "Иса - құдай" немесе "үш құдайдың бірі" дегені үшін мүшрик болған. Христиандардан тек "Иса – Аллаһтың құлы және пайғамбары" дейтіндер ғана **әһли кітап** (кітабы бар) кәпір болады. Не болғанда да барлығы Исламға және мұсылмандарға дұшпандық етуден қайтпайды. Олардың дұшпандықтарымен шабуылдарын қашанда ағылшандар басқарып отырады.

Христиан поптарының 11 сұрақтан тұратын бір айла ойлап тауып, бүкіл ислам әлеміне таратып жатқандарын х.1412=м.1992 жылы хабар алдық. Бангладешдегі ислам ғалымдары оларға жауап жазып, поптарды әбден ұялтыпты. Стамбулдағы **"Хақиқат Кітапүйі"** баспасы осы жауаптарды **"әл-Әказиб-ул-жадида-тул-христианийа"** атты кітап арқылы бүкіл әлемге таратуда.

Бірінші тарау

Жетінші бөлім

Бірінші сырдың мәнін білгеннен кейін екінші құпияны да білгенше асықтым. Ақыры секретарь екінші сырын да ашып берді. Екінші сыр бір ғасырлық уақыт ішінде Исламды жою мақсатымен, министрлікте мақсатқа жету үшін жұмыс жасап жатқан жоғарғы дәрежелі шенеуніктер жасаған елу беттік жоспар жинағы еді. Бұл жоспарлар он төрт баптан тұратын еді. Мұсылмандардың қолына түсіп қалу қаупінен сақтанып, қатаң құпияда ұстаған жоспар төмендегідей:

1) Бұхараны, Тәжікстанды, Арменияны, Хорасан және солардың айналасын отарлау үшін орыс патшасымен жақсы бір одақ құрып, өзара жәрдем келісімін жасау керек. Сонымен қатар Ресеймен шекаралас түркі жұрттарын басып алу үшін де орыстармен келісіп алуымыз қажет.

2) Ислам әлемін әрі іштен, әрі сырттан құлату үшін Франция және Ресеймен ортақ іс-шаралар ұйымдастыруымыз қажет.

3) Түрік-Иран үкіметтерінің арасына жанжал салып, екі жаққа да ұлтшылдық және рушылдық пікірлерін жаю керек. Әсіресе, көрші отырған барлық мұсылман тайпалар, ұлттар мен халықтардың арасына фитна мен дұшпандық салуымыз керек. Барлық бұзық секталарды, жоқ болып кеткендерін де қайта жандандырып, бір – біріне қарсы қою керек.

4) Ислам мемлекеттерінің кейбір аймақтарын мұсылман еместердің билігіне беру керек. Мысалы, Мәдинаны яһудилерге, Александрияны христиандарға, Имара қаласын саибтарға, Керманшахты Әлиды құдай дәрежесіне шығарған нұсайрилерге, Мусул қаласын язидилерге, Иран түбегін индустарға, Траблусты дүрзилерге, Карс қаласын армяндар мен алеуилерге, Маскад аймағын харижилерге беру керек. Кейін бұларды ақша, қару-жарақ және қажетті мәліметтермен қамтасыз ету керек. Ислам толығымен құлап жоқ болғанға дейін олардың жер көлемдерін кеңейтіп отыру керек.

5) Мұсылман Османлы және Иран топырақтарын мүмкіндігінше бір-бірімен еш түсінісе алмайтын майда мемлекеттерге бөліп тастауды жоспарлау керек. Үндістанның қазіргі жағдайы сияқты. Өйткені “бөліп ал да билей бер” деген саясат бар.

6) Исламның өктемдік еткен жерлерінде өзгертілген дін және секталар құрып, ортаға шығару керек. Құрған әрбір жаңа дінді бір мемлекеттің халқының әдет-ғұрыптарымен ұштастыру үшін өте күрделі

жоспарлар жасау қажет. Шииттік үстем болған елдерде төрт түрлі дін шығарамыз:
1) Хусейінді құдай орнына қойып табынатын; 2) Жафар Садықты құдай етіп табынатын; 3. Мәһдиді құдай етіп табынатын; 4. Әли Рызаны құдай қылып табынатын дін. Біріншісі Кербалада, екіншісі Исфаханда, үшіншісі Самаррада, төртіншісі болса, Хорасанда үгіттеледі. Сондай-ақ сунниттердің де төрт мазһабын бір-біріне қайшы әрі тәуелсіз төрт жеке-жеке дін халіне келтіруіміз керек. Осыны жасағаннан кейін Нәждте жаңа бір ислам сектасын құрып, араларында қанды қақтығыстар ұйымдастыру керек. Төрт мазһабтың бір-бірін бауыр деп атаушы дұрыс кітаптарын құртамыз, сонда әр қайсысы өздерін ғана мұсылман санап, қалғандарын өлтірілу керек кәпір дейтін болады.

7) Зинақорлық, гомосексуалдылық, шарап пен құмар арқылы мұсылмандардың арасына арсыздық тұқымын егеміз. Ол үшін бұл мемлекеттерде өмір сүретін мұсылман еместерден пайдаланамыз. Солардан осы мақсатты іске асыру үшін күшті бір армия жасақтауымыз керек.

8) Ислам мемлекеттерінде бұзық басшылар мен залым әскерлер дайындауға, оларды үкіметтің жоғарғы сатысына отырғызу арқылы Исламға бағынуды терістейтін заңдар шығаруға қатаң көңіл бөлу керек. Оларды қолданып, Отарлау министрлігіміздің істе дегенін істеп, істеме дегенін істемейтін жағдайға жеткізуіміз керек. Осындай жолдармен өзімізге бағындырған үкіметбасшылары арқылы, мұсылмандарға және ислам мемлекеттеріне қалағанымызды заң күшімен мәжбүрлеп орындатқызамыз. Исламға бағынуды қылмыс, ғибадат етуді кері қалушылық дәрежесіне дейін түсіріп тастауымыз керек. Мұсылман мемлекеттеріндегі үкімет адамдарын мүмкіндігінше тегі мұсылман еместерден сайлауымыз керек. Ол үшін кейбір тыңшыларымызды сырттай мұсылман, діндар сияқты етіп, қалағанымызды істету үшін жоғары деңгейдегі қызметтерге отырғызуымыз керек.[46]

9) Мүмкіндігінше арап тілінің үйретілуіне қарсы келіңдер. Араб тілінен басқа тілдерді, мысалы парсы тілінің, күртше және пашту тілдерінің қолданылу алаңдарын кеңейту керек. Ал Арап елдерінде шет

---

[46]Ағылшындар бұл бағытта жетістіктерге жетті. Мысалыға Османлы мемлекетінің соңғы дәуірінде Мұстафа Рашид паша, Әли паша, Фуад паша, Талад паша сияқты масондарды және яһуди, армян тектi сатқындарды мемлекет қызметтеріне отырғызды. Абдулла Жевдет, Муса Казым, Зия Гөкальп және Абдух сияқты масондарды діни салада беделдерін көтеріп, өз дегендерін жасатып отырды.

тілдерді көркейтіп, Құран мен Сүннеттің тілі болған әдеби Құрайш арапшасын жоқ қылу үшін аймақтық диалектілерді мемлекеттік тіл деңгейіне көтеруіміз керек.

10) Мұсылман елдердің мемлекет қызметкерлерінің жанына өз тыңшыларымызды орналастырып, солар арқылы министрлігіміздің қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, оларды мемлекет адамдарының кеңесшісі лауазымына жеткізуіміз керек. Бұл істің ең оңай жолы құл саудасы болып табылады: құл мен күң етіп жіберген тыңшыларды алдымен жақсылап тәрбиелеп жетілдіреміз. Кейін мұсылман мемлекет қызметкерлерінің қастарына, мысалы олардың балаларына, әйелдеріне және олардың жақсы көретін адамдарына сатуымыз керек. Біз сатқан бұл құлдар біртіндеп мемлекет адамдарына жақындай түседі. Олардың аналары, тәрбиешілері болып, білезіктің білекті қоршағанындай бір күні мемлекет адамдарын да қоршап алады.

11) Миссионерліктің алаңын кеңейтіп, қоғамның әр сатысына және әр кәсіптік саласына, әсіресе, дәрігер, инженер, есепші т.б. сияқты мамандықтарға енгізуіміз керек. Ислам мемлекеттерінде шіркеу, мектеп, аурухана, кітапхана және қайырымдылық орындарының атын жамылып христиандықты үгіттеу орталықтарын ашып және оларды ислам мемлекеттерінің түкпір-түкпірлеріне жайып жіберуіміз керек. Миллиондаған христиан кітаптарын тегін таратуымыз керек. Ислам тарихының қасында христиан тарихын, мемлекеттер құқығын да таратуымыз керек. Ол елдердегі шіркеу және манастырлардың қызметкерлері бейнесінде тыңшыларымызды орналастыруымыз керек. Оларды делдал қылып қолданып, мұсылмандар арасында христиандық әрекеттерге басшылық жасауларын қамтамасыз етуіміз керек. Олар мұсылмандардың барлық іс-әрекетімен пікірлерін үйреніп, бізді хабардар етіп тұрулары керек. Ислам тарихын бұзып, өзгертетін және мұсылмандардың хал-жағдайларымен діндерін жақсылап үйренгеннен кейін олардың барлық кітаптарын бұзып-бұрмалайтын, Ислам ілімдерін жоятын профессор, ғылым адамы, зерттеуші сияқтылардың атын жамылып, тегі христиандардан құралған үлкен бір зиялылар армиясын құруымыз керек.

12) Қыз-еркек бүкіл жастардың басын айналдырып, оларды Ислам жайында күмән мен қайшылыққа көміп тастауымыз керек. Мектеп, кітап, үйірме [спорт клубтары, кинотеатр, теледидар] және осыған арнайы даярлаған адамдарымыз арқылы олардың тәрбиелерін, адамдық қасиеттерін мүлдем жоюымыз керек. Яһуди, христиан және мұсылман емес жастарды мұсылман жастарды аулайтын тұзақ ретінде жетілдіру үшін жасырын қоғамдар құруымыз керек.

13) Іштей жанжал мен көтерілістер ұйымдастырып өз араларында және мұсылман еместермен үнемі талас –тартыста болатын жағдай тудыруымыз керек. Сонда күштері азайып бірігу мен дамуға мүмкіндіктері болмайды. Өзіндік ойлары және қаржы көздері қалмайды. Жас әрі белсенді азаматтарын да сол дау-жанжалдар арасында өлтіріп жіберу керек. Сонда бейбітшілік пен тыныштық өз орнын жауыздық пен дұшпандыққа береді.

14) Мұсылмандардың экономикасын құлдыратып, кіріс көздері мен егіншілік орындарын бүлдіреміз, су қоймаларының бөгеттері құлатылып, өзендердің суын құрғатамыз. Адамдарды намаз оқуды, жұмыс істеуді жек көретіндей және жалқаулықты жақтайтындай етіп тәрбиелеу керек. Жалқаулар үшін ойын орындарын ашамыз. Олардың басын қосатын есірткімен спиртті ішімдіктер кең таратылады. [Бұл жазылған баптар өте бір әдемі түрде сурет пен схемалармен түсіндірілген еді. Ағылшындар осы он төрт баптың көмегімен соңында ұлан ғайыр Осман мемлекетін құлатты. Одан босаған аймақта жаңадан құрған майда мемлекеттердің билігін шотланд масондарының қолына ұстатқызды. Олар да британдық **Отарлау министрлігі**нің осы он төрт бабын өздеріне устав (жарғы) етіп алып, Исламға шабуылдарын әлі күнге дейін жалғастырып жатыр.]

Маған осы керемет құжаттың бір көшірмесін бергені үшін секретарьға рахмет айттым.

Лондонда тағы бір ай қалғаннан кейін Нәждтік Мұхаммедпен жолығу үшін Иракқа бару бұйрығын алдым. Сапарға шыққалы жатқанда секретарь маған: «Нәждтік Мұхаммедке қатысты бір ұқыпсыздық жасап қойма! Тыңшыларымыздың жіберген рапорттарында жазылғандай Нәждтік Мұхаммед жоспарларымызды іске асыру үшін өте сай бір ақымақ адам.

Нәждтік Мұхаммедпен ашық сөйлес! Исфахандағы агенттеріміз онымен ашық сөйлесіпті, ол да тілектерімізді бір шартпен қабыл алыпты. Оның шарты мынау: ол өзінің революционерлік пікір, көзқарастарын ел ішінде жариялауды бастаған кезінде оған қарсы шабуыл жасауы мүмкін болған мемлекет қызметкерлері мен ислам ғалымдарынан оны қорғау үшін жеткілікті дәрежеде ақша және қару-жарақпен қамтамасыз етіуімізді, тағы да туып өскен жерінде оған кішігірім бір әмірлік құрып беруімізді талап етіп отыр. Министрлік оның шартын қабыл алды» деді.

Бұл хабарды естігенімде қуанышым көкке сыймады. Секретарьдан енді не істеуім керектігін сұрадым. Ол былай жауап берді:

«Нәждтік Мұхаммедтің халифат ішінде іске асыруы үшін министрлігіміз мынадай жоспар дайындады:

❶ Барлық мұсылмандарды кәпір деп пәтуа беріп, оларды өлтірудің, малдарын тартып алудың, еркектерін құл, әйелдерін күң етіп құл базарында сатудың халал екендігін айтады.

❷ Мүмкін болса, Кағбаның пұт екендігі жайлы пәтуа шығарып, оны құлату қажет екенін айтады.[47] Қажылық ғибадатын жою үшін шөлдегі бәдәуи ру-тайпалардан "Ислам әскері" деген атпен қарақшы топтарын құрады, жан-жақтан келген қажыларды "кәпір" болғаны үшін тонатқызып, олардың малдарын тартып алуға және оларды өлтіруге жұмсап отырады.

❸ Мұсылмандарды халифаға бағынбауға, керісінше халифаға қарсы көтеріліс жасауға үгіттейді. Халифаның "кәпір болғаны" жайлы өсек шығарып, оған қарсы қаруланууды "жиһад армияларын қалыптастыру" деген атты жамылып іске асырады. Әр мүмкіндікте Хижаздың [Мекке-Мәдина] әмірлерімен соғысудың сауап екенін және олардың санымен беделдерін азайту керектігін уағыздайды.

❹ Мекке, Мәдина және басқа Ислам елдеріндегі кесене, мазар, күмбез және қасиетті жерлердің пұт және ширк екендігін жайлы айтып, олардың құлатылуы жөнінде пәтуа шығарады. Мүмкіндігінше, халықтың Мұхаммед пайғамбарға, халифаларына және барлық мазһаб имамдарына құрметсіздік жасауына арашы болады.

❺ Барлық ислам мемлекеттерінде, мүмкіндіктің барынша көтерілістер, зұлымдық және саяси дағдарыстар ұйымдастырады.

❻ Хадистерге жасалғандай, әр түрлі кемшіліктерге толы, енгізулермен өзгертулер жасалынған Құран нұсхасын басып шығаруға тырысады.[48]

---

[47] **Пұт** деп оған ғибадат етілетін, сәжде қылынатын, барлық тілектің тек содан ғана сұралатын заттарға айтылады. Мұсылмандар Кағбаның өзіне сәжде етпейді, Кағбаға қарсы тұрып Аллаһқа сәжде етеді. Әр намазда Кағбаға қарсы тұрып сәжде еткеннен кейін **"Фатиха"** сүресін оқиды. Бұл сүреде **«Йа әлемдердің жалғыз Раббы! Біз тек қана саған ғибадан қыламыз, тек сенен ғана жәрдем сұраймыз.»** деп айтылады.

[48] Исламның мәшһүр және беделді кітаптарында өткен хадис шәрифтерде кемшілікпен жат нәрселердің араласып кеткендігін айту үлкен жала болып табылады. Мыңдаған хадис ғалымдарының хадис шарифтерді қалай жинағандықтарын білген кісі мұндай жиіркенішті өтірікті айта алмайды және ондай өтіріктерге сенбейді.

Біздің оған құрып беретін әмірліктің күшімен міне осыларды іске асыруын қадағалауымыз керек.»

Секретарь жоғарыдағы алты баптан тұратын жоспарды айтқаннан кейін: «Бұл үлкен бағдарлама сені қорқытпай-ақ қойсын. Өйткені біздің міндетіміз исламды жою барысында іріткі дәнін себу ғана. Бұл жұмысты аяғына жеткізетін ұрпақтар әлі келеді. Ағылшын үкіметі сабыр етуді, байсалдылықты негізгі қағида етіп алған. Тарихтағы ең ұлы және ең басты Ислам төңкерісін жасаған Мұхаммед пайғамбардың өзі де кәдімгі өзекті адам емес пе еді? Ал енді біздің Нәждтік Мұхаммед те өзінің пайғамбары сияқты осы біздің төңкерісімізді іске асыруға уәде берді» деді.

Бірнеше күннен кейін министр мен секретарьдан рұқсат алып, Отбасыммен, достарыммен қоштасып, Басраға қарай жолға шықтым. Үйден шығарда кішкентай ұлым: «Әке тез қайт» дегенде көздеріме еріксіз жас толды. Көңіл толқуларымды әйелімнен жасыра алмадым. Ауыр сапардан кейін ақыры түнделетіп Басра қаласына жеттім. Абдуриззаның үйіне барып, оны ояттым. Мені көргеніне қуанып қалды. Сол түнді оның үйінде өткіздім. Таңертең маған: «Нәждтік Мұхаммед маған соққан, мына хатты саған тастап кетті» деді

Дереу ашып оқыдым. Хатта отаны Нәждке кеткенін және мекен-жайын жазып кетіпті. Мен де бірден сол жаққа тарттым. Алыс әрі қиын сапар шегіп Нәжд аймағына кіріп бардым. Нәждтік Мұхаммедті үйінен таптым. Бірақ өзі қатты арықтап кетіпті. Оған еш нәрсе демедім. Кейіннен үйленгенін есіттім.

Біз екеуіміз арамызда, мен жайлы сұраған адамдарға мен оның құлы екенімді және мені алыс бір жерге жібергенін, ал қазір сол тапсырмасын орындап келгенімді айтатын болып келісіп алдық. Ол солай жасады.

Нәждтік Мұхаммедтің қасында екі жыл тұрдым. Дағуатын, яғни дінге шақыру миссиясын халыққа жариялаудың жоспарын жасадық. Ақыры хижра бойынша 1143 [м.1730] жылы оған уақыт жеткенін айтып, бастау керектігіне көзін жеткіздім. Ол да қасына бір талай жәрдемшілерін жинап алғаннан кейін дағуатын астарлы сөздермен абайлап, ең жақын адамдарына түсіндіре бастады. Кейін дағуат-үгітін күн сайын кеңейтіп отырды. Оны дұшпандарынан қорғау үшін айналасына оққағарлар жалдап қойдым. Оларға қалағандарынша ақшамен мүлік беріп тұрдым. Нәждтік Мұхаммедтің дұшпандары оған зиян келтіруге тырысқанда, оққағарлардың қайратын арттырып отыратынмын. Дағуатының ауқымы кеңейген сайын қарсыластары көбейіп жатты. Оған көп шабуыл жасалып кетіп, сұрақтарға жауап бере

алмай үмітсіздікке түскен күндерінде дағуатын тастай салғысы келетін. Бірақ мен оны жалғыз тастамайтынмын, қайраттандырып отыратынмын. Оған: «Ей, Мұхаммед, тыңдашы! Пайғамбарымыз сенен әлдеқайда көп қиыншылық көрмеді ме! Білесің ғой, бұл қасиетті іс, бұл абырой жолы. Әр революционер көсем сияқты аз ғана қиыншылыққа төзе білу керек!» дейтінмін.

Біз кез келген уақытта дұшпандардың шабуылына ұрынып қалумыз мүмкін еді. Сондықтан оның дұшпандарының артына жалдап алған тыңшыларымды түсіріп қойдым. Дұшпандары оған зиян келтіретіндей болса, олар маған хабарлайтын, ал мен оның алдын алатынмын. Бірде дұшпандары оны өлтірмекші деген хабар келді. Дереу олардың жоспарларына кедергі болу үшін керекті шаралар қолдандым. Жақтастары дұшпандарының Мұхаммедке қастандық жасағылары келгенін естіген кезде, оларды жеккөре бастады. Осылайша өздері қазған орға өздері түсті.

Нәждтік Мұхаммед жоспардың алты бабын да орындайтынына уәде берді «Қазір бұлардың тек бір бөлігін ғана жасап бере аламын» деді. Бұл сөзі де дұрыс еді. Ол кезде бәрін орындауы мүмкін де емес еді.

Қағбаның құлатылуын өте қиын жұмыс деп санайтын. Әсіресе оның бір пұт екендігін түсіндіруден тартынды. Өзгертілген Құран нұсхасын дайындап таратудан үзілді-кесілді бас тартты. Бұл тұрғыда, Меккедегі шәрифтерден [Пайғамбар ұрпағынан келетін әмірлер] және Стамбулдағы үкіметтен өте қатты қорқатын еді. Маған: «Бұл екі мәселені халыққа айтатын болсақ, Ыстанбулдағы үкімет үстімізге өте күшті бір армия жіберуден де таймайды» - деді. Оның айтқандарымен келістім. Өйткені дұрыс айтып отырған еді. Бұл екі мәселені орындауды заман көтермейтін, шарттар сай келмейтін.

Бірнеше жылдан кейін Отарлау министрлігі біздің қатарымызға Дәр'иййа аймағының әмірі Мұхаммед бин Саудты да қосуға қол жеткізді. Маған соны хабарлау және екі Мұхаммедтің арасына махаббат, достық, түсіністік орнату міндеті маған жүктелгенін айту үшін Лондоннан бір адам келді. Біз мұсылмандардың жүректерін және сенімдерін діни жолдан жаулап алу үшін Нәждтік Мұхаммедті, ал саяси жолдан жаулап алу үшін Мұхаммед бин Саудты пайдаландық. Дінге сүйенетін мемлекеттер әлдеқайда ұзақ өмірлі, көп халықты және айбатты болып келетінін тарих дәлелдеп берген.

Осылайша үнемі дамып отырдық. **Дәр'иййа** қаласын мемлектіміздің орталығы, астанасы етіп белгіледік. Ал мемлекеттік дін ретінде жаңа **«УАХХАБИ»** дінін орнаттық. Лондондағы Отарлау [колониялар] министрлігіміз құпия түрде жаңа уаххаби үкіметін қолдап,

материалдық жағынан қамтамасыз етіп отырды. Жаңа үкімет мемлекет қызметіне арап тілін және шөлдік әскери қимылдарды керемет меңгерген он бір ағылшын офицерін құл ретінде сатып алды. Жоспарларды осы офицерлермен бірге отырып жасайтынбыз. Бұл арада екі Мұхаммед те біз көрсетіп берген жолмен жүруді жалғастырды. Министрліктің арнайы нұсқаулары келмегенде, жолымызға шыққан мәселелерді біз өзіміз шешетін едік.

Біз ағылшын тыңшылары - барлығымыз бәдәуи арап тайпаларының қыздарына үйленіп алдық. Мұсылман қыздың күйеуіне сөзсіз бағынуы бізге қатты ұнады. Қазірше жұмыстар жақсы кетіп жатыр.

Ескерту: Бұл кітапты мұқият оқыған адам Исламның ең үлкен дұшпаны ағылшындар екендігін түсініп, қазір бүкіл әлемдегі мұсылмандарға шабуыл жасап жатқан уаххабилікті ағылшындар құрғанын және қолдап жатқанын жақсылап біліп алады. Білімі, ақылы, ар-ожданы бар ағылшындар да ағылшын үкіметінің осы дұшпандығынан жиіркенеді.

Әр мұсылман мемлекеттерінде пайда болған мазһабсыздардың уаххабилікті жайып жүргендерін естіп жүрміз. Тіпті осы **“Хемфердің мойындаулары”** кітабының қиялдап отырып біреудің жаза салғанын айтып жүргендер де кездеседі. Алайда қолдарында бұл сөздерін дәлелдейтін ешқандай құжаттары жоқ. Уаххабилердің кітаптарын оқып, олардың шын беттерін, негізгі мақсаттарын жақсы түсінген үлкен ислам ғалымы Хабиб Алеви бин Ахмед Хаддад **“Мисбах-ул-әнам”** атты кітабында ағылшындарға сатылған Мұхаммед бин Абдулуаххабтың Хемфермен бірге дайындаған пәс, арам ойлы “дағуат”ына құжаттарымен жауаптар жазған. Хижраның 1216 [м.1801] жылы жазылған бұл кітап х.1416 [м.1995] жылы «Hakikat Kitabevi» баспасында басылып, барлық мұсылман елдеріне жіберіліп жатыр. Ағылшындар қанша тырысса-тырыссын, шынайы мұсылман болған Әһли сүннетті жоқ ете алмайды, керісінше өздері жоғалып кетеді. Өйткені Аллаһу та’ала «Исра» сүресінің 81-аятында бұзық жолда болғандардың бір күні шығатынын, бірақ олар хақ жолды ұстанғандардың алдында жеңіліс тауып, жоғалып кететіндері жайлы сүйінші берген.

Екінші тарау

Ағылшындардың Ислам дұшпандығы

Ағылшын тыңшысының бірінші бөлімде айтылған мойындауларын оқығандар ағылшындардың әлемдегі мұсылмандарға қандай зұлымдықтар жоспарлап қойғаны жөнінде біраз мәліметке ие болады. Төменде Ағылшын үкіметінің Отарлау министрлігі тарапынан [Колониялар министрлігі] тыңшыларға берілген бұйрықтарының әлем мұсылмандары үстінде қалай іске асырылғанын және миссионерлердің әрекеттерін қысқаша баяндаймыз.

Ағылшындар өр көкірек және тәкаппар мінезді келеді. Олар өз халқымен отандарын қаншалықты құрметтесе, басқа адамдармен олардың мемлекеттерін соншалықты төмен санайды.

Ағылшындар адамдарды үш сыныпқа бөледі: бірінші топқа ағылшындар кіреді. Олар Құдайдың адам етіп жаратқан ең керемет жаратылысы ағылшындар екендігін айтады. Екінші топқа ақ нәсілді европалықтар мен американдықтар жатады. Оларды да басқалардан құрмет көруге құқтары бар болуы мүмкін деп санайды. Үшінші сыныпқа, бірінші мен екінші топтың сыртында қалған барлық адамдар жатады. Бұлар адамдармен хайуанат әлемі арасында тұратын мақлұқтар. Олар құрметке лайықты емес, сондай-ақ егемендік, бостандық, отан деген нәрселер оларға тән емес деп есептеледі. Бұл топқа жататын адамсымақтар, әсіресе ағылшындар тарапынан басқарылуы үшін жаратылыпты-мыс.

Ағылшындар өзгелерге осы тұрғыдан қарағандықтан колонияға айналдырған елдерінде жергілікті халықтармен араласып бірге өмір сүрмейді. Олардың колонияларында тек ағылшындарға арналған жеке клубтар, казинолар, ресторандар, моншалар, тіпті дүкендер бар. Жергілікті халық бұл жерлерге кіре алмайды.

XX ғ. бас кезінде Үндістанға жасаған сапарларымен танымал Француз журналисті Марсель Перно (Marcelle Perneau) **"Үндістан саяхатнамасы"** кітабында былай дейді: «Европада беделге қол жеткізген, тіпті кейбір университет тарапынан өзіне профессор атағы берілген бір үнді ғалымына Үндістандағы бір ағылшын клубында жолығуға сөз берген едім. Үнділік ғалым келіпті, бірақ ағылшындар атағын да жоққа санап, оны кіргізбей қойыпты. Содан барып, оны

кіргізбейінше мен табандап тұрып алғаннан кейін ғана клубта онымен сөйлесе алдық».

Ағылшындар өздерінен болмағандарға хайуандарға да жасалмайтын әрекеттер көрсеткен,

Ең үлкен отарлары болып, жылдар бойы жыртқыш аңша зұлымдық жасап келген Үндістанның Амритсар қаласында [м.1919] бір күні діни бір ритуал себебімен жиналған үнділер велосипедімен ел кезіп жүрген бір ағылшын миссионер әйелге тағзым етпейді. Мисионер әйел Ағылшын бас басқармасына барып генерал Регинальд Диерге (Reginald Dyer) шағымданады, ол дереу әскерлеріне бұйрық беріп, ғибадатханада жиналып тұрған халыққа от жағып жібереді де, он минуттың ішінде жеті жүз адам қаза табады. Мыңнан аса адам жарақаттанып, жер жастанып қалады. Генерал мұнымен қанағаттанбайды, ол халықты үш күн төрт аяқтап, мал сияқты жорғалауға бұйрық береді. Бұл оқиға Лондонға шағым ретінде жіберіледі. Өкімет зерттеуді бұйырып, іс қозғайды.

Англиядан келген инспектор генералға қарусыз халыққа не үшін от жағылғанын сұрағанда ол:

- Мұнда бұйрықты мен беремін. Қандай да бір әскері қимыл жасауды да мен шешемін. Дәл солай жасағым келді де, бұйрық бердім.

- Керемет. Енді неге адамдарды төрт аяқтап жүргізіп қойдыңыз?

- Үнділердің бір бөлігі өз құдайларының алдында төрт аяқтап тағзым етеді. Мен оларға ағылшын әйелі дәл солардың құдайлары сияқты қасиетті екендігін, оларды намыстандырмай, оларға жерге дейін бас ию керектігін түсіндіргім келді.

Инспектор халықтың алыс-беріс жасауы үшін үйден шығулары керектігін айтқанда, генерал: «Егер олар адам болғанда, тізерлеп еңбектеп жүрмес еді. Олардың үйлері бір-біріне иін тіресіп қабысып тұр. Жазық шатырлары бар. Олар шатырда адам сияқты жүрген болар еді» деп кесіп тастайды.

Генералдың бұл сөздері Англияда баспасөз беттеріне шыққанында оған қаһармандық берілген. [Диер Риганальд Едвард Харри х.1281 [м.1864] жылы туылып, х.1346 [м.1927] жылы Англияда өлді. Әлем тарихында «13 сәуір 1919 жылы Амритсар қаласында Англия зұлымдығына қарсы келушілердің көтерілісін, қаланы қанды көлге айналдырып бастырған атақты Англия генералы» деген атпен танымал болды. Кейіннен Үндістанның әр жерінде ағылшындарға қарсы үлкен наразылық шерулері ұйымдастырыла бергені үшін жұмысынан босатылып, зейнетке шығарылды. Бірақ Лондонда ағылшын лордтар палатасында Диердің істегендерін мақтаулармен қарсы алып, оған

өкіметтен жәрдем және сыйақы берілуіне шешім қабылдады. Бұдан ағылшын лордтарының басқа ұлт өкілдеріне қалай қарайтындары ашық көрінуде.]

Ағылшындардың халқы ақ түсті және европалы болған колонияларын басқару жүйесімен, халқы ақ түсті болмаған және жергілікті тұрғындары бар колонияларын басқару жүйесі арасында жермен аспандай айырмашылық бар. Халқы европалық колонияларындағылар кейбір жеңілдіктерге, тіпті жартылай автономияға ие болса, екінші қаралар тұратын колонияларындағылар әрдайым зұлымдық көретін. Доминион есімі берілген алғашқы топтағы колониялары ішкі істерінде еркін, ал сыртқы істерде Англия мемлекетіне бағынышты еді. Бұндай отарларға мысал ретінде Канада, Австралия, Жаңа Зелландия сияқты елдерді айта аламыз.

Англияда отарлау жұмыстарын басқару екі министрлікке берілген еді. Бұлар Отарлау (колониялар) министрлігі және Үндістан министрлігі. Отарлау министрлігінің басында **Secretary of state for the Colonial department** (Ағылшын колониялары бас секретарі) деген атақ берілген кісі отырады. Бұл секретарьдің екі кеңесшісі және төрт жәрдемшісі бар. Кеңесшілерінің бірі халық палатасынан болады. Биліктегі үкімет ауысқанымен кеңесші, жәрдемшілері ауыспайды. Төрт жәрдемшінің бірі Канада, Австралия және кейбір аралдарды, екіншісі оңтүстік Африканы, үшіншісі Шығыс және Батыс Африканы, төртіншісі болса Үндістанды қадағалап отырады.

Ислам дұшпандығы, зұлымдық, жауыздық, құлық және қиянат негізіне құрылған Англия империясы өзіне «үстінде күн батпайтын мемлекет» есімін берген. Канада, Шығыс Африка, Жаңа Зелландия, Пасифик аралдары, Тонга, Австралия, ағылшын Белужистаны, Бирмания, Аден, Сомали, Борнео, Бруней, Саравак, Үндістан, Пакистан, Бангладеш, Малайзия, Индонезия, Гонг-Конг, Қытайдың бір бөлігі, Кипр, Мальта, х.1300 [м.1882] жылы Мысыр [Египет], Судан, Нигер, Нигерия, Кения, Уганда, Зимбабве, Замбия, Малави, Гренада, Гуяна, Ботсвана, Гамбия, Гана, Сьерра Леона, Танзания, Сингапур сияқты елдер Британия гегемониясына кірді. Бұл мемлекеттер тілдерінен, діндерінен, салт-дәстүрлерінен ажырады. Жер асты, жер үсті қазба-байлықтары ағылшындар тарапынан талап-тасып кетілді.

XIX ғасырдың аяғындағы басқыншылықтарының нәтижесінде ағылшындар дүние жүзінің шамамен төртте біріне өз өктемдігін жүргізіп, дүние халқының төртте бірінен астамына қожайындық етті.

Ағылшындардың отарлап алған мемлекеттері ішінде Үндістанның орны ерекше болатын. Ағылшындардың дүние саясатында

үстемдік құруын қамтамасыз еткен фактор Үндістанның 300 млн. халқы [бүгінгі күнде 1 млрд.тан асты] және шексіз жер асты байлықтары. Тек 1-ші дүниежүзілік соғыста ағылшындар бұл колониясынан 1,5 млн. әскер және 1 млрд. рупи ақша алған еді. Бұл күштің үлкен бөлігін Османлы мемлекетіне қарсы қолданды. Ал бейбітшілік замандарында Англияның орасан зор индустриялық экономикасын және қазынасын толтырып отырған осы Үндістан болатын. Үндістанның басқа колониялдық мемлекеттер ішінде ерекше бір орынға ие болуының екі себебі бар: біріншісі ағылшындардың дүние жүзі мемлекеттерін талауларына кедергі болып тұрған Ислам дінінің Үндістанда кең тарағаны және билікте мұсылмандардың болуы. Екіншісі Үндістанның қазба-байлықтары болатын.

Ағылшындар Үндістан колониясын уысынан шығармау үшін Үндістанға барар жолдағы бүкіл Ислам өлкелеріне соғыс ашып, ол жерлерге бұзақылық кіргізіп, бауырлар арасын суытып, ол елдерде үстемдік құрып, бүкіл қазба байлықтарын, ұлттық табыстарын талап, өздерінің мемлекетіне тасып отырды.

Осман императорлығының әрбір басқан қадамын аңдып және саяси ойындармен Осман империясы мен Орыс патшалығының арасында соғыс отының түтеуіне себепші болып, Османлы мемлекетінің Үндістанға ешбір жәрдем, ешқандай қол ұшын бере алмайтындай жағдайға келтіру ағылшын саясатының негізі болатын.

Үндістанға алғаш аяқ басқан европалықтар португалдықтар болған. Хижраның 904 [м.1498] жылы Үндістанның Малабар жағалауындағы Калькутта қаласына келген португалдықтар саудамен айналысып, Үндістан саудасын өз қолдарына алған. Уақыт өте келе голландиялықтар Үндістан саудасында португалдықтардан озған. Кейін олардан бұл үстемдікті француздар алып соңында сауда-саттық тізгінін ағылшындарға беруге мәжбүр болған.

Үндістандағы Ислам ғалымдарының ұлыларынан болған Мұхаммед Фадли Хақ Хайрабади **«әс-Сәурәт-ул- Хиндийа»** (Үндістан төңкерілісі) атты кітабында және бұл еңбектің **«әл-Йа уақит-ул-миһрийа»** атты қосымшасында келтірілген деректер бойынша: ағылшындар алғаш рет хижраның 1008 [м.1600] жылы Үндістанның Калькутта қаласында сауда-саттық жасау үшін Акбар шахтан рұқсат алған. Осы жылы патшайым Елизавет «Шығыс Үндістан» компаниясының ережелерін бекітті. Бұл ережелер бойынша, компания Англиядан ерікті әскер жинап, өз ақшасына оларды қаруландырып, Үндістанға әскери және сауда-саттық сапарлар жасауға сертификат-рұқсат алды.

Акбар шах сенімі бұзылған кісі болатын. Барлық діндерді бір келкі көретін. Тіпті әртүрлі дін өкілі ғалымдарды жинап, бұл діндер жинағының арасынан қоғам үшін жалпы бір дін құруды да қарастырған. **«Илаhи дін»** деп атаған бұл дін хижраның 990 [м.1582] жылы ресми түрде жарияланды. Осы жылдан бастап, өлгеніне дейін Үндістанда, әсіресе сарайда Ислам ғалымдарының беделі түсіп, Акбар шахтың дінін ұстанған кісілер биік дәрежелі қызметтерге көтеріле берді. Міне осындай аласапыран заманда ағылшындар Үндістанға кіріп келді. Кейін І Шах-и Әлем Мұхаммед Бахадүр Шах бин Әлемгир заманында Калькутта қаласынан жер сатып алды.[1] Бұл жерлерді қорғауды сылтау етіп, Британиядан әскер алып келді. Хижраның 1126 [м.1741] жылы Сұлтан Фаррух Сир шахтың дертіне шипа тауып бергендері үшін бүкіл Үндістан бойынша жер сатып алуларына рұқсат берілді. Хижраның 1174 [м.1760] жылы таққа отырған Шах-и Әлем Сани [екінші Шахи Әлем] Бенгал өлкесін ағылшындардың компаниясына жалға береді. Бұдан пайдаланған ағылшындар биліктерін Бенгалдан орталық Үндістан және Ражпутания [Ражистан] жерлеріне дейін кеңейтіп алды. Үндістанның барлық жерлерінде бүлік және қақтығыстар шығарып жүрді. Хижраның 1218 [м.1803] жылы ағылшындар Шахи Әлем Саниді өздеріне бағындырып алды. Делиден шығарып отырған үкімдерін Шахтың атымен жариялап отырды. Біраз уақыт өткеннен соң Үндістан Бабыр мемлекеті тарихында алғаш рет Шахи Әлем Санимен бір ағылшын генерал-губернаторының дәрежесі теңбе-тең деңгейге келтірілді. Мұсылман үнді патшаларының аттарын ақша беттерінен алып тастады. Хижраның 1253 [м.1857] жылы ІІ Бахадүр Шах билік басына келді. Ол ағылшындардың істеп жатқан зорлық-зомбылықтарына шыдай алмай 1274 [м.1857] жылы әскерлерінің және халықтың қолдауымен ағылшындарға қарсы үлкен көтеріліс бастады. Осылайша өз атынан ақша шығаруға және хұтба оқуға келісім алғанымен, бұған қарсы ағылшындардың жауаптары және зұлымдықтары шектен асып түсті. Ағылшын әскерлері аяқастынан Делиге кіріп үйлерді, дүкендерді талан-таражға салды. Кәрі жас, әйел, шал, бала деместен мұсылмандардың барлығын аяусыз жаншыды. Қалада ішерге су да табылмайтын замандар болды.

[**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** Адам алейhиссаламнан осы күнге дейін әркезде, әр жерде жаман адамдар жақсыларға шабуыл жасап келген. Аллаhу та'ала барлық нәрсені себептермен жаратуда. Жамандардың жазасын тағы жаман адамдар арқылы беруде. Зұлымдық жасағандарға,

[1] Бірінші Шах Әлем бин Әлемгир х.1124 [м.1712] жылы дүниеден өтті.

кінәсіз жұрттарды қинағандарға дүниеде де жазасын беруде. Жамандармен бірге жақсылар да азап көруде. Осылай зұлымдыққа ұшырағандардың және соғыста өлгендердің және апатқа ұшырап өлген мұсылмандардың барлығы шәһит болады. Дүниеде азап шеккен жақсы, кінәсіз мұсылмандарға ахыретте көп нығметтер беріледі. Ал ахыретте нығметке қауышуы үшін иман келтірген болуы керектігі дін кітаптарында жазылған. Бұл кітаптар дүниенің барлық жерінде бар. Бұл кітаптарды оқып сенбеген адам кәпір болады. Ислам туралы естімеген адам кәпір болмайды. Естігеннен кейін **«Ла илаһә иллаллаһ Мухаммадун Расулуллаһ»** деген және бұған сенген адам мұсылман болады. Мұның мағынасы **«Барлық нәрсенің жаратушысы Аллаһ бар және Мұхаммед алейһиссалам Оның Расулы-елшісі»** дегенді білдіреді. Мұсылман болған адам Оның соңғы пайғамбарына бағынады. Көп жерлерде кәпірлер, залымдар кінәсіз мұсылмандарды, әйелдерді, балаларды өлтірген. Бұл өлтірілген мұсылмандар шәһит болады. Олар өлтіріліп жатқанда өздеріне жасалған зорлықтардың ауруын сезбейді. Өлер алдында көздерінен перде көтеріліп, өздеріне қабірде берілетін Жаннат нығметтерін көріп қатты қуанады. Шәһиттер өлім алдында мүлдем жандарының ауырғанын сезбейді. Керісінше көңілденіп, қуанып жан тапсырады. Жаннат нығметтеріне қауышады. Хадис шарифте: **«Мұсылмандардың қабірі жаннат бақшаларынан бір бақша болады»** деп бұйырылған.]

II Бахадүр шахтың қолбасшыларынан Бахт хан сұлтанды армиясымен бірге кері шегінуге көндірсе де, ағылшындарға ұнауды көздеген Мырза Илаһи Бахш есімді басқа бір қолбасшы Бахадыр шахқа әскерлерден бөлініп шығып берілетін болса, ағылшындарға оның кінәсіз екенін, өз еркінсіз әскер басына шығарылғандығын айтып және ағылшындар оны кешіретіндігін айтып шахты алдайды. Бахадыр шах бұл қулыққа алданып, кері шегінген армиясынан бөлініп Дели қаласының ішіндегі Қалаи Муалладан 10 км ұзақтағы Хумаюн шахтың кесенесіне барып паналайды.

Қатынбаздығымен даңқы шыққан және сол кезде ағылшын армиясында тыңшылық қызметін басқаратын Хадсон атты поп бұл жағдайды Режеб Әли деген сұмпайы кісінің аузынан естіп, бұл жайында генерал Уилсонға мәлімдейді. Оны ұстауға көмектесуін сұрайды. Уилсон бұл попқа беретін әскердің жоқ екендігін айтқанында Хадсон бұл істі өзі бірнеше кісімен орындай алатындығын айтып, генералдан тек сұлтанның өзіне және жанұясына зиян тимейтініне кепілдік берем деген қолхат беруін сұрайды. Генерал Уилсон Хадсонның бұл ұсынысын зорға қабыл етеді. Сосын 90 жауынгермен Хумаюн мазарына

барған Хадсон сұлтанға, өзіне және жанұясына ешкім тимейді деген қол хатты ұсынады. Сұлтан бұған сеніп беріледі. Одан кейін Хадсон сұлтанның екі ұлын және немересін ұстау әрекетіне кіріседі. Бірақ ұлдарының және немересінің қасында қыруар әскерлері болғандықтан Хадсонның бұл пиғылы іске аспай қалады. Кейін генерал Уилсоннан бұларға да ешкімнің тимейтіндігі жайлы қолхат алады. Сұм Хадсон Сұлтанның екі ұлымен немересіне елшілер жіберіп, оларға ешқандай зиян тимейтініне кепілдік берілген қолхаттарды ұсынады. Олар да поптың қара ниетін түсіне алмай торына ілінеді де келіп беріледі. Хадсон ағылшын саясаты және айласы арқылы алдап тұзағына түсірген Сұлтанның екі ұлымен немересінің қол-аяқтарына сол жердің өзінде кісен тағып, кепілдік қолхатының өтірік екенін айтып қарқылдайды.

Шахтың екі ұлымен немересін қолдары байланған түрде Делиге алып келе жатып, Хадсон жас шахзадаларды өз қолымен атып, қандарын ішеді. Жас шахзадалардың өлі денелерін халықтың жүрегіне қорқу салу үшін қалаға кірер дарбазалардың маңына іліп қояды. Бір күннен кейін бастарын кесіп, ағылшын генерал-губернаторы Генри Бернардқа салып жібереді. Шәһит етілген шахзадалардың еттерінен тамақ пісіріп оны зындандағы сұлтан мен әйеліне алып барады. Олар өте аш болғаны үшін бірден жеуге тырысады. Бірақ ненің еті екенін білмесе де шайнамай, жұтпай қояды да құсып ыдыстарды лақтырып тастайды. Еш нәрседен хабары жоқ бұларға Хадсон «Неге ішпейсіздер, өте дәмді сорпа, ұлдарыңыздың етінен жасалған» дейді.

1275 [м.1858] жылы тақтан күшпен түсірілген II Бахадыр Шах көтеріліске және европалықтардың өлтірілуіне себепші болғаны үшін деген айыптаумен сотталды. 29 наурыз күні өмір бойы түрмеде отыруға үкім етіліп, Индокитай [Рангон] деген жердегі зынданға айдалды. Хижраның 1279 [м.1862] жылы қараша айында, отанынан ұзақ бір жерде, Гургани [Бабыр] Ислам империясының соңғы сұлтаны Бахадыр Шах зынданда көз жұмды. Ғұлама Фадли Хақ та хижраның 1278 [м.1861] жылы Андаман арлындағы бір зынданда ағылшындардың қолынан шәһит болды.

Ағылшындар 1294 [м.1877] жылы Османлы-Ресей соғысы кезінде Үндістанды Англия патшалығының қарамағындағы мемлекет деп жариялайды. Әйгілі Шотланд масондар ұйымының өкілі Мидхат Пашаның Османлы дәулетін соғысқа кіргізуі Исламға тигізген ең үлкен зарарларының бірі болды. Оның Сұлтан Абдулазиз ханды шәһит еттіруі де ағылшындардың пайдасына жарады.

Ағылшындар өздерінің дайындаған адамдарын Османлы дәулетінің ең жоғарғы лауазымдарына орналастырған еді. Бұл өкімет

адамдарының аты Османдық болғанымен заты мен пікірі ағылшындық еді. Бұлардың ішінде ең аты шыққандардың бірі Мұстафа Рашид Паша 6 күнге созылған соңғы бас уәзірлік лауазымына отырған күндерінде 28 қазан 1857 жылы ағылшындардың Үндістан мұсылмандарына жасаған зұлымдығын қоштап, құттықтаған. Одан бұрын да ағылшын үкіметі Үндістанда мұсылмандардың зұлымдыққа қарсы көтерілісін басу үшін Англиядан жіберілген көмектің Османлының Мысыр уилаятынан өтуіне Османлы мемлекетінен рұқсат сұраған. Бұл рұқсатты да өздері тәрбиелеген және Османлы мемлекетінің билігіне отырғызған масондар арқылы алған болатын.

Ағылшындар Үндістан халқын Ислам дінінен алыстату үшін ол жердегі медресе және балалар мектептерінің жұмысына түгелімен тыйым салды. Халықты басқара алады деген барлық ғалым, зиялы, лидерлерді шәһит етті. Тіпті мектеп оқушыларын да өлтірді. Бұл орайда 1391[м.1971] жылы Үндістан мен Пакистанға барып келген бір кісінің айтқан әңгімесін келтіруді жөн көрдік:

"Үндістанда Сәрһәнд (Сирхинд) қаласындағы Имам Раббанидің және басқа да әулие кісілердің мазарларын зиярат еткеннен кейін Панипут қаласына, ол жерден Делиге бардым. Панипут қаласындағы ең үлкен мешітте жұма намазын оқып болғаннан кейін, сол мешіттің имамы бізді үйіне шақырды. Жолда келе жатып шынжырланып құлыптанған үлкен бір дарбазаны көрдім. Үстінде ілулі тұрған тақтайшадағы жазуды оқығанымда бұл жердің бастауыш мектеп екендігін түсіндім де имамнан бұл есіктің не үшін жабылғандығын сұрадым. Имам мектептің 1367 [м.1947] жылдан бері жабық тұрғанын айтты. Ағылшындар индустарды айдап салып, оларға Панипуттағы бүкіл мұсылмандарды жас-кәрілігіне, әйел-еркектігіне қарамастан барлығын өлтіргізді. Бұл мектеп сол күннен бері жабық күйінде тұр. Мына шынжырмен құлпы біздің есімізге ағылшындардың зұлымдығын салып тұрады. Біз мұнда кейіннен көшіп келдік, деді.

Ағылшындар өздері билеген бүкіл Ислам мемлекеттерінде Ислам ғұламаларын, Ислам кітаптарын, Ислам мектептерін жойып отырған. Жастардың діннен бейхабар болып өсуін қадағалады. 1834 жылы Калькуттаға келген әйгілі ағылшын Лорд Макколи (Macauley) парсы, араб тілдерінде қандай да бір кітаптың басылуына және таралуына тыйым салды. Бұл тірлігі Англия халқынан үлкен қолдау тапты. Тыйым халқының басым көпшілігі мұсылман болған аймақтарда, әсіресе Бенгалда күшпен іске асырылды.

Ағылшындар Үндістанда Ислам медреселерін жауып, бір жағынан өздерінің көздеген мақсаттарына жеткізетіндей жастар

тәрбиелеу үшін сегізі қыздарға арналған жүз алпыс бес мектеп, колледждер ашты. Бұл колледждерде оқыған студенттерді ата-бабаларының діндеріне дұшпан етіп тәрбиелеген. Үндістанда зұлымдық пен айуандықтың мысалы болған ағылшын әскерлерінің үштен екісі осындай колледждерде білім алған, өз ұлтына дұшпан болған, шоқындырылған немесе ақшаға сатылған өз отандастары – индустар болатын.

1249 [м.1833] жылғы мемлекет заңдары миссионерлік іс-әрекеттің дамуына, жайылуына ыңғайландырып, соның салдарынан протестан ағымының сенімдері Үндістанда құпталып, күшейе түсті. Миссионерлік іс-әрекеттер толық жайылмай және Үндістанда ағылшындардың үстемдігі толығымен қолдарына өтпей тұрып, ағылшындар мұсылмандардың сенімдеріне құрмет көрсетіп, тіпті мешітте қызмет жасаудан, мұсылман ғимараттарын жөндеуге көмектесуден тайынбайтын. 1833 және 1838 жылдарында Англия үкіметінен жіберілген бұйрықтар арқылы ағылшындардың бұл іс-әрекеттеріне тыйым салынған. Ағылшындардың Ислам елдеріне келгендегі бірінші әрекеттері достық ретінде көрініп, жәрдем етіп, мұсылмандарды жақсы көретіндерін айтып, алдап, әбден сенімдеріне кіріп алған соң, Исламның негіздерін, кітаптарын, медреселерін, ғалымдарын біртіндеп жойып отыруды исламға дұшпандық етудің негізгі саяси стратегиясына айналдырғанын осы бұйрықтарынан көріп білуге болады. Осы екі жүзді саясаттарымен мұсылмандарға, Ислам дініне қарсы дұшпандықтарын тамырға балта шапқандай жүргізуде. Кейін келе ағылшын тілін ресми тіл ретінде қабылдатып, жас ұрпақты христиан тәрбиесімен өсіруге кіріседі. Осы мақсатпен көптеген миссионерлік мектептер ашылған. Тіпті Англияның Үндістандағы генерал-губернаторы Лорд Палмерстон және бірнеше ағылшын лордтары: «Үндістан халқы христиандық нығметінен пайдалансын деп Тәңірі Үндістанды ағылшындарға берген» деген еді.

Лорд Макколи Үндістанда түрі, тегі үнді болғанымен, пікірі, сенімі, мінез-құлқы ағылшын болып кеткен ұрпақ тәрбиелеуге көп тырысты. Миссионерлік мектептерде ағылшын тілі мен әдебиетін және христиандықтың үйретілуіне қатты назар аударды. Ал басқа математика, физика, химия сияқты ғылым салаларына мүлдем мән берілмеді. Осылайша ағылшын тілі мен әдебиетінен басқа түк те білмейтін шоқындырылған индустар қоғамы жетіліп шықты. Бұлардың барлығы мемлекет әкімшілігіндегі қызметтерге отырғызылды.

Мұсылман бола тұра діннен шығып (муртад), дінсіз болғандығы үшін жергілікті бұл жастарға әке-шешелері мирас қалдырмайтын еді.

Миссионерлер оның алдын алу үшін 1832 жылы Бенгалға, 1850 жылы бүкіл Үндістанға жүретін жаңа заң шығарып, жергілікті діндерінен қайтып шоқынған муртадтардың әке-шешелерінен мирас алатын құқық алып берді. Осы оқиғаларға байланысты үнділер Үндістандағы ағылшын колледж-мектептерін «Шайтани дәптер» деп атайтын болған. [Ол кезде Үндістанда және Османлы мемлекетінде ресми өкіметтік мекемелерге «дәптер» делінетін.] Хижраның 1344 [м.1925] жылы Үндістанда болған француз журналисті Марсель Перно өзінің кітабында былай жазады: «Үндістанның бас қаласы Калькуттадағы ластық үйлерде адамдармен хайуандар аралас, жылаған бала, ауру кісілердің ыңырсуы естіледі. Арақ-шарап ішіп, есірткі шегіп, маскүнемдік халге душар болғандарды көресің. Адамдардың мұншалықты дәрежеде аш, лас, әлсіз денелерін көргеніңде, бұлардың нендей жұмыс істей алатындығы жайлы өзіңе сұрақ қоясың.

Фабрикаларда жұмыс істеуге таласатын бұл кісілерге фабрика басшылығы қаншалықты ақша төлейді екен? Мұқтаждық, қиыншылық, ауру, маскүнемдік бұл бейшараларды жауыз мақұлық сияқты қиратуда! Дүниенің төрт бұрышында да ағылшындардың адам өміріне немқұрайлықпен қарауы бұл жердегідей болмаған шығар. Жұмыстың барлығы бірдей болып, ауыр-жеңіл деп бөлінбейтін. Мынау өте ауыр жұмыс жалақыны көтер дейтіндер болатын болса, дереу жұмыстан босатылып, қаптап тұрған адамдардың бірі оның орнын басатын. Жұмыс орнында адам өлімі болып жатса да мән берілмейді. Ағылшындар адамзат жағдайын емес, тек өздерінің өндіріс, өнеркәсіптерн және ақша табу жолдарын ғана ойлайтын.»

АҚШ-тың бұрынғы сыртқы істер министрі Уильям Женнингс Брайан [Williams Jennings Bryan] Англия үкіметінің зұлымдық және опасыздық жағынан орыстардан асып кеткендігін дәлелдерімен айтып **«Үндістанда ағылшын билігі»** атты кітабының соңғы жағында: «Үндістан халқына бақытты рахат өмір сүруді біз үйреттік деп мақтанатын ағылшындар керісінше миллиондаған үнді халқын мазарға тыққан. Оларға әр кезде сот тізімін құрып беріп, заңды үстем қылдық дейтін ағылшындар заңсыз жолмен үнді халқын соңғы жібіне дейін сыпырып, тыр жалаңаш қалдырды. Тыр жалаңаш деп айту біраз дөрекі болғанымен, ағылшын өкіметінің істеген тірлігін басқа сөзбен жеткізу мүмкін емес.

Христиандық үшін деген ұрандармен майданға шыққан ағылшын қауымының ар-ұжданы, тұтқындық азабы астында жатқан үнді мұсылмандардың көмек сұрағанын естуді де қаламайды» дейді.

Мистер Ходберк Кэомбт **«Бір үндістандықтың өмірі»** атты кітабында былай жазған: «Қожайындары [ағылшындар] үндіге зұлымдық жасап жатса да, ол барлық нәрсесінен айырылып қалғанға дейін олардың жұмысын істеп, қызметін атқарады». Бұл сөздер ынсапты христиандардың, ағылшындардың істеген айуандықтары туралы жазған ақиқаттарының бірнешеуі ғана.

Ағылшындардың басқа колонияларына жұмысқа деп алып барған үнді мұсылмандардың жағдайы бұдан да нашар болатын. 1834 жылы ағылшын өнеркәсіп иелері Африка халқының орнына үнді жұмысшыларынан пайдалануды бастады. Үндістаннан оңтүстік Африка жерлеріне мыңдаған мұсылман жұмысшылар алып барылды. «Кули» деп аталатын бұл жұмысшылардың жағдайы құлдардың жағдайынан бетер болатын. Бұлар **«Индентуред лабоур»** [келісімді жұмыс] деп аталған жүйемен жұмысқа тұратын. Осы контракт бойынша кули бес жыл бойы жұмыс берушінің қол астында жұмыс істейтін. Бұл бес жыл ішінде кулидің жұмысты тастауға, үйленуге құқығы болмай, күндіз-түні қамшы жеп, жұмыс істеуге мәжбүр болатын. Бұдан басқа жылына бір рет үш ағылшын алтыны көлемінде салық беруге міндетті болған. (Бұлар **«Labour in India»**, **«Post-Lecturer in the University of New-York»** баспалары арқылы бүкіл дүниеге жариялануда.)

Әйгілі Ганди Англияда оқып, Үндістанға қайтып оралған. Ганди ағылшында қолында христиандықты қабылдаған, тіпті Порбандар қаласының бас попы деген лауазымға көтерілген бір үндінің ұлы болатын. Хижраның 1311 [м.1893] жылы Үндістандағы бір ағылшын фирмасы оны Оңтүстік Африкаға жібереді. Ол жердегі үнді жұмысшылардың өте ауыр шарттарда істеп жатқанын, ағылшындардың оларға хайуандан төмен қарайтынын өз көзімен көрген Ганди ағылшындарға қарсы шыға бастады. Ағылшындардың қолында тәрбиеленген, христиандыққа өткізілген жанұядан шыққанына қарамай Ганди олардың бұл зұлымдығына шыдай алмады. Осының арқасында халық алдында беделі өскен.

Ағылшындардың бүкіл Ислам әлемінде жүргізіп отырған саясатының негізі мына үш сөзде жиналған: «Бөл, биле және діндерін жой». Осы саясатты жүргізу үшін ешбір нәрседен тайынбаған.

Үндістанға келгендегі ең алғашқы істері, өз қарамағына жан тәнімен беріліп істейтін адамдарды жинау болды. Бұл адамдарды қолдана отырып бүлік шығара бастады. Ол үшін мұсылмандардың билігі астында жүрген үнділерді қолданды. Мұсылмандардың әділеті астында өмір сүріп жүрген Үнділерге: «Бұл жерлердің шынайы иесі сендерсіңдер, мұсылмандар сендердің тәңірлеріңді [сиыр] сойып жатыр,

бұған тоқта дейтін заман келді» деп үгіттеген. Осы саясатты пайдалана отырып, үнділерді өз қатарларына қосқан. Үнділерден ақылы әскер жинап үлкен армия құрды. Осылайша патшайым Елизаветтың бекіткен ақылы әскер жинау жұмысы іске асып жатқан кезде, үнді сауатсыздығы мен ағылшынның Ислам дұшпандығы және ақшақұмарлығы бірлескен болды. Мұсылман бектерімен үнді махараджалырының арасына бүлік салынып, қақтығыстар шығарды. Мұсылмандардың арасындағы иманы әлсіз кісілер де ақша күшімен ағылшындардың қатарларына тартылып отырды.

Өзі бірнеше рет вице-король лауазымына көтерілген және "Үндістан қоғамының" мүшесі болған әйгілі ағылшын Сэр Джон Стречи [Sir John Strachey] мұсылман-үнді дұшпандығы жайлы былай баяндайды: «Үстемдік құру, араларын жік-жікке бөлу үшін, жасалатын әрбір әрекет үкіметіміздің саясатына сай. Үндістандағы саясатымызға ол жердегі бір-біріне дұшпан екі топтың бір арада өмір сүруі көп көмегін тигізді». Осы дұшпандықты күшейтіп отырған ағылшындар х.1164 [м.1750] - х.1287 [м.1870] жылдар аралығында үнемі үнділерге жақтасып, олармен күш біріктіріп, көп мұсылмандардың өлімдеріне себепші болған.

1858 жылы басталған мұсылман-үндістер арасындағы соғыс барған сайын үдеп, күшейе берді. Ағылшындар үнділерді мұсылмандарға айдап салып қойып, сырттан қуана бақылап тұратын. 1990 жылда да Босниялық сербтерді мұсылмандарға қарсы айдап салған өздері еді. Көшелерде мұсылман балаларының, қыздардың денелері қанға бөленіп жатқанда ағылшындар оны көріп ләззат алатын. Үндістанда ағылшындар келгеннен бастап сиырды құрбандыққа шалу себебімен ұрыс-керістер болып, соның салдарынан жүздеген, мыңдаған мұсылмандардың қаны төгілмеген ешбір жыл өткен емес. Бұл дұшпандықты өрбіту үшін мұсылмандар арасында «Құрбандыққа бір сиыр сою, жеті қой сойғаннан абзал» деген пікірді жайды. Ал үнділер жағына «Сиыр тәңірін өлімнен құтқару үлкен сауап» деген пікірді таратты. Дәл осы бүлік олар Үндістанда тастап шығып кеткеннен соң да жалғасты. Бұған мысал ретінде премьер-министр Мусаддық заманында Иранда шыққан **"Иттилаат"** атты журналдағы мақалаға назар аударайық:

«Бір Құрбан айт күнінде сақалды, сәлделі екі мұсылман құрбандыққа шалу үшін бірігіп бір сиыр сатып алады. Үнділердің кварталынан өтіп бара жатқанында бір үнді бұлардан сиырды не істейтіндігі жайлы сұрайды. Олар құрбандыққа шалатындығын айтады. Сонда әлгі үнді бар дауысымен: «Ей халайық! Мыналар біздің

тәңірімізді соймақшы, жиналыңдар» деп айқайға салады. Ал мұсылман екі кісі: «Ей мұсылмандар! Көмек беріңдер, мыналар біздің құрбандығымызды тартып алмақшы» деп дауыстайды. Үнділермен мұсылмандар жиналады. Пышақ, балта, қолға не зат түссе алып, бір-бірімен алыса кетеді. Осы оқиғада жүздеген мұсылмандар өлтіріледі. Әлгі сиырды үнділердің кварталына алып келген екі кісінің ағылшын елшіханасына қашып, тығылғанын жұрттар көреді. Бұл оқиғадан осы қан төгуді ұйымдастырғандардың ағылшындар екенін айқын көруге болады. Осы оқиғаны жазған журналист мақаласының аяғында ағылшындарға біз сендердің мұсылмандарға бір айт мерекесін қалай қанға бөлегендеріңді жақсы білеміз деп үндеу жазған». Ағылшындар осы сияқты жолдармен көптеген бүліктер шығарып мұсылмандарды жоюға тырысқан.

Кейіннен бірте-бірте үнділердің өздеріне қарсы шыға бастағанын түсінген ағылшындар 1287 [м.1870] жылынан кейін үндістерге қарсы мұсылмандарға жақтаса бастады.

Мұның нәтижесінде қылышпен жиһад етудің парыз еместігін, Исламда харам делінген нәрселерді халал дейтін, дінді және иман негіздерін өзгертуге тырысатын мұсылман есімді әһли сүннетке дұшпан кісілер тәрбиеленіп отырды. Сэр Сайид Ахмет, Ғұлам Ахмет Қадияни, Абдуллаһ Ғазнауи, Исмаил Дехлеуи, Нәзір Хусейн Дехлеуи, Сыддық Хасанхан Пехупали, Рашид Ахмет Кенкухи, Вахид-уз-заман Хайдар-Абади, Әшрәф Әли Таханауи және шах Абдулазиздің немересі Мұхаммед Исхақ ағылшындардың тәрбиесін алған молдалар болатын. Ағылшындар осыларға қолдау көрсетіп, бұлар арқылы негізі бұзылған жаңа секталардың (ағым) пайда болуына себеп болды. Мұсылмандарды да осы ағымдарға түсуге ынталандырды.

Бұл ағымдардың ішінде ең мәшһүрі х.1296 [м.1879] жылы құрылған **«Қадиянилик»** сектасы болған. Оның ірге тасын қалаған Ғұлам Ахмет: исламда жиһад қылышпен емес, сөзбен, насихатпен болу керек, - деген пікірді таратты. Ағылшын тыңшысы Хемфер де Нәждтік Мұхаммедке осы пікірді сіңіруге тырысқан еді.

Ғұлам Ахметтің өзі Исмаили сектасынан шыққан бір зындық[1] (муртад) болатын. Хижраның 1326 [м.1908] жылы өлді. Ағылшындар оның ақшаға құмарлығын пайдаланып, сатып алды. Ғұлам Ахмет алдымен өзінің мужаддид[2] ғалым екендігін, кейін Маһди екендігін айтып жүрді. Соңында өзіне пайғамбарлық берілгенін айтып, жаңа дін

---

[1] **Зындық** - өзін мұсылман етіп көрсететін кәпір.
[2] Әр жүз жылда келетін дінді жаңартушы ғалым.

алып келгендігін жариялады. Алдап, тұзағына түсірген адамдарын “үмбетім” деп атады. Құран кәрімдегі көптеген аяттарда өзінің келетіні жайлы жазылғанын, бүкіл пайғамбарлардың мұғжизаларынан көп мұғжизасы бар екендігін айтты. Өзінің артынан ермегендерді, сөздеріне сенбегендерді кәпір деп атады. Бұл кісінің ой-пікірлері Пенжаб және Бомбейде надан халық арасында жайылды. Бүгінгі таңда Европада және Америкада «Ахмадия» атымен қадиянилиіктің үгіт-насихаттары жүріп жатқаның көрудеміз.

Үндістанда суннит мұсылмандар кәпірлерге қарсы қарумен жиһад етудің фарз екендігін және ағылшын басқыншыларына көмектесудің, оларға қызмет етудің күпірлік екенін айтатын еді. Ағылшындар осындай уағыздар айтқан, насихаттар жүргізген мұсылмандарға қатал жазалар беріп, көбісін өлтіріп тастады. Әһли сүннет кітаптарын жинап, өртеп жіберді.

Ақшаға сатып ала алмаған мұсылман ғалымдарды көпшілік мұсылмандардан аластатып отырды. Егер оларды халық алдында өлтірсе, халық алдында қаһарманға айналуынан қорқып, оларды Андаман аралындағы зындандарға өмір бойы қамап тастайтын. Үлкен көтерілісті сылтауратып Үндістанның әр жерлеріндегі ислам ғұламаларын тұтқындап, тағы осы аралға жіберді. [Бірінші дүние жүзілік соғысынан кейін Стамбулды қоршап тұрған кезде де Османдық генералдарды және ғалымдарды Мальта аралына сүргінге жіберген еді.]

Исламға деген дұшпандықтарын мұсылмандар сезбесін деген мақсатпен Үндістанды «дар-ул-харб» (кәпір мемлекет) емес, «дар-ул-Ислам» (Ислам мемлекеті) екендігіне өздері жетілдірген дүмше молдалар қолымен фатуалар шығарып, оларды бүкіл халыққа жайды.

Сол дүмше мұнафықтар, Османлы сұлтандарының халифа еместігін, халифа Құрайш руынан болу керек, Османдық сұлтандар халифатты тартып алғандықтары үшін оларға мойынсұнбау керек деген пікірді жайды.

[«Халифа Құрайш руынан (олардың ұрпақтарынан) **болады»** деген хадис шәрифтің мағынасы: халифа болуға лайық, халифалықтың шарттарына ие болған кісілер арасында егер құрайш руынан немесе сайийдтерден (пайғамбар ұрпағы) шыққан адам болса, соны таңдау керек деген сөз. Егерде құрайш руынан ешкім жоқ болса, онда халифа болу құқығы басқа біреуге өтеді. Егер халифа сайланбаса немесе сайланған халифаны басқа бір мұсылман әмір мойындамай, өкіметті жаулап алса, халықтың оған бағынуы шарт болады. Жер бетінде тек бір халифа болады. Бүкіл мұсылмандардың бұл халифаға мойынсұнуы қажет.]

Діни сауаттылықты жоқ қылу, Исламның діни негіздерін іштей жою мақсатымен ағылшындар Алигарх қаласында бір медресе және Алигарх Ислам университетін ашты. Бұл жерде діннен бейхабар, Ислам дініне дұшпан болған дүмше дін адамдарын тәрбиелеп шығартты. Осы университет түлектерінің Исламға тигізген зияндары өте көп болды. Ағылшындар қолымен ашылған осы сияқты медресе және Ислам университеттерінде тәлім-тәрбие алып жатқан адамдардан таңдап алғандарын Англияға жіберіп, Исламды іштен жоятындай жағдайға жеткізген соң мұсылмандардың басына әмірші етіп тағайындап қоятын. Осы тәрбиеден өткен Аюб хан, Мұхаммед Жиннахтың орнына Пәкістан мемлекетінің елбасшысы лауазымына отырғызылған.

Ағылшындар екінші дүние жүзілік соғыстан жеңіске жетіп шыққан болып көрінсе де, негізінде жеңіліске ұшырады. Өйткені өздері «аспанында күн батпайтын мемлекет» деп ат қойған Британия «төбесіне мүлдем күн шықпайтын өлкеге» айналды. Колонияларының көбінен айрылып, жүндері жұлынған тауықтай болып қалды.

Пәкістан мемлекетінің басына отырғызған адамдары Әли Жиннах шиит және ағылшындардың берілген адамы болатын. Ол х.1367 [м.1948] жылы өлгенінде, оның орнына саяси төңкеріс арқылы келіп отырған Аюб хан масон еді. Бұл кәпірдің артынша елді билеген Яхья хан да фанатик қызылбас болатын. Ол х.1392 [м.1972] жылының басында шыққан «Пәкістан-Үнді» соғысында жеңіліп, шығыс Пәкістанды жау қолына беріп қойғандықтан зынданға тасталды. Яхья ханнан кейін өкіметті Зулфикар Әли Бутто басқарды. Бұл кісі де тәлім-тәрбиесін Англияда алған ағылшын тыңшысы болатын. 1974 жылы оппозициядағы қарсыластарын өлтіруге бұйырғаны үшін дарға асылды.

Зулфикар Әли Буттоны құлатып, орнына келген Зия-ул-Хақ Ислам дұшпандарының мұсылмандар жайлы нелер жоспарлап қойғанын, мұсылмандар мен Исламды жоюға бел байлағандарын түсініп, ағылшындардың қалағандарын орындамады. Отанында ғылымның, білімнің өркендеуіне көп күш-жігер жұмсады. Адамның, жанұяның, қоғам және халықтың бақыты мен өркениетінің жалғыз қайнар көзі Исламда екендігін түсінген ол мемлекет заңдарының Ислам шариғатына сәйкес келуін қалады. Бұл қалауын Пәкістан халқынан сұрады. Өткізілген референдум нәтижесінде бүкіл халық бір ауыздан бұл ұсынысты қолдайтынын білдірді.

Ағылшындардың қолында жетілген сатқындар жиналып, Зия-ул-Хақты командасы мен бірге бір қастандық нәтижесінде шәйіт етті. Кейін елбасы болған Әли Буттонның қызы Беназир мемлекетке және Исламға қарсы жасаған қылмыстары үшін қамауға алынған

жауыздардың барлығын түрмелерден босатып, мемлекеттік органдардың басына отырғызды. Қылмыскерлердің билігінде қалған Пәкістанда сөйтіп ұрыс-соғыс, жанжал басталды. Ағылшындардың арманы орындалған еді.

Ағылшындар бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстардан кейін көптеген мемлекеттердің басына ағылшындардың құпия жоспарларын іске асыратын, олардың мүддесін қорғап, оларға қызмет ететін сатқындарды орналастырды. Бұл мемлекеттердің ұлттық әнұраны, жалауы, ел басылары болғанымен діни еркіндігі болмаған.

Соңғы үш ғасырда Түрік және Ислам әлемі қай жерде бір қиянатқа тап болған болса, міндетті түрде оның артында ағылшындардың қолы бар екендігі анықталған. Олар Османлы империясын құлатып, оның орнында 23 дана майда мемлекеттер құрды. Бұның себебі мұсылмандардың қуатты және үлкен бір мемлекет құруларына кедергі болу.

Ислам өлкелері делінген мемлекеттер арасына от салып, бірбіріне дұшпан қылып, соғыстырып отырды. Мәселен, сунни мұсылмандардың мекендеген жері Сирияда халықтың 9 пайызын құрайтын нусайрилерді билікке отырғызды. Бұл үкімет 1982 жылы Хама мен Хумус қалаларында әскери операция жүргізіп, қарусыз сунни мұсылмандарды өлтіріп, бұл екі қаланың күл талқанын шығарды.

Ағылшындардың тәрбиесін алған басшылар билеген ислам елдерінде шынайы әһли сүннет ғалымдары өлтірілді, Ислами кітаптар, тіпті Құран кәрімдер де жинап, өртелді. Осы Ислам ғалымдырының орнына ағылшындардан тәрбие алған діни сауаты жоқ, мазһабсыз адамдар әкелініп “зиялы молда” деген мақтаулармен отырғызылды. Бұлардың ішінен:

Жамалиддин Афғани х.1254 [м.1838] жылы Ауғанстанда туылған. Философия кітаптарын оқыған. Ауғанстанда орыстардың пайдасына тыңшылық міндетін атқарды. Кейін Мысырға барып, ол жерде масон және масондар тобының басшысы болды. Мысырлы Адиб Исхақ **“ад-Дурар”** атты еңбегінде Жамалиддиннің Каир қаласындағы масон ложасының басшысы болғандығын жазған. 1960 жылы Францияда басылған **“Les françо-maçons”** кітабының 127-ші бетінде: «Мысырда құрылған масон ложасының (ұйымы) басына Жамалиддин Афғани, одан кейін Мұхаммед Абдух әкелінді. Бұл кісілер масондық әрекеттің мұсылмандар арасында етек жайуына көп көмегін тигізді» деп жазылған.

Султан Абдулмажид және Султан Абдулазиз хан замандарында бес рет садри азам [премьер-министр] лауазымына отырған Әли паша

ағылшын ложасына қарайтын масондық ұйымының мүшесі еді. Ол Афғани деген сатқынды Стамбулға шақыртырып, жұмыс берді. Ол кездегі Стамбул университетінің ректоры лауазымында отырған кәпір екендігіне пәтуа берліген масон Хасен Тахсин Жамалиддин Афғани басшылығында бірнеше конференциялар ұйымдастырды. Ректор Хасан Тахсиннің өзі де ағылшын масон ұйымына тіркелген Мустафа Рашид паша тарапынан тәрбиеленген еді. Жамалиддин Афғани өзінің бұзық пікірлерін әр жерде айтып жүрді. Сол заманның шайхул-исламы Хасан Фаһми мырза оның далбасаларына жауаптар беріп, Стамбулда бас көтеріп жүре алмайтындай етіп тастады. Артынан Жамалиддиннің діннен шығып, зындық [кәпір] болғанын дәлелдеп, паш етті. Сосын демеушісі Әли паша да оны Стамбулдан шығарып жіберуге мәжбүр болды. Мысырға барып, ол жерде халықтың арасына төңкеріс және дінде реформа пікірін жаюға тырысты. “Араби паша” оқиғасын ұйымдастырғандардың арасына кіріп алып, өтіріктен ағылшындарға қарсы екендігін көрсетті. Мысыр муфтисі Мұхаммед Абдухпен достасып, Ислам дінінің негіздерін өзгерту, реформалау керек дегендей пікірлерімен санасын улады. Парижде және Лондонда масондардың көмегімен “Ислами” журналдар шығарды. Хижраның 1304 [м.1886] жылы Иранға барып, ол жерде де тыныш жүре алмай бүлік шығарған соң кісенделіп, Османлы шекарасына әкеліп тасталды. Бағдатқа, кейін Лондонға барып Иранға қарсы мақалалар жазды. Тағыда Стамбулға барып, ол жерде ирандық Бахаилермен күш біріктіріп, дінді саяси мақсаттарына ойыншық етті.

Жамалиддин Афғанидің мұсылмандықты жамылып Исламды іштей жою үгіттеріне алданған тұлғалар арсында ең танмалы **Мұхаммед Абдух** болатын. Абдух 1256 [м.1849] жылы Мысырда туылып, 1323 [м.1905] жылы сол жерде қайтыс болды. Бейрутта біраз өмір сүріп, кейін Парижге қоныс аударған. Ол жерде Жамалиддин Афғанидің масондар қолымен сызылған еңбектеріне белсенді қатысты. Екеуі бірігіп **“Әл-урват-ул-вусқа”** журналын шығарды. Бейрутқа, Мысырға келіп, Париждегі масондар ұйымы шығарған қарарларын іске асыруға тырысты. Кейін ағылшындардың қолдаумен Мысырда Каирдің бас муфтисі лауазымына отырып алды. Муфти болғандағы ең алғаш істеген жұмысы Азхар университетінің білім жүйесін бұзып, жастарды маңызды білімдерден махрум ету болды. Жоғарғы курстың жаратылыстану сабақтарын программадан алып тастады. Лицей кітаптарын жоғарғы курстарға оқытты. Бір жағынан осылай ілімдерді жоя отырып, бір жағынан да Ислам ғалымдарына жала жауып, “Олар дүниелік жаратылыстану білімдеріне қарсы болатын. Ал мен болсам,

оны Ислам дініне енгіземін” деген пікірді айтты. Өзі жазған **“Ислам және христиандық”** атты еңбегінде: «Бүкіл діндер бірдей. Тек сырт көріністері ғана әртүрлі» деп яһуди, христиан және мұсылмандардың бір-бірімеен араласуын талап еткен. Лондонда бір попқа жазған хатында: «Ислам және христиандық сияқты екі үлкен діннің қол ұстасып, құшақтасатын күндерін сағына күтіп жүрмін. Міне сонда Таурат, Інжіл және Құран бір-бірін қуаттайтын кітаптар болып, әр жерде халықтан қолдау табар еді»- деп жазған.

Азхар университетінің ректоры Шалтутпен бірге жасаған Құран кәрім тәфсирінде банктердің пайыздық жүйесін халал деген фәтуа берген. Кейіннен мұсылмандар тарапынан көрген қарсылық нәтижесінде бұл райынан қайтқандай сыңай танытқан.

Бейруттағы масон ұйымының бастығы Ханна Абу Рашид хижри 1381 [м.1961] жылы шығарған **“Даира-тул маариф-ул-масонийа”** кітабының 197-ші бетінде: «Жамалиддин Афғани Мысырда масон ұйымының басшысы болған. Ғалымдардан және мемлекет қызметкерлерінен тұратын үш жүздей кісі бұл ұйымның мүшесі болатын. Одан кейін имам Мұхаммед Абдух басшылық жасады. Абдух масондардың ең танымалы ең үлкені еді. Оның масондық рухты араб мемлекеттеріне жаю барысындағы жасаған қызметтерін ешкім жоққа шығара алмайды» деп жазған.

Ағылшындардың Үндістанда мұсылмандарға Ислам ғалымы ретінде танытып ұсынған тағыда бір танымал кәпірлерінің бірі **Сэр Сейид Ахмед Хан** хижри 1234 [м.1818] жылы Делиде туылған. Әкесі Акбар шах заманында Үндістанға көшіп келген. Өзі 1837 жылы Делиде ағылшындар сотында соттық қызметті атқарған туыс ағасының хатшысы болып жұмыс істейді. 1841 жылы сот қызметкері, 1855 жылы бас сот қызметкері дәрежесін алған.

Үндістанда ағылшындардың жетілдірген дін адамдарының бірі – **Хамидуллах**. Ол 1326 [м.1908] жылы Исмаилит сектасы өкілдері көп тараған Хайдарабад деген жерде дүниеге келген. Бала кезінен Исмаилит сектасында әһли сүннет дұшпаны болып тәрбиеленді. Парижде CNRS ғылыми зерттеу орталығының мүшесі. Мұхаммед алейһиссаламды тек мұсылмандардың ғана пайғамбары деген пікірді таратуға көп тырысқан.

Ағылшындардың Исламды жою үшін бастаған соғыстарында өз отанын, халқын, дінін сүйетін мұсылмандарды алдау үшін қолданып келген ең әсерлі қаруы – «Исламды жаңа ғасырға сәйкестеу», «Исламды асыл негізіне қайтару» деген тартымды ұрандар астына дінсіздікті, мазһабсыздықты орналастыру болатын. Ағылшындардың бұл қулығын түсінген шайх-ул-ислам Мустафа Сабри: «Мазһабсыздық дінсіздікке

қарай салынған көпір» деген сөзімен Ислам дұшпандарының ниеттерінің, мақсаттарының қандай екендігін жақсы түсіндірген.

Ағылшындар және Ислам дұшпандары тариқат және тасАууф [софылық] жолдарын бұзу үшін де талай тер төккен. Олар исламның үшінші негізі болған ихлас-[ықылас]ты ұмыттыруға тырысты. Тасаууф ғалымдары саясатпен шұғылданбайтын, ешкімнен де пайда, ақша, қамқорлық күтпейтін. Тасаууф ғалымдарының көбі ғалым және мужтаһид болатын. Өйткені тасаууф, яғни софылық (суфизм) Мұхаммед алейһиссаламның жолымен, ізімен жүру деген ұғым. Яғни тасаууф - әрбір сөзі, әрбір ісі ислам үкімдеріне сай болу деген сөз. Бірақ ұзақ уақыттан бері надандар, фасықтар және бірнеше ағылшын тыңшылары жаман ниеттеріне жету үшін тасаууф ғалымдарының аттарын пайдалана отырып, түрлі жасанды ағымдар-тариқаттар құрып, көптеген бүліктер шығарып, діннің бұзылуына себепші болған. Зікір – Аллаһу та’аланы еске алу деген ұғым. Зікір жүрекпен орындалады. Зікір еткен уақытта жүрек тазаланып, жүректен дүниеге, жаратылысқа деген махаббат шығып, орнына Аллаһу та’алаға деген махаббат орнығады. Қазіргі замандағыдай бір топ адамдардың әйел-еркек аралас, бір жерге жиналып айғайлауы – зікір емес. Осындай дүмшелердің қиянаттары және ағылшындардың қолдауы нәтижесінде сахабалардың, дін ғұламаларының жолы ұмытылуға бет алды. Олардан босаған орынға мазһабсыз және тасаууфқа дұшпан болған Ахмет ибн Тәймия “ислам ғалымы” деп жария етілді. Бұл кісінің адастырушы еңбектері негізінде **“Уаххаби”** сектасы құрылды. Ағылшындардың көмегімен уаххабилікті уағыздайтын кітаптар әлемдегі **«Рабита-тул-алемил-ислами»** деген уаххаби орталығы арқылы бүкіл дүниеге жайылды. Көптеген мұсылман елдерінде соғылған зәулім ғимараттардың маңдайына “Ибн Тәймия медресесі” деген жазулар ілінді. Ибн Тәймияның кітаптарындағы бұзық пікірлері мен ағылшын құпия агенті Хемфердің өтірік және жалаларының қосындысына **«Уаххабизм»** есімі берілді. Шынайы мұсылман болған аһли сүннет ғалымдары Ибн Тәймияның кітаптарының дінімізге сай еместігі, бұзықтығы жайлы көптеген кітаптар жазды. Бұл кітаптардың бірі Сомалилік ғұламалардан шейх Абдуррахман Абдуллаһ бин Мұхаммед Херридің **«әл-Мақалатус суннийа фи кәшфи залалати Ахмет ибн Тәймия»** атты кітабы. Шейх Абдуррахман Сомалиде Херер қаласында х.1339 [м.1920] жылы дүниеге келген. Кітабы х.1414 [м.1994] жылы Бейрут қаласында басылды. Бұл кітапта Ибн Тәймияның пікірлеріне қарсы аят және хадистермен жауаптар берген ислам ғалымдары және олардың еңбектері, кітаптары жайлы кеңінен мағлұматтар жазылған. Ағылшындар тарапынан

құрылған уаххабилік, мазһабсыздық, реформизм, сәләфи, қадияни, маудуди және таблиғи жамағат атты адасқан секталардың барлығында тасавуф дұшпандығы бар.

Ислам дұшпандары, әсіресе ағылшындар әртүрлі әдістерді қолдана отырып мұсылмандардың білім және техника саласында кері қалуларына ат салысты. Мұсылмандардың сауда жұмыстарына және өнер-кәсіптеріне әртүрлі сылтаулармен кедергі жасады. Ислам өлкелеріндегі жақсы мінезді жою, Ислам мәдениетіне балта шабу, жас ұрпақты діни ілімдерге күңгірт қарату үшін арақ-шарап, зинақорлық, құмар және доп ойындары сияқты індеттер таратылды. Тәрбиені бұзу үшін мұсылман елдерінде тұратын грек, армян, орыс сияқты ғайри муслим [мұсылман емес] ұлт өкілі әйелдерді тыңшы ретінде пайдаланды. Салтанатты түрде үгіт жүргізіп, мода үйлері, би салондары, модель және артист мамандықтарын үйрету сияқты қулықтармен жас қыз-келіншектерді тұзаққа түсіріп, жаман жолдарға жетектеді. Осы тұрғыда мұсылман әке-шешелер өте мұқият болулары керек. Қыздарын бұл кәпірлердің тұзағына түсірмеу үшін көздері ашық болуы тиіс.

Османлы халифаты соңғы дәуірінде Европада білім алу үшін студеттермен мемлекет қызметкерлерін жіберіп отырды. Бұл шәкірттермен қызметкерлердің кей біреулері кәпірлерге алданып, масон клубтарына мүше болды. Бірінші міндеті ғылым мен техника үйрену болған ондайларға клубтарда Исламды және Османлы халифатын құлатудың техникалары үйретілді. Бұл кісілердің ішінен Османлы дәулетіне және мұсылмандарға бәрінен көп зиянын тигізгені Мұстафа Рашид паша болды. Ол оқу үшін барған Лондонда қатыгез Ислам дұшпаны болып тәрбиеленіп қайтты. Шотланд масондарымен ағайын болады. Сол дәуірдің патшасы және халифасы шенінде отырған Сұлтан Махмут хан масон Рашид пашаның қиянаттарын көріп, өлім жазасына кескенімен, әмірді орындатуға өз өмірі жетпей қайтыс болды. Сұлтанның өлімінен кейін Стамбулға қайтып келген Рашид паша және жолдастары Исламға және мұсылмандарға қарсы жоспарлап қойған сұмдық қиянаттарын жүзеге асырды.

Хижраның 1255 [м.1839] жылы таққа отырған келесі халифа Абдулмажид хан 18 жаста болып, жас әрі тәжірибесіз болатын. Айналасындағы ғалым және уәзірлердің ішінен оған ақ-қараны танытатын ешкім де болмады. Бұл жағдай Османлы тарихында өте қорқынышты бұрылыс кезеңіне айналып, ұлы Осман империясының құлдырау дәуірін бастап берді. Жас падишах айлакер Ислам дұшпаны болған ағылшындардың тәтті сөздеріне алданып, мемлекет қызметтеріне Шотландия масондары тарапынан оқытылып

тәрбиеленген жаһилдерді отырғызды. Бұлардың мемлекетті және исламды іштей құлату саясаттарын бірден аңғара алмады. Исламды құлату мақсатымен Англияда құрылған **«Шотландия масондық ұйымының»** бұлаң құйрық мүшесі Лорд Рэдклиф [Lord Redcliffe] Стамбулға елші ретінде келіп, Мұстафа Рашид пашаның садры-азам [премьер-министр = бас уәзір] болып тағайындалуы үшін сұлтанға көп жалбарынып, тер төкті; «Мына мәдениетті, шебер саясаткер және қабілетті уәзіріңізді садры-азам етіп тағайындасаңыз, Британия корольдігімен Османлы империясы арасындағы бүкіл саяси-экономикалық түсініспеушіліктер жойылады. Осман патшалығы экономикалық, әлеуметтік және әскери салаларда дами бастайды» деп халифаны алдады.

Хижраның 1262 [м.1846] жылы садры-азам лауазымына тағайындалған масон Рашид паша қызмет орнына отыра салысымен 1253 жылы сыртқы істер уәзірі болған кезінде Лорд Рэдаклифпен бірге дайындап, х.1255 жылы жария еткен «Танзимат» заңына сүйене отырып, ірі облыстарда масон ұйымдарын ашуға рұқсат берді. Сонымен халифаттың шекаралары ішінде тыңшылық және қиянаттың ұялары жұмыс істей бастады. Жас ұрпақ діни салада сауатсыз етіп тәрбиеленді. Лондоннан алған бұйрықтар негізінде әкімшілік, шаруашылық, әскери салаларда реформалар жасап, халықтың көзін бояп жатты. Осы “жетістіктерді” жамылып, ислами тәрбиені, ар-намысты, тарихқа және ата-бабаға деген терең құрметті, ауызбіршілікпен татулықты бұзып, ыдыратуды бастады. Өздерінің тәрбиесімен өскен адамдарды басшылық қызметтерге тағайындады. Осы жылдары Европада физика, химия салаларында көптеген жаңалықтар ашылып, үлкен фабрика-зауыттар, университеттер салынып, жаңа соғыс құралдары табылып жатты. Ал Османлы дәулетінде ағылшындардың ойыншығы болған әрі дамудың кепілі болып саналған масон Мұстафа Рашид пашаның арқасында бұлардың ешбірі іске аспады. Тіпті Фатих Сұлтан заманынан бері Османлы медреселерінде оқытылып келе жатқан математика, архитектура, геометрия, астрономия сияқты сабақтар толығымен бағдарламадан алынып тасталды. “Дін адамдарына, молдаларға физика-химияның не керегі бар?” деп, білімді ғалымдардың жетілуіне кедергі болды. Кейіннен келген ислам дұшпандары болса: “имам, молдалардың жаратылыстану пәндерінен хабары жоқ, олар сауатсыз, кері тартпа” деп жас ұрпақтың Исламға деген сүйіспеншіліктеріне су сеуіп отырды. Масон садры-азамның дәуірінде Исламға және мұсылмандарға зиянды болған, мұсылмандықтың үйретілуіне кедергі болған нәрселерге дамушылық, мәдениеттілік, заманауилік деген ұғымдар тағылды. Олар

шығарған жаңа үкім, заңдардың барлығы мұсылмандардың және мемлекеттің зиянына жұмыс істеді. Мемлекеттің негізгі иесі болған мұсылман түріктер екінші дәрежелі азаматтар қатарына түсірілді.

Әскерге бармаған мұсылмандарға жаза ретінде әр адамның өтей алмайтынындай қомақты көлемде ақша төлеу жазасы берілсе, мұсылман емес халық өкілдерінің бұндай әрекетіне аз ғана айып пұл салынды. Бұл отанның асыл азаматтары болған мұсылмандар ағылшындардың айдауымен шығарылған соғыстарда шәһид болып жатқанда Рашид паша және қасындағы масон жендеттерінің ойындарының арқасында мемлекеттің өнеркәсіп және сауда саттық саласы ғайри-муслимдер-[мұсылман еместер]дің қолдарына өтіп кетті.

Ағылшындар орыс патшасы Николай I-дің Құдыста католиктерге қарсы православтарды айдап салды деген жалалармен, орыстардың Жер Орта теңізіне түсуін қаламаған Француз императоры III Банопардты да Түрік-Орыс Қрым соғысына итермеледі. Ағылшындар өздерінің пайдасы үшін французлармен іске асырған осы келісімдерін түрік халықына масон Рашид пашаның дипломатиялық жеңістері ретінде таныстырды. Дұшпандардың осылай тартымды үгіттер, жасанды достықтарымен үстін жабуға тырысқан жауыз ниеттерін барлығынан бұрын байқаған Сұлтан сарайда өкініштен қаншама рет көз жасын төкті. Мемлекетін және халқын кеміріп жатқан дұшпандардан қорғау үшін шаралар іздеп Аллаһқа жалбарынатын. Осы себепті масон Рашид пашаны бірнеше рет садры- азамдықтан түсіргенімен, өзін жұртқа қабілетті, ақылды деп таныткан Рашид паша қулығын асырып, қарсыластарын жеңіп қайтадан лауазымын қолға алатын. Өкінішке орай қайғыдан және өкініштен қажылған Сұлтан туберкулез дертіне шалдығып, жастайынан қаза тапты. Одан кейінгі жылдары мемлекеттік маңызды қызметтерге отырғандар, университеттерде ұстаздық жасаған және сот билігіне келгендердің барлығы Рашид пашаның жендеттері болды. Осылайша мемлекеттің бүкіл органдары масондардың қолына өтіп, “кахти рижал” [басшысы жоқ] дәуірдің ашылуына және Осман дәулетіне «ауру адам» деген ат тағылуына себеп болды.

Экономика ғылымының профессоры Омар Ақсу 22 қаңтар 1989 жылы Түркия газетінде жарияланған мақаласында: «Бізде европалықтарға жетіп алу, оларға ұқсау әрекетінің басы 1839 жылында шыққан “Танзимат” заңына келіп тіреледі. Біз батыс елдерінен тек технологияны алу керектігін, ал мәдениетте оларға еліктемей ұлттық мәдениетімізді сақтап қалу керектігін біле алмаппыз. Батыстықтарға жетіп алу дегенді христиан дінін қабылдау деп түсініппіз. Мұстафа

Рашид пашаның ағылшындармен жасаған сауда келісімі біздің өнеркәсіп саламызға оңдыртпай соққы берді.» деп жазған.

Османлы империясында Шотландтық масондардың маңызды лауазымдарды иеленуінің арқасында халифаларға қастандықтар ұйымдастырылып, шәйит етілді. Отанның және халықтың игілігіне болатын әрбір ізгі іске қарсы шығып, бөгет болып отырды. Көтерілістер, төңкерістердің соңы көрінбей кетті. Осындай отанын сатқан адамдармен қатты күрес жүргізген қаһарман Сұлтан екінші Абдулхамид хан болатын. Осы себептен оны масондар «Қызыл султан» деп қаралауға тырысты. Сұлтан Абдулхамид мемлекеттің экономикасын көтеріп, мектеп пен университеттер ашып, ғимараттарды жөндеуден өткізді. Венадан басқа Европада теңдесі болмаған медицина факультетін ашты. Хижраның 1293 [м.1876] жылы саясаттану факультетінің іргетасы салынды, ал 1297 жылы құқық факультетін ашты. 1301 жылы жоғары инженерлік мектеп пен қыздар лицейін ашты. Европаға оқу үшін барған жастардың масондардың тұзағына түсіп жатқанына кедергі болу мақсатымен Европадағы профессор мен мұғалімдерді өте жоғары жалақымен Стамбулға алып келді. Қыз оқушылардың да осы ұстаздардан жаратылыстану білімдерін алуын қамтамасыз етті. Осылайша өз отанына, халқына және дініне берік мыңдаған ғылым адамдарын, мамандарды тәрбиеледі. Теркос көлінің суын құбырлармен Стамбулға алып келді. Бурсада жібек өңдеу мектебін, Стамбулда ауылшаруашылық және мал дәрігерлігі оқу орындарын аштырды. Хамидияда қағаз фабрикасын, Қадыкөйде табиғи газ фабрикасын және Бейрут портын салдырды. Османлы сақтандыру фирмаларын ашты. Эрегли және Зонгулдак көмір кен орындарын ашты. Ақыл-ессіздерге арналған аурухана, Шишли ауданында "Хамидийа балалар ауруханасын" және "Дар-ул-ажизә" қайырымдылық үйін салдырды. Әскери күшін қуаттандырып өз заманының ең үлкен құрлық әскерін құрды. Ескіріп қалған әскери кемелердің орнына Европадан жаңа соғыс кемелері, суасты, сүңгуір қайықтар алдыртты. "Стамбул-Ескишехир-Анкара", "Ескишехир-Адана-Бағдат" және "Адана-Дамаск-Мәдина" бағыттарына темір жолдарын салдырып, поезд жүргізді. Османлы дәулетінде дүниедегі ең үлкен және ең ұзын темір жол желісі құрылды. Қаһарман халифаның бұл жасатқан еңбектері әлі күнге дейін қолданылуда. Бүгін Түркия, Сирия, Ирак және Арабияда поездге мінген жолаушылар мемлекеттің бір ұшынан екінші ұшына дейін ұласып жатқан темір жол желістерінің Абдулхамид хан заманынан қалған желістер екендігін мақтанышпен көре алады.

Яһудилер ағылшындардың қамқорлығы және үгіттеуімен Палестина жерінде бір яһуди мемлекетін құруды көздеп жүрген болатын. Бұл қауіпті байқап, сионистердің мақсат-жоспарларын жақсы түсінген халифа Абдулхамид хан Палестинадан бір қарыс жер де яһудилерге сатылмасын деген пәрмен шығарды. Бүкіл әлем сионистері ұйымының төрағасы Теодор Херзл және яһуди дінбасы Моше Леви Сұлтан Абдулхамидтің сарайына келіп, еврейлерге палестинада жер сатуын өтінді. Оларға халифа Абдулхамидтің жауабы: «Әлемнің бүкіл патшалары алдыма келіп тағзым етіп жалбарынса, еврейлерге жер сат деп бүкіл байлықтарын алдыма төксе де, сендерге бір қарыс жер бермеймін. Аталарымыздың қандарының құнымен алынған және осы күнге дейін жанымызды беріп қорғап келген бұл отан ақшаға сатылмайды» болды.

Мұндай күтілмеген жауаптан соққы жеген яһудилер сол кездері Османлы мемлекетінен еуропаға оқуға барып, сионистердің тұзақтарына түсіп, ислам және османлы дұшпаны етіп тәрбиеленген жастардың қолымен құрылған оппозициялық “Иттихад уә тараққи” [Бірігу және даму] партиясымен өзара жасырын келісімдер жасады. Мақсаттары халифаға қарсы өз елінің сатқын жастарын айдап салу еді. Бүкіл жауыз күштер бірігіп, халифаға қарсы шабуылға өтті. Мемлекет ішінде қаншама саяси көтерілістер, бүліктер ұйымдастыру арқылы соңында хижраның 1327 [м.1909] жылы халифаны тақтан түсіріп, мұсылмандарды бассыз қалдырды. Бұл саяси дағдарысты ұйымдастырған Иттихад және тараққи партиясының жетекшілері [Мидхад паша, Талғат паша, Ануар паша] халифадан құтылған соң, қайда Ислам дұшпандары мен масондар болса, барлығын жинап келіп, мемлекет қызметтерінің ең жоғарғы лауазымдарына отырғызды. Тіпті діни істерге жауапты шайхул-ислам лауазымына тағайындалған Хайруллаһ пен Мұса Казымның екеуі де масон ұйымының мүшелері еді. Сол жылдары бассыз қалған Османлы Ислам державасының билік басы толығымен масондармен ағылшындарға сатылған сатқындардың қолында қалып, мемлекет қанға батты. Ағылшын күшігі сатқындардың жауыздық жоспарымен және ағылшындардың итермелеуімен бостан босқа шығарылған Балкан, Чанаққала, Орыс және Палестина соғыстарында Абдулхамид ханның жасақтап жетілдіріп кеткен дүниенің ең күшті құрлық әскерлері төрт майданға ажыратылып, жеке жеке талқандалды. Осы соғыстарда миллиондаған Османдық отансүйер жауынгерлер шәһит болды. Бірінен кейін бірі жалғасып жатқан соғыстар жеңілістермен аяқтала берді. Османлы тарихында бұндай жеңілістер болмаған. Үш құрлықты қаптап жатқан үлкен мемлекеттің

басына сионистермен ағылшындардың көмегімен отырып алған ағылшын күшіктері [Мидхад паша, Талғат паша, Ануар паша] мемлекетті құртқа-құсқа жем қылған соң, елдің бірлікке және қорғанысқа мұқтаж болып тұрған кезеңінде халықты басшысыз қалдырып, шетелге қашып кетті. Сатқын екендіктерін де өздері осылай дәлелдеді.

Осман империясында құрылған миссионерлік мектептерде және шіркеулерде масондардың алдауына түскен мұсылман емес халық, Османлы халифатына қарсы көтерілді. Мектептерге мұғалім, шіркеулерге поп атын жамылып европадан келген тыңшылар, журналистер, миссионерлер барған жерлеріне ақша, қару, бұзғыншылық алып келді. Үлкен көтерілістердің арасы үзілмей кетті. Армян, Болгар және Гректер өздері тұрған аймақтарда көтеріліп, жергілікті мұсылман түрік халықын қырды. Мұсылман емес халық өкілдерінің жасаған зұлымдықтары тарих сахнасында қаралы іздерін қалдырды. [Бұл оқиғалар әлем ақпарат құралдарын жаулап алған сионистердің үгіттеулерімен керісінше мұсылмандар армяндарды қырды деп таратылып жіберілді.] Грек көтерілісінде Грекиядан грек әскерлерін Измирге тасып тұрғандар да ағылшындар болатын. Түрік халқына Аллаһу та’аланың мейірімі түсіп, тәуелсіздік жолындағы үлкен күрестердің соңында бүгінгі түрк отаны сақталып қалды.

Осман империясының бөлшектенуімен дүние жүзінде қақтығыстар көбейді. Осман империясы реттеуші қызметіндегі мемлекет еді. Мұсылмандар үшін қорғаныс, ал кәпірлердің бір-бірлерімен қақтығыспауы үшін кедергі болатын. Сұлтан Абдулхамидтен кейін ешбір мемлекетте бейбітшілік, тыныштық қалмады. Еуропа елдерінде бірінші дүние жүзілік соғыста, кейін екінші дүние жүзілік соғыста одан кейін де коммунизм басқыншылығы тұсында қан төгістер мен қырғындар тоқтамады.

Ағылшындармен тіл табысып, күш біріктіріп, Османлы халифатына арттан соққы берген опасыз елдердің ешбірі ешқашан жан рахатын таба алмады. Кейін жасаған қателіктерін түсініп қатты өкінді. Тіпті жұма хұтбаларында да қайтадан Османлы халифаларының атын қосып оқи бастады. Ағылшындар Палестинада Израиль мемлекетін құрғанда барып Османлы халифатының қадірі білінді. Палестиналықтардың еврейлердің қолы астында қандай зұлымдықтарға тап болып жатқанын бұқаралық ақпарат құралдары арқылы бүкіл әлем көріп отыр. 1990 жылы Мысыр елінің сыртқы істер министрі Ахмет Абдулмажид: «Мысыр [Египет] өзінің ең тыныш, ең рахат кезеңін

Османлы халифаты құрамында болған кездерінде өткізген екен» -деген еді.

Христиан Еуропа елдерімен Американың қол ұшы тиді деген мемлекеттерде миссионерлік әрекеттері де қоса жүреді. Миссионерлер негізінде христиан дінін жаю, өздері тәңір деп санайтын Иса пайғамбарға қызмет ету, әлемге бейбітшілік, сүйіспеншілік тарату сияқты алдамшы ұрандардың артына жасырынып алған тек өздерінің (отандарының) ғана қамын ойлайтын ашқарақ, қатыгез адамдар. Олардың негізгі міндеттері барған елдерін христиан елдерге тәуелді қылу. Миссионерлер барған елдердің тілдерін, әдет-ғұрыптарын жақсылап меңгеріп алады. Ол елдердің саяси, әскери, географиялық, экономикалық және діни жағдайларын егжей-тегжейіне дейін зерттеп, өз үкіметтеріне баяндап отырады. Барлық жерде өздеріне қызмет ететін достар тауып, оларды сатып алады. Бұл адамдардың аты-жөндері жергілікті халықтан шыққанын көрсетіп тұрса да, алайда заты христиандыққа өткен надан немесе ақшаға алданған сатқын, опасыз болып келеді.

Миссионер болатын адам қызмет атқаратын еліне жіберіліп, сол жерде тікелей тәрбиеленеді немесе сол елде қызметте болған бір миссионер тарапынан оқытылып тәрбиеленеді.

Масон Рашид паша дайындаған **«Гүлхана фәрманы»** жарлығынан кейін Осман дәулетінде миссионерлік әрекеттер күшейе түсті. Анадолуның [Түркия] ең шырайлы жерлерінде колледждер ашылды. Бұл жарлықтан жиырма бір жылдан кейін Харпут қаласында х.1276 [м.1859] жылы «**Фырат колледжі**» ашылды. Бұл құрылыс салынуында ешбір шығындардан аянбады. Осы арада миссионерлер Харпут аймағында 62 орталық ашты. 21 шіркеу салынды. Алпыс алты армян ауылдарының алпыс екісінде миссионерлік ұйымдар құрылып, әрбір үш ауыл үшін бір шіркеу салынды. Жеті жасар баладан бастап жетпіс жасқа дейінгі бүкіл армяндар мұсылмандарға және Османлы мемлекетіне дұшпан болып жетілді. Миссионер әйелдер де армян әйелдерін және қыздарын осы жолда тәрбиелеуге көп күш жігерін жұмсады. Танымал әйел миссионер Мария А. Уэст кейіннен жариялаған **“Romance of Mission”** кітабында «Армяндардың саналарына кіріп алдып, өмірлеріне төңкеріс жасадық» деп жазған еді. Мұндай әрекеттер армяндар болған барлық жерлерде жүргізілді. Ғазиантеп қаласында **Антеп колледжі**, Мерзифонда **Анадолу колледжі** және Стамбулда **Роберт колледжі** бұлардың ең негізгілері. Мысалыға Мерзифон колледжінде бірде-бір түрік оқушы болмаған, 135 оқушыдан 108-і армян ал 27-сі грек болатын. Бұлардың барлығы Анадолуның жан-

жағынан жиналған пансионатта жатып оқитын оқушылар еді. Колледждің директоры барлық колледждерде болғаны сияқты поп (монах-пірәдәр) болатын. Осы кезеңдерде Анадолу [Түркия] неше түрлі қақтығыстармен қайнай бастады. Армян қарақшыларынан құралған комитетшілер мұсылмандарды аяусыз қырғынға салып, мұсылман ауылдарын өртеп, бұл отанның иесі және қорғаушысы болған Османдықтарды өмір сүру құқынан да махрұм етуді көздеді. Армян қарақшылары бастап берген бұл жауыздықтар хижралық 1311 [м.1893] жылғы мұсылмандарды жаппай жаншуларына (геноцид) апарып соқтырды. Мыңдаған мұсылманның өлімінен кейін өткізілген үкімет тергеуі нәтижесінде геноцидті ұйымдастырған армяндардың осы колледждерде ұялағаны, бүкіл әрекеттерінің дайындығы да осында болғандығы, басшыларының Кайаян және Тумаян атты колледж мұғалімдері екендігі белгілі болды. Бұған қарсы миссионерлер бүкіл дүниеге жар салып оларды жақтап шықты. Бұл екі жауызды құтқару үшін Америкада және Англияда өте үлкен наразылық шерулері өткізілді. Осы себептен Англиямен Османлы империясының ара-қатынасы шиеленісе түсті. Ең қызықтысы 1893 жылы ағылшын миссионерлерінің Лондонда ұйымдастырған наразылық шеруіне Мерзифон Анадолу колледжінің директоры да қатысқан еді. Түркияда мұсылмандарға жасалған геноцид христиан кітаптарында керісінше армяндар өлтірілді деп жазылды. Бұл жалғандардың бірі Бейрутта дайындалған **“әл-Мунжид”** атты арапша сөздік кітабында “маърашˮ сөзінде жазылған.

Ғазиантеп қаласының бұрынғы әкімшілік қызметкері Әйуб Сабри мырзаның 1978 жылы Стамбулда басылған “Тұтқындық жылдары” кітабында былай жазылған: «Ағылшындардың менталитеті бойынша қандайда бір мұсылманға зұлымдық етіп, қорлау ұлттық міндет болып саналады. Жиырма мыңнан астам мұсылман тұтқындардың 1919 жылы Мысырдың Аббасия ауруханасында көздері ойылған, қол-аяқтары шабылған күйде еді. Тұтқындарды анадан туғандай жалаңаштап майорларының алдынан парад қылып өткізетін. Тұтқындар арасынан молда Абдуллаһ тақсыр ең болмаса шүберекпен ұятты жерлерімізді жабуға рұқсат етіңдер деп қаншама жалбарынғанымен оны елемеді. Керісінше мазақ қылып, қорлап тастады. Сол тұтқын жылдарында Яфа қаласының әкімі Омар Байтар мырза, Акка қаласының өкілі және төртінші халифат армиясының инспекторы Асад Шакир мырза, бірнеше ғалымдармен шарифтер және Наблус қаласы әкімшілігінен Сайфиддин мырза да арамызда еді. Тарихта өткен жабайылықтармен инквизиция зұлымдығы біздің ағылшындардан көрген азабымыздың алдында түк те

бола алмайды. Жер бетінде ешбір ұлттың қолынан келмейтін қорлықты, төмендікті ағылшындар жасады.»

Миссионерлер тек 1893 жылы Османлы мемлекеті ішіндегі армян азаматтарына 3 миллион Інжіл (киелі кітап) және 4 миллион христиандықты уағыздайтын басқа да кітаптар таратқан. Бұл факті бойынша жаңадан туылған баланы да қоса есептегенде әрбір армян азаматына 7 кітаптан берілген болады. Сол жылдарда мұсылман елге кіріп алған христиандардың ішінде тек қана Америка миссионерлері жылына Інжіл таратуға 285000 доллар жұмсайтын еді.

Миссионерлердің мұндай қомақты ақшаны діндеріне болған махаббаттары арқасында жұмсады деп айту да аңқаулық болады. Өйткені миссионерлер үшін дін сауда тауары болып есептеледі. Бұл ақшаны Түркияға Исламды жою үшін, Османлы империясын құлату үшін жұмсаған миссионерлер христиан елдерінде ұйымдастырған митингтерде "түріктер армян бауырларымызды қырып жатыр, оларға көмек беру керек" деген уағыздарымен бұл ақшаны жүздеген есе артығымен жинап алған.

Тағы да сол жылдары колледждерде, шіркеулерде миссионерлердің алдауымен, қолдауымен және ағылшын әскерінің елеулі көмегімен грек азаматтары да Афинада және Йенишехирде көтеріліске шығып әйел, бала-шаға демей жүзмыңдаған мұсылмандарды қырып салды. Бұл көтеріліс Эдхем пашаның қол астындағы күштермен 1313 [м.1895] жылы тоқтатылды. Бұл жеңіс тек гректерге қарсы емес, сонымен қатар бұларды көтеріліске қайраған ағылшындарға да қарсы соққы болды.

Англия дәулетін басқарып отырған үш билік – Король, Парламент және Шіркеу, яғни Уэст Министр. Хижраның 918 [м.1512] жылына дейін парламент және король сарайы Уэст Министрдің ішінде еді. 1512 жылы шыққан үлкен өрттен кейін король «Букингем Сарайына» көшіп, парламентпен шіркеу бір шатыр астында қалды. Англияда шіркеумен мемлекет билігі бір-бірімен тығыз байланысты. Король және королеваға тәжілерін шіркеуде бас поп кигізеді.

Ағылшын орталық статистика бюросының «Қоғамның бет алысы» атты баяндамасында «әрбір жүз ағылшын нәрестенің жиырма үші некесіз қатынастан дүниеге келуде» деп жазған.

Стамбулда шығатын бір газеттің 1990 ж. 7 мамыр санында Ағылшын полиция басқармасы Скотланд Ярдтың берген рапортына сүйеніп жариялаған хабарында Лондонда жан қауіпсіздігі қалмағаны, әсіресе әйелдер үшін өте қауіпті қалаға айналғаны жазылған. Ағылшын

полициясының баяндамасы бойынша соңғы он екі айда зорлаумен ұрлықтан бастап қылмыстың барлық түрлері едәуір көбейген.

Бүкіл дүние жүзінде және бүкіл діндерде отбасы әйелмен еркектің қосылуымен болатыны мәлім. Ал ағылшын заңдары екі еркектің қосылуын да мақұлдайды.

1987 ж. 12 қараша санды бір Стамбул газетінің «Ағылшын армиясындағы масқаралық» атты мақаласында патшайым екінші Элизаветаның жеке сақшы полкіне жаңадан түскен жігіттердің намысына тиіп, зорланғаны, оларға жан-түршігерліктей қорлық көрсеткендері жазылған.

1990 ж. 28 желтоқсанда Түркия газетінде жарияланған бір зерттеу мақаласында Англияда шіркеу қызметшілерінің 15% гомосексуалист екендігі, ал парламенттің Лордтар және төменгі палаталарында бұл жағдайдың әлде қайда жоғары кеткендігі келтірілген. Бұл аморалдық құбылыс, ағылшын министрлер кабинетіне дейін жетіп, «Порфюмо жанжалы» дегенге ұқсаған масқаралы оқиғалар орын алып жатты. Европада гомосексуалдықты бірінші болып заңдастырған өлке – Англия. Бұл жиеркенішті әрекеттерін жасаған жерлерінде де ағылшындардың Исламға деген дұшпандығы көзге түседі. Лондонның шеткі көшелерінде жезөкшелік, гомосексуалдық және әр түрлі айуандық әрекеттері жасалатын ғимараттары Исламда қасиетті деп есептелетін жасыл түске боялып, есіктеріне «Мекке» деген жазу тағылған.

Ағылшын Guardian газетінде 200 мың қыздың балиғат кезеңіне келгенінде әкесі тарапынан зорланғаны үшін сотқа арыз жазып, мемлекеттің оларды өз әкелерінен қорғауын сұрағанын жазған. Ал BBC (Би-Би-Си) телеканалы сотқа шағымданбаған жәбірленуші қыздардың саны шамамен 5 миллионды құрайтынын баяндаған.

Британия елі жер ресурстарының, учәскелердің өз азаматтарына бөліп берілуі жағынан да әлемнің ең әділетсіз структурасына ие. Ағылшын шаруасының жер реформалары үшін лордтармен болған таласы, күресі тарх кітаптарына түскен. Бүгінгі таңда да Англия жерлерінің 80% ерекше жеңілдіктерге қол жеткізген элита деп аталатын азшылықтың қолында екені ақиқат.

1992 ж. 31 мамыр жексенбі күнгі шыққан Түркия газетінде мынандай бір ақпарат жазылған: «Англияда, материалдық жағдайы құлдырауы нәтижесінде, жұмыссыздық, жоқшылық және өзін-өзі өлтіру оқиғалары көбеюде. Ағылшын «British medical» медициналық журналында Оксфорд ауруханасының екі дәрігері өздерінің қабылдауында болған пациенттердің жыл сайын жүз мыңының өзін-өзі өлтіруге тырысқанын, бұлардан 4500 өліп кеткенін анықтаған.

Бұлардың 62% жас қыздар болған.» Реактивтік ұшақтарымен, бомбаларымен, зымырандарымен жыл сайын жүзмыңдаған мұсылмандарды қанын төгіп, шәһид еткен, жүзмың отандастарын өзіне қол жұмсауға итермелеген жер бетінде ағылшындар сияқты залым, қатігез, жабайы бір мемлекет бұрын-соңды болмаған.

Ирландия болса қазіргі күні Англияның басына қонған бәле болды. Иншаллаһ әлі өздері қазған зұлымдық апанына өздері түскен күндерді көреміз.

Кітабымыздың екінші бөлімін қасиетті есімімен берекеттену үшін ағылшындарды ең керемет түрде сипаттаған Саййид Абдулхаким Аруаси хазіреттің «рахметуллаһи алейһ» мына сөздерімен аяқтаймыз:

«Исламның ең азулы дұшпаны ағылшындар болады. Ислам дінін егер ағашқа ұқсатар болсақ, басқа кәпірлер ыңғайын тапса, бұл ағашты түбінен шабуға тырысады. Мұсылмандар да оларға дұшпан болады. Шабылған күнде де бір күні бұл Ислам ағашы қайта көктеп, жапырақ салуы мүмкін. Бірақ ағылшындар мүлдем басқа. Олар ағашқа су құйып қызмет етеді. Мұсылмандар да оны көріп, оларды дос деп есептейді. Олар өздерінің дұшпандығын жасырып, бұл ағаштың көлеңкесінде өмір сүріп жүріп, күндердің күнінде кеш қарайғанда ешкімге білдіртпей бұл ағаштың түбіне у құйып кетеді. Ағаш енді қайта көктемейтіндей болып қурап қалады. Кейін келіп: “қандай аянышты” деп мұсылмандарға көңіл айтуды да ұмытпайды. Ағылшындардың ағашқа бұлай у себуі дегеніміз халық арасынан ақша, атақ, лауазым және әйел сияқты нәпсінің құмарлығына сатылған екіжүзді мунафықтардың, тексіздердің қолдарымен Ислам ғалымдарын, Ислам кітаптарын және білімдерін жою деген ұғымды береді.»

Үшінші тарау

Хуласат-уль кәлам

Юсуф Набхани[24] (Аллаһ одан разы болсын) өзінің трактатында: «Аллаһу та’алаға хамд-мадақ болсын! Ол қалағанына мейірімділік етіп, тура жолға салуда, қалаған құлын да адасқан жолында қалдыруда. [Адасушылықтан құтылғысы, екі дүниенің бақытына қауышқысы келіп: «Өзің разы болған хақ жолыңды нәсіп ете гөр!» деп жалбарынғандардың дұғаларын әділдігімен қабыл етуде.] Пайғамбарлардың ең үстемі және ең құрметтісі болған басшымыз Мұхаммед алейһиссаламға салем және салауат болсын! Оның жер жүзінде жұлдыздай жарқыраған отбасына, туыстарына (ұрпақтарына) және сахабаларының әрбіріне игі дұғалармызды айтамыз.

Бұл кітаптың ауқымы кішкене болса да, ұғымы жағынан оқырманға берер іліми пайдасы орасан зор. Ақылы және ілімі бар адам ынсаппен бұл кітапты оқыса, ішіндегі ақиқаттарды қабыл етері анық. Бұл кітап Аллаһу та’аланың мұсылман құлдарына сыйлаған **“сирати мустақим”**ын (хақ жолын) дұшпандарын тастап қойған **“залалат** (адасқан) **жолы”**нан ажырата білуге жәрдемін тигізеді. Бұл кітапты **«Хуласат-уль кәлам фи тәрджихи дин-иль-Ислам»** яғни «Ислам дінін таңдауға септігін тигізер сөздердің жинағы» деп атадым.

Ей, мәңгілік азаптан құтылып, шексіз бақытты әрі қуанышты өмірге жеткісі келетін адамзат баласы! Осы ең маңызды ақиқатқа жету үшін, мәңгілік азаптан құтқарар себепті табу үшін қаншалықты ойланып, бар күш-жігеріңді салсаң, біреулерден жәрдем сұрап күшің жеткенше іздесең бұл себептің шынайы маңыздылығының жанында бұл істегендерің еленбей қалады. Бұл жасағандарың бүкіл дүние байлығына қол жеткізу жолында бір құм зересін ғана берумен тең болады. Әрине бұл ақиқаттың маңыздылығын бұл кішкене кітапшаға сыйғызып түсіндіру мүмкін емес. Бұл еңбегіміз ақылы бар, көңіл көздері ашық адамдарға тек жол сілтеуші ғана. Ақылды адам бір ишараттан мақсатты түсінеді. Бұл ақиқатты тафаккур етіп, жақсы түсіне алуларыңыз үшін жол сілтер бір неше сөз айтпақпын:

Адам өзі үйреніп қалған әдеттерін жақсы көреді. Бұлардан айырылуды қаламайды. Өсе келе өзінің үйіне, мекеніне, қаласына үйреніп, бұл жерлерден айырылу оған өте қатты тиеді. Кейін келе сауда-

[24] Юсуф Набхани х.1350 [м.1932] жылы Бейрут қаласында қайтыс болды.

саттық жасайтын дүкеніне, мамандығына, бала-шағасына, тіліне, дініне үйренеді. Бұлардан да айырылғысы келмейді. Міне осындай жолмен халықтар, әртүрлі нәсілдер, ұлттар, әдет-ғұрыптар қалыптасады. Олай болса, бір халықтың өз дінін жақсы көруі, өздерін сол діннің өкілі ретінде санауы, өздерінің ұстанған дінін жете түсінгендігінен, хақ деп тапқандығынан емес. Сондықтан ақыл иелерінің бұл жағдайда істер әрекеті өз дінімен бірге барлық діндерді зерттеп, солардың ішінде ақиқат дін деп танығанына иман ету болмақ. Өйткені бұзылған, жойылған дінге байлану адамды мәңгілік азапқа, пәлекеттерге сүйрейді. Ей адам баласы қараңғылықтан, надандықтан шығар кез келді! Егер: «Ақиқат дін қайсысы екендігін қалай білемін. Мен көзімді ашқалы естіп үйренген, ұстанған дінімнің ақиқат екендігіне сенемін. Өз дінімді жақсы көремін» дейтін болсаң, мынаны білгенің жөн болар: «Дін дегеніміз Аллаһу та'аланың пайғамбарлары арқылы жіберген әмір мен тыйымдарына мойынсұну». Бұл бұйрықтар адамзаттың Аллаһу та'аланың алдындағы және бір-бірлерінің алдындағы міндеттерінен тұрады.

Қазіргі діндердің арасында Аллаһу та'аланың сипаттарын, иман, ғибадат, құлшылық түрлерін және жаратылғандар арасындағы қарым-қатынасты ең әдемі, ең пайдалы және ең тәртіпті түрде түсіндіргені қайсы? Ақыл – жақсыны жаманнан ажырата алатын күш-қуат. Олай болса, өзін ақылдымын деп есептейтін әрбір жан жамандық деп шешкен нәрселерін тәрк етіп, жақсылық деп естіген нәрселерін сынап, тексеріп көреді. Дінді зерттеп, тексеру дегеніміз, ол діннің тарихы, пайғамбарлары, сахабалары, өкілдері жайлы оқу, іздестіру. Егерде сен осылай тексеріп, зерттеп барып ұнатқан болсаң сол дінге кір! Нәпсіңнің айтқанына емес, ақылыңның айтқанына ер! Нәпсің жанұядан, достарыңнан және бұзылған, жаман дін адамдарынан ұят болатынын, саған олардан зиян келетінін сылтау етіп, сені алдап соғады. Бірақ бұл зияндардың мәңгі азаптың жанында түкке тұрмайтынын ұмытпа! Тек осыны ғана түсінген кісі әлбетте дін ретінде Ислам дінін таңдайды. Пайғамбарлардың соңғысы Мұхаммед алейһиссаламға иман келтіреді. Онсыз да Ислам бүкіл келіп-кеткен пайғамбарлардың барлығына иман етуді талап етеді. Тағыда дініміз әрбір пайғамбардың алып келіп, уағыздаған діндері, шариғаттары ақиқат екендігін, әр бір жаңа пайғамбар келгенінде өзінен бұрынғы пайғамбардың алып келген шариғат үкімдері өз күшін жойғанындай Мұхаммед алейһиссаламның діні келгенінде де басқа бүкіл діндердің үкімдері жарамсыз қалғанын білдірген. Бір адамның өзінің ұстанып, мойынсұнып жүрген дінінің ақиқат дін еместігін түсінуі және бұл дінді тастап, Мұхаммед

алейһиссаламға иман етуі, нәпсіге өте ауыр тиеді. Өйткені нәпсі Аллаһу та'алаға, Мұхаммед алейһиссаламға және Оның дініне дұшпан қылып жаратылған. Нәпсінің бұл дұшпандығына **"Хамият-ул-жаһилия"** делінеді. Бұрыс діндегі ата-аналар, мұғалімдер және жаман жолдастар (радио-теле арналар және үкімет адамдары) нәпсінің бұл дұшпандығын қолдап-қуаттап, күшейтіп отырады. Міне сондықтан «Балаға жастайынан үйрету тасқа ою ойғандай» делінеді. Нәпсінің бұл дұшпандығын жою үшін көп әрекет етіп, нәпсімен күресіп (жиһад етіп), нәпсіні ақылмен сендіріп, жеңу керек. Төменде жазылған насихаттарды мұқият оқып түсіну нәпсімен күресте саған көп көмек көрсетеді.

Бір дінге кіріп, оның қағидаларымен өмір сүруден көзденетін мақсаттың әке-шешеден қалған бір дін деп мақтану үшін еместігі, керісінше мәңгілік бақытқа жету және мәңгі азаптан құтылу үшін екендігі белгілі. Пайғамбар деп - өзіне пайғамбарлық міндетімен сипаттар беріліп және Аллаһу та'аланың әмір, тыйымдарын үмбетіне жеткізетін адамды айтамыз. Осындай бір пайғамбардың соңынан еру, оның әкелген шариғатына мойынсұну керек. Кітаптарда өздеріне "Уәсәни" делінген мүсіндерге, пұттарға табынушылармен "Даһри" делінген құдайсыздар [атеист, масон, коммунисттер] сияқты дінсіздердің жануарлар қатарына жататынын бүкіл діндер біраууыздан айтуда. Өйткені жануарлардың діні болмайды. Ал христиан және яһуди діндері болса, төмендегі себептерге байланысты ақиқат дін деген сипаттан айырылған:

1) Ислам дінінде Аллаһу та'аланың кәміл сипаттары бар. Оның олқы, кем сипаттары жоқ. Ғибадат, құлшылықтарды орындау оңай. Адамдар арасындағы қарым-қатынас әділетпен бекіген. Ал басқа діндердің ғибадат, құлшылық нормалары және араларындағы қарым-қатынастары уақытқа байланысты өзгеріп, ақылға симас пішінге енген.

2) Мұхаммед, Иса және Мұса алейһимуссаламның өмірлерін тарихтардан зерттеп қарайтын болсақ, Мұхаммед алейһиссаламның ең асыл, ең текті, ең пайдалы, ең білімді, ең ақылды, ең үстем, дүние және ахырет ілімдерінде ең ұлы ғалым екендігін аңғарамыз. Алайда ол кісі ешкімге шәкірт болмаған, үмми болған. Яғни ешбір кітап оқымаған, ешкімнен білім-ағартушылық сабағын алмаған.

3) Мұхаммед алейһиссаламның көрсеткен мұғжизалары, басқа пайғамбарлардың көрсеткен муғжизаларының қосындысынан да қаншама есе көп. Басқа пайғамбарлардың көрсеткен мұғжизалары өткінші болып қазіргі таңда қалмаған. Ал Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизаларының бір бөлігі, әсіресе Құран кәрім мұғжизасы қиямет

күніне дейін өз жалғасын таппақ. Оның үмбетінің әулиелерінің кереметтері де әр уақытта және әр жерде көрінуде.

4) Осы үш діннің бізге дейін жеткен деректерінен Мұхаммед алейһиссаламды және Оның алып келген дінін білдіретін Құран кәріммен хадис шәрифтер басқаларға қарағанда әлде қайда көп және сенімдірек (сахих). Бұл хабарлардың барлығы да кітаптарға түсіп, дүниенің түпкір-түпкіріне тарап жайылған. Мұхаммед алейһиссаламға 40 жасында пайғамбар екендігі білдірілді. 63 жасында дүние салды. Пайғамбарлығы 23 жылдық мерзімге созылды. Бүкіл Араб жарты аралы өзіне мойынсұнып, діні әлемге жайылған соң, оның шақыруына шығыста да, батыста да құлақ салушылар пайда болғаннан кейін және сахабаларының (иман келтірген достары) саны 150 мыңға жеткеннен кейін дүние салды. Соңғы қоштасу [Уида] қажылығын 120 мың сахабасымен бірге өтеді. Қажылықтан соң 80 күн ара салып дүниеден өтті. **«Бүгін діндеріңді толықтырдым және нығметімді тамамдадым. Сондай-ақ сендердің діндерің Ислам болғанын қоштап ұнаттым»** деген “Маида” сүресінің 3-ші аяты осы соңғы қажылықта түсті. Сахабаларының барлығы сенімді, ардақты болып көбі дінді тереңінен түсінген ғұлама еді, барлығы да әулие болатын. Олар пайғамбардың дінін, мұғжизаларын бүкіл әлемге таратты. Өйткені жиһад ету мақсатында өздері көп мемлекеттерге тарап кеткен еді. Барған елдеріндегі адамдарға діни білімдерді үйретіп, расулуллаһтың мұғжизаларын да жеткізді. Ол халықтар да сахабалардан үйренген бұл ілімдерді басқаларға үйретті. Осылайша әр ғасырдың ғалымдары өзінен кейінгі ұрпақтың көп санды ғалымдарына ислам ілімдерін үйретіп отырды. Олар да бұл ілімдерді және бұларды жеткізген ғалымдарды өмірбаяндарымен бірге жазып, мыңдаған кітап беттеріне түсірді. Үйренген хадис шәрифтерді сахих, хасен деген сияқты категорияларға бөлді. Ислам дұшпандарының, өтірікшілердің [және яһудилердің] «хадис» деп ойдан шығарған сөздерін сахих хадистерден арашалап, оларды кітаптарына мүлдем алмады. Сондықтан әһли сүннет ғұламалары жазған ешбір кітапта пайғамбарымыз айтпаған сөз хадис деп ұсынылған емес. Осы кісілердің қызметінің және мұқияттылығының арқасында Ислам діні мықты негіздер үстіне құрылды және еш өзгеріске ұшырамай таралды. Басқа діндердің ешбірі бұлай күрделі тексеру және мықты дәлелдермен ұрпақтан ұрпаққа жеткізілгені жоқ.

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед алейһиссаламның мұғжизалары және хақ пайғамбар екендігінің дәлелдері, Исламның негізгі-зәру мәселелері, Аллаһу та’аланың бар және бір екендігі, кемел

сипаттары, Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбарлығы, садық және әмин болғаны, пайғамбарлардың ішіндегі ең үстемі екендігі, адамдардың өлгеннен соң қайта тірілетіндігі, есеп беретіні, сырат көпірі, жаннат сыйлықтары, тозақ азаптары, күніне бес уақыт намаз оқудың парыз екендігі, бесін, аср және құптан намаздарының фарздарының төрт рәкат екені, таңның екі, шамның үш рәкат екендігі, аспанда Рамазанның жаңа айы көрінгенде бір ай ораза тұту керектігі, өмірінде бір рет қажылыққа барудың фарз екендігі, [әйел-қыздардың басы-аяқтары ашық көшеге шығуларының] зинаның, арақ-шараптың [көп ішкенде мас қылатын ішімдіктің тамшысының да] харамдығы, жүніп кісінің, хайыз халіндегі әйелдің және дәретсіздің намаз оқуының харам болатыны секілді ең қажетті діни ілімдер ғалым және ауам әрбір мұсылманға еш өзгеріссіз білдірілген еді. Бұл мәселелермен ілімдердің барлығы біздерге де еш өзгеріссіз жетті. Оны ынсапты христиан және яһуди дін өкілдері де біледі. Өз діндерін үйренген жолдарының мұншалықты берік еместігін өздері де мойындайды. Мұхаммед алейһиссалам заманының бізге басқа пайғамбарларға қарағанда жақынырақ болуы және Ислам дінін бізге дейін жеткізген ғалымдардың санының өте көп болуы Исламға өтіріктермен өзгерістердің араласуына тосқауыл болды. Ал христиан және яһуди діндері бұл екі нығметтен махрұм еді. Иса алейһиссаламмен Мұхаммед алейһиссаламның өмір сүрген дәуірлерінің арасында [тарихшылардың айтуы бойынша] бар жоғы 600 жыл уақыт бар, өйткені Иса алейһиссаламның туылуымен Мұхаммед алейһиссаламның Мекке қаласынан Мадина қаласына хижрет етуі арасында 621 жыл бар [деп айтылуда. Алайда Ислам ғалымдары бұл уақыттың мың жыл екендігін айтқан.] Осыншама ұзақ уақытта дүние жүзінің барлық жағына надандық жайылып, ақиқатпен өтірік хабарларды бір-бірінен ажырата алу мүмкін болмай қалды.

Иса алейһиссаламның дінге шақыру уақыты көпке ұзамады. Үш жылдай қысқа мерзімнен кейін Аллаһу та'ала оны 33 жасында тірілей аспанға шығарды. Осы қысқа уақытта да оның діні кәпірлерге қарсы үстем бола алмады. Өзі де пайғамбарлық міндетін еркін атқара алмады. Оған яһудилер мен Рим үкіметі қатты қысым көрсетті. Иса алейһиссаламның қасындағы «хауарилер» [апостол] деп аталатын жәрдемшілері де аз еді. Оған иман келтірген хауарилердің саны не бары он екі ғана болатын. Иса алейһиссалам аспанға көтерілгеннен кейін оның дініне қатысты хабарлар, аңыздар және мәселелер жинақталып, Інжіл кітаптары жазылды да надан халықтың қолында айналып жүрді. Басқа тілдерге аудару кезінде оның ішіне көптеген өзгерістер енді. Бұл Інжілдердің мазмұны бір-бірлеріне және ақылға сай болмаған қарама-

қайшы мәліметтерге толы болды. Сәйкессіздіктер бір Інжілдің басқа-басқа жылдарда жарық көрген екі нұсқасында да кездесе бастады. Міне сондықтан христиандар арасында ғасырларға созылған келіспеушілік, қақтығыс және келеңсіз жағдайлар белең алды. Оны шешу үшін поптар әр ғасырда жиналып, Інжілдің біраз жерлерін өшіріп, қосымшалар енгізіп, кейбір дінге қатысы жоқ әбес нәрселерді де қосып, жаңадан жазып отырған. Құдайдың сөздерін құлдардың өңдеуінен өткізуден қорқпаған олар, халықты тағы осы «Құдайдың сөздеріне» иман келтіруге мәжбүрлеген. Олардың өңдеуінен өткен Інжіл мәтіндерінің басым бөлігі Иса алейһиссаламға да, оның хауарилеріне де тән болмаған жазулар еді. Сондықтан христиандар көптеген топтарға, секталарға бөлінді, әр ғасырда жаңа ағымдар шығып жататын еді. Көпшілігі ескі христиандар ұстанған жолдан айрылды. Араларында көптеген соғыстар, қан төгушіліктер болып тұратын. Соған қарамастан барлығы да өздерінің жол көрсетуші ретінде ұстанып, үкім шығарып жатқан басқа-басқа Інжіл нұсқаларын Иса алейһиссалам алып келген кітап еместігін білетін.

Мұса алейһиссаламның діні және мұғжизаларын білдірген яһуди кітаптары да дәл осындай жағдайға душар болған. Мұса алейһиссалам, кейбір тарихи деректерге сүйенсек, Мұхаммед алейһиссаламның хижретінен 2348 жыл бұрын дүние салған. Арадағы қаранғы ғасырларда Мұсауи дінінің ұрпақтан ұрпаққа өзгеріссіз өтуі мүмкін емес еді. Бухтун-Насар сияқты залым патшалар яһуди дін адамдарымен ғалымдарын ұстап, өлтіріп отырды. Біразын Құдыс [Иерусалим] ғибадатханасынан Бабиль [Вавильон] қаласына тұтқындап алып кетті. Қуғын-сүргінге ұшырағандығы соншалық, Құдыста Таурат оқи алатын ешкім табылмайтын замандар болды. Даниял пайғамбар Тауратты жатқа оқып, оны жаздырып бұзылуынан аман сақтап қалған болса да, ол дүние салған соң, жаздырғандары да өзгертілді. Тауратқа Аллаһу та’ала мен пайғамбарына жараспайтын жаман, ұятсыз хикаялар араластырылды.

Мұхаммед алейһиссалам дәуірінен бүгінгі таңға дейін оның үмбеті арасында ешқандай надандық, сауатсыздық қаптаған қаранғы дәуірлер болмағанын бүкіл әлем біледі. Керісінше мұсылмандар арасында білім деңгейі көтеріліп, үлкен Ислам мемлекеттері құрылуының арқасында Ислам ілімімен жаратылыстану ілімдері, әділеттілік, адамгершілік және адам құқығы дүниенің түпкір-түпкіріне жайылды. Енді ақылды және ынсапты бір адам бұл үш дінді ақылға салып, зерттеп талқылайтын болса, олардың ішінен Ислам дінін таңдап, сол дінді ұстанары анық. Өйткені зерттеуден көзделген мақсат ақиқат болған хақ дінді табу. Өтірік айту, жала жабу Исламда харам болып табылады.

Аяттармен хадис шәрифтер де осы екі нәрсеге өте қатаң түрде тыйым салған. Кезкелген жай адамға жала жабу үлкен күнә болса, Аллаһтың пайғамбарына жала жабудың күнәсімен харамдық дәрежесі әрине мың есе артық болмақ. Сондықтан да Мұхаммед алейһиссаламның өмірін және оның мұғжизаларын жарытқан ислам кітаптарында ешқандай өтірік, ешқандай адасушылық жоқ. Ақылды, ынсапты адамның қырсығуды қойып, соңы пәлекет болатын дінді тастап, хақ және бақыттылықтың жолы болатын дінді ұстануы тиіс. Бұл дүниенің өмірі өте қысқа. Әрбір күні өтіп, қиялға айналуда. Әр адамның соңы өлім. Өлімнен кейін я мәңгі азап, я мәңгі бақыт бар. Олардың да орындалатын уақыттары бүкіл адамзатқа өте үлкен жылдамдықпен жақындап келуде.

Ей адам баласы! Өзіңе жаның ащысын! Ақылыңнан надандық пердесін алып таста. Бұрыстың бұрыс екендігін көріп, одан құтылудың жолын ізде. Хақтың хақ екенін көріп, оның соңына еруге тырыс! Сенің шешімің өте үлкен әрі маңызды. Уақытың болса аз. Әлбетте сен де бір күні өлесің. Жан тапсыратын кезіңді ойла! Басыңа келетін жағдайларға дайындал. Хаққа мойын имейінше мәңгілік азаптан құтыла алмайсың. Соңғы демдегі өкініш пайда бермес. Жан алқымға келгенде хақты мойындаудың пайдасы болмайды. Ол кезде тек мұсылманның күнәларына тәубесі ғана қабыл болады. Қайтыс болған күнің Аллаһу та’ала саған: «Ей құлым! Саған ақыл берген едім. Ол ақылмен мені табуыңды, маған және пайғамбарым Мұхаммед алейһиссаламға, оның алып келген Ислам дініне иман келтіруіңді әмір еткен едім. Ол пайғамбардың келетінін Тауратта да, Інжілде де хабар берген едім. Оның есімін және дінін барлық жерде әйгілі еттім. Мен естімедім деп айтуына сылтау жоқ. Күні-түні дүниелік байлыққа, дүниелік ләззаттарға қол жеткізумен болдың. Ахиретте не жағдайға душар боларыңды еш ойламадың. Осылай жүргеніңде өлім құшағына бірақ түстің» деп айтса, сен не деп жауап бересің?

Ей адам баласы! Ертеңгі күніңді ойла! Өмірің қиылмай тұрып ақыл-есіңді жинап ал! Айналаңдағы көріп тұрған, сөйлескен, жақсы көрген, қорыққан адамдарыңның барлығы бірте-бірте о дүниелік болды. Барлығы түс сияқты келіп кетті. Жақсылап ойлан! Мәңгі отта жану қандай азап! Ал жәннатта мәңгі ләззаттар құшағында өмір сүру қандай бақыт! Осы екі жолдан біреуін таңдау қазір сенің қолыңда. Бүкіл адамзаттың да соңында барар жері я тозақ, я жаннат. Бұдан құтылу мүмкін емес. Бұны ойламау және оған дайындық жасамау барып тұрған тентектік болар. Аллаһу та’ала баршамызды ақылға сүйеніп, туралықты, ақиқатты тапқандардан қылсын! Амин.

«Қаул-ус сәбт фи рәдди әла дәауил протестанет» атты кітапта былай делінеді: Ғұлама Рахметуллаһ мырза[25] **«Изһар-ул хақ»** кітабында: «Исламнан бұрын ешбір жерде, дұрыс Таурат, Інжіл жоқ болатын. Ал қазіргі Таурат пен Інжілдер бар болғаны шындықпен өтірік аралас деректерден құралған тарих кітаптары ғана. Құран кәрімде аты аталған Таурат пен Інжіл кітаптары қазіргі халықтардың қолындағы Таураттар, Інжілдер емес. Қазіргілердің мәтіндері ішінде Құран Кәрімнің растаған жерлері дүрыс, қаралағандары күпір және әбес сөздер. Ал Құранда білдірілмеген жерлері жайлы дұрыс та, бұрыс та демейміз. Бүгінгі таңда христиандардың қолында жүрген төрт түрлі Інжіл деген кітаптардың Аллаһтан келгені жайлы бірде бір дерек, құжат жоқ. Үндістанда пікір таласқан поптың өзі де мұны мойындаған және "313 жылға дейін әлемде орын алған үлкен қақтығыстарда әлгі құжаттар жоғалып кеткен" деген. Әйгілі Інжіл тәпсіршісі Хорн тәпсірінің 2-томында; тарихшы Мохейм[26] х.1332 [м.1913] жылы басылған тарих кітабының 1-томы, 65-бетінде және Лардис інжіл тәпсірінің 5-томы, 124-беттерінде Інжіл кітаптарына өте көп бөгде жазбалар араласып кеткені және өзгерістер енгізілгені жайлы мәліметтер жазылған. Цирумның[27] айтуы бойынша: "Інжілді аударған кезде нұсқаларының бір-бірлеріне ұқсамайтындығын аңғардым". Адам Кларк[28] өзі жазған тәпсірінің 1-томында былай жазады: "Інжіл латын тіліне әркез аударылғанда көптеген өзгерістерге ұшырады. Оған бір-біріне қарама-қайшы қосымшалар енгізілді". Католик Уорд[29] 1841 жылы жарық көрген кітабының 18-бетінде былай жазады: "Шығыстағы мулхидтер [діннен шыққан кәпірлер] Інжілдің көптеген жерлерін өзгертті. Протестант поптары король I Жеймске берген баяндамаларында дұға кітабымыздағы Забурлар Інжілдің иврит тіліндегі негізгі нұсқаларына

---

[25] Рахметуллаһ Хинди, х.1306 [м.1889] жылы Меккеде қайтыс болды.

[26] Mocheim Johann Lorenz Von , Неміс протестант попы және тарихшы. 1694 ж. Лубекте туылды. Хижраның 1174 ж [м.1755] Гёффинденде өлді. Ең әйгілі кітабы **"Киелі Інжіл тарихы"**.

[27] Cirum, Jerome Saint, Константинопольда үш жыл тұрған. 382 жылы Римге сапар шекті. Папаның хатшысы болды. Інжілді латын тіліне аударды. Жылда 30 қыркүйекте еске алу рәсімі өткізіледі. Латыншаға аударған Інжіл нұсқасы шіркеулердің ресми кітабы болып есептелді.

[28] Adam Clarke, х.1179-1249 [м.1760-1832] Ирландиялық Інжіл уағызшысы. Ең атақты кітабы **"Киелі кітап тәпсірі"**.

[29] Ward William George, х.1228-1300 [м.1812-1882] атақты католик ағылшын попы. Ең әйгілі кітабы **"Христиан шіркеуінің идеалы"**.

мүлдем ұқсамайды. Жалпы екі жүзге жуық өзгерістер таптық деп жазған еді". Протестант поптары да бос отырмай онсызда іші өзгеріп, тек аты қалған Інжілдерді одан бетер өзгертіп жіберді» деген. Рахметуллаһ мырзаның кітабынан алынған үзінді осы жерде тәмамдалады. **«Изһар-ул хақ»** кітабында, бұндай мысалдардың көптеген түрі кездеседі. Изземдин Мұхаммединің **«Әл-фасилу-бәйнәл хақ уәл батыл»** және Абдуллаһ Тәржуманның **«Тухфа-тул-әриб»** кітаптарында Інжілдің өзгергендігі жайлы көптеген мысалдар кездеседі.

Барлық поптарға мәлім болғаны, Иса алейһиссалам ешнәрсе жазбаған, жазылған нәрсе де тастамаған және де біреуге де жаздыртпаған еді. Дінін жазулы түрде уағыздамады. Аспанға шығарылғаннан кейін, Исауилер арасында келіспеушіліктер, бөлінушіліктер басталды. Оның үстіне барлығы бас қосып, діндерінің дәлелдерін, негіздерін анықтап жазып та алмады. Сөйтіп жүргенде елуден көп әр түрлі Інжілдер пайда болды. Бұлардың арасынан ең сенімді деген төрт данасы таңдап алынып, басқалары жарамсыз деп табылды. Иса алейһиссаламнан 8 немесе 12 жыл кейін Палестинада суряни тілінде **«Матта»** Інжілі жазылды. Қазіргі таңда бұл Інжілдің түп нұсқасы жоқ. Грек тіліне аударылып жазылған нұсқасы бар. **«Маркус»** Інжілі отыз жылдан кейін Римде жазылды. **«Лука»** Інжілі 28 жылдан кейін Искандарияда [Александрия] грек тілінде жазылды. **«Юханна»** Інжілі 38 немесе 65 жылдан кейін Анатолияның Эфсус қаласында жазылды. Барлық Інжілдердің мазмұны әңгімелер, хикаялар және Исадан (алейһиссалам) кейін орын алған кейбір жағдай, оқиғалардан құралып келеді. Лука және Маркус деген кісілер Иса пайғамбардың хауарилерінен [апостол] емес. Бұл екеуі басқалардың аузынан естігендерін кітап бетіне түсірген және бұл кітаптарын "Інжіл" деп атамаған, тарих кітабы деген. Кейіннен келген христиандар бұл кітаптарды аударғанда "Інжіл" деп атап кеткен.

Міне осы **«Қаул-ус сәбт»** кітабы бір протестант поптың Исламға қарсы араб тілінде Мысырда жазып, баспадан шығарған **«Әқауил-ул Қуранийа»** кітабына жауап ретінде сайид Абдулқадир Искандарани тарапынан х.1341 [м.1923] жылда жазылған, 1990 жылы «Хақиқат Кітабүйі» баспасында арапша **«Әс-сират-ул-мустақим»** және **«Хуласат-ул-кәлам»** кітаптарымен бірге басылып шыққан.

Түрік тілінде жазылған **«Изһар-ул-мәрам»** кітабында былай делінеді:

Інжіл кітабының түп нұсқасы ибрани [иврит] тілінде болатын. Яһудилер Иса алейһиссаламды өлтіру мақсатында тұтқындауға келгенде түп нұсқа Інжілді тауып жойған еді. Иса алейһиссаламның үш

жылдық дағуат мерзімі бойынша екінші бір нұсқасы жазылмаған еді. Христиандар Інжілдің сол негізгі түп нұсқасының болғанын мойындамайды. Бұлардың "Інжіл" деп көтеріп жүрген төрт кітапта да ғибадаттың, құлшылықтың ешбір түрі кездеспейді. Ол кітаптарда тек Иса алейһиссаламның яһудилермен болған қақтығыс, тартыстары ғана жазылған. Негізінде дін кітабы деген дүниенің ғибадаттарды үйрететін кітап болуы тиіс. Егер христиандар "Біз Таураттың бұйрықтары бойынша ғибадат етеміз" дейтін болса, онда сенбі күнін құрметтеу, сүннетке отыру, күнде таңертең және кешкісін аяқта тұрып дұға ету, белгілі күндері ораза ұстау, әйелінен ажырасу құқына ие болу және шошқа етін жемеу сияқты Тауратың өте маңызды әмірлерін не үшін орындамайды? Інжілдерде бұларды орындамау керек деген үкім де жоқ. Ал Құран кәрімде ғибадаттың әр түрі, жақсы мінезді болудың жолдары, құқық, сауда, шаруашылық негіздері, жаратылыстану білімдерін үйренуге шақыру секілді маңызды мәселелер кеңінен жарытылып, материялдық және рухани әртүрлі қиындықтар шешілген.

Ақындар, әдебиетшілер, кәпірлер 1400 жыл бойы қаншама тырысқанымен Құран кәрімнің бір аятына ұқсаған бір сөйлем айтуға да күштері жетпей жүр. Тілі арапша болуына және күні бүгінге дейін сөйлесіліп келе жатқанына қарамай бір аяттың да ұқсасын таба алмау оның үлкен мұғжиза екендігін көрсетеді. Мұхаммед алейһиссаламның басқа мұғжизалары уақыт өткен сайын қалмай тек аттары қалған. Ал Құран кәрім болса, жарқыраған күндей әрқашан, әржерде өз нұрын шашуда, әр дертке ем және дәру болуда. Аллаһу та'ала бүкіл құлдарын қуанту, бақытқа бөлеу үшін шипалар бұлағы болған оны сүйікті пайғамбары Мұхаммед алейһиссаламға сыйға тартты. Шексіз мейірімділігімен оны өзгертулерден, бұзылудан қорғап сақтады. Басқа илаһи кітаптарды да осылай қорғауға уәде бермеді. [Аллаһу та'ала Құран кәрімді сүйікті елшісі Мұхаммед алейһиссаламға Жәбрейіл (алейһиссалам) есімді періште арқылы бөлім-бөлім халінде 23 жыл бойы түсірді. Алғашқы халифа Әбу Бәкір (радияллаһу анһ) Аллаһу та'аланың жіберген бұл аяттарын жинатып, **«Мусхаф»** атты үлкен кітап халіне келтірді. Отыз үш мың сахаба бұл Мусхафтың Мұхаммед алейһиссалам алып келген аяттардың дәлмедәл өзі екендігін біраузыдан растады. **"Рияд-ун-насихин"** кітабының 375-ші бетінде: «Құран кәрімде 6236 аят бар» делінген. Кейбір ұзақ аяттар қысқа аяттарға бөлінгенінде аяттар саны көбеюде. Осылайша аяттарының саны 6366 болған Мусхафтар да бар. Мұхаммед алейһиссалам Құран кәрімнің барлық аяттарын сахабаларына бірте-бірте тәфсирлеп, терең түсіндірген. Ислам ғалымдары сахабалардан есітіп үйренген аят

мағыналарын, түсіндірмелерін жазып қалдырған. Нәтижеде мыңдаған тәфсир кітаптары жарық көріп, көптеген мемлекеттерге тарады. Қазіргі кезде әлемнің барлық жерлеріндегі Құран нұсқаларының мазмұны бірдей, бір әріптік, бір нүктелік айырмашылық та жоқ.]

Барлық пайғамбарлардың алып келген діндері өз замандарының қажеттіліктеріне, талаптарына сай болғандықтан бір-бірінен өзгеше еді. Бірақ барлығында иман келтірілетін негіздер бірдей болатын. Барлығы Аллаһу та’аланың бір екендігін, өлгеннен кейін қайта тірілудің бар екендігін айтқан. Тәснийа атты кітаптың 4-бөлімінің 39-аятында: «Жер мен көктің иесі біреу ғана, басқа ешкім жоқ», 6-бөлімінде: «Ей Исраил ұрпақтары тыңдаңдар! Аллаһымыз, Раббымыз біреу» делінген. «Сифр-ул мулуки салис»те Сүлейман алейһиссалам Байтул муқаддасты (Иерусалимдегі Ақса мешітін) соққан кезінде: «Ей Исраилдің Аллаһы! Жерде де, көкте де сен сияқты Раббы жоқ. Менің салған мына мешітім былай тұрсын, Сен жер мен көкке де сыймайсың» деп айтқандығы жазылған. «Сифр-ул мулук-ил-әуел»де “Самоил-1”дің 15-бөлімінің 29-аятында, **Самоил** пайғамбардың: «Исраилдың илаһы және құдайы өтірік айтпайды, өкінбейді. Өйткені ол адам емес» деп айтқандығы жазылған. **Ашъиа** пайғамбарға тән екені айтылатын кітаптың 45-бабында: «Құдай менмін! Менен басқа Аллаһ жоқ. Нұр мен қараңғылықты, жақсылықпен жамандықты жаратқан менмін» деген жазулар бар. Матта Інжілінің 19-бабында: «Біреу одан: “Ей жақсы мұғалім! Мәңгі бақытты өмірге жету үшін қандай жақсылық жасасам болады?” деп сұрағанда “Неге маған жақсы дейсің? Бірден басқа жақсы жоқ. Ол да Аллаһ. Мәңгі бақытты өмірге жеткің келсе, Оның бұйырған нәрселерін мүлтіксіз орында!”»- деп айтқандығы жазылған. Маркус Інжілінің 12-бабында: «Хатшылардың бірі: “Бірінші әмір не еді?” деді. Иса алейһиссалам оған жауап ретінде: “Әмірлердің алғашқысы Раббымыз бір. Күшің жеткенінше бүкіл жүрегіңмен оны жақсы көр!”- деді» делінген. Мұхаммед алейһиссалам да дәл солай бұйырған.

Мұхаммед алейһиссаламға сенбеген кісі бұрын өткен пайғамбарлардың ешбіріне иман етпеген болады. **“Әканим-ус-сәласә”** делінген “**Тәслис”** (үш құдай)-ке сену бүкіл келіп кеткен пайғамбарларды өтірікші қылу болып табылады. Тәслис (үш құдай) ақидасы Иса алейһиссалам аспанға көтерілгеннен көп уақыт өткен соң ортаға шыққан сенім. Одан бұрын христиан дін өкілдері таухид [бір құдай] сенімінде болып, Тауратттың үкімдерін орындап жүретін еді. Пұтқа табынушылардың көбі және грек философтары христиан дінін қабылдағаннан соң, өздерінің бұрыннан келе жатқан көп құдайлық сенімдерін христиандыққа алып кірді. Кезінде бір құдайға сенуге

негізделген христиан дініне алғаш рет үш құдай сенімін кіргізген кісінің 200 ж. Себлиус есімді поп болғандығы және осының салдарынан көп қан төгілгендігі, Француз тіліндегі **“Куррат-ун-нуфус”** кітабында және арап тіліне аударылған нұсқасында толық қамтылып жазылған. Сол кезде көптеген христиан ғұламалары таухид (бір құдай) сенімін жақтап, Иса алейһиссаламның адам баласы және пайғамбар екендігін айтқан. 300 жылдары Искандария қаласында [Александрия] Ариюс деген поп таухид сенімін уағыздап, тәслис сенімінің дұрыс еместігін айтты. 325 жылы үлкен Константин византияның Изник қаласында жинаған поптардың мәжілісінде, таухид [бір құдай] сенімін жоққа шығарып, Ариюсты кәпір деп жариялатқызды. Христиандар үш құдайдың үшіншісі дейтін “Киелі рух”тың не екенін өздері де білмейді. Олар Иса алейһиссалам анасы Марямның жатырында Киелі рухтан пайда болды деп айтады. Ал Ислам дінінде Рух-ул-кудстың, яғни киелі рухтың Жәбірейіл есімді періште екендігі білдірілген.[30]

Шамседдин Сами бек х.1316 [м.1898] жылы **“Қамус-ул-аълам”** кітабында былай жазған: «Ислам дінінің пайғамбары Мұхаммед алейһиссалам. Әкесі Абдуллаһ, атасы Абдулмутталиб бин Хашим бин Абди Манаф бин Кусай бин Килаб. Тарихшылардың айтуы бойынша милади 571 жылы сәуір айының 20-жұлдызында, Рабиул әууәл айының 12-сінде дүйсенбі түні таңға қарай Мекке қаласында дүниеге келген. Анасы Уаһабтың қызы Амина, Аминаның әкесі Абди Манаф бин Зухре бин Килаб. Килаб пайғамбардың әкесі Абдуллаһтың арғы атасы. Абдуллаһ сауда-саттық үшін Шамға (Дамаск) кетеді, қайтып келе жатып Мадина қаласының аумағында **Дар-ун-набиға** деген жерде қайтыс болғанында 25 жаста болатын. Ұлын көре алмай кетті. Пайғамбарымыз бес жыл сүт анасы Халиманың тайпасының арасында өсті. Бәни Саад тайпасы Арабстанның ең әдеби, ең жақсы сөйлейтін тайпаларының бірі еді. Сондықтан Пайғамбарымыз алейһиссалам арап тілінде өте жақсы сөйлейтін. Алты жасында оны анасы Амина Мадинаға нағашыларына алып барды да қайтар жолда қатты сырқаттанып, дүние салды. Умму Айман оны Меккеге әкеліп Абдулмутталибке табыстады. Сегіз жасында атасы Абдулмутталиб те қайтыс болғаннан кейін немере ағасының қолында өсті. Он екі жасында

---

[30] **“Изаһ-ул-мәрам”** кітабын Монастырлық Абдуллаһ Абди бин Дастан Мұстафа мырза (рахметуллаһи алейһ) жазған. Өзі хижраның 1303 [м.1885] жылы дүние салған. Кітап х.1288 [м.1871] жылы Стамбул Едирнекапы аумағындағы Мұстафа паша медресесінің шейхы Яхья афанди баспасында басылған.

немере ағасы Абу Талиб оны Шам (Дамаск) қаласына сауда саттыққа алып барды. Он жеті жасында ағасы Зубайр Йеменге алып барды. Жиырма бес жасында Хадишаның (радиаллаһу анһа) керуенімен Шамға сауда-саттық үшін сапарға шықты. Зеректігімен, әдебімен және әділеттілігімен аты шықты. Екі айдан кейін Хадишамен үйленді. Қырық жасына келгенінде Жәбірейіл деген періште келіп, пайғамбар екендігі білдірілді. Ең алғаш Хадиша, кейін Әбу Бәкір, жас балалар арасынан Әли және Зайд бин Хариса Мұхаммед алейһиссалам алып келген дінге иман етті. Қырық үш жасында бүкіл адамзатты дінге дағуат етуі [ашық түрде шақыруы] әмір етілді. Бұл жолда оған мүшріктер көптеген қарсылық етіп, азап шектіреді. Елу үш жасында Аллаһу та'аланың рұқсат етуімен Меккеден Мадина қаласына хижрет етті [көшті]. Григорияндық [милади = Иса алейһиссаламның туған күнінен басталатын] күнтізбе бойынша 622 жылы қыркүйек айының 20 жұлдызына сәйкес келетін араби Раббиул-әууәл айының сегізінші жұлдызында дүйсенбі күні Мадина қаласының аумағына қарайтын Құба ауылына келіп түсті. Хазреті Омар радиаллаһу анһ кезеңінде сол жылдың мухаррам айының 1-күні **“Хиджри қамари”** жыл басы деп қабыл етілді. Ол күн шілде айының он алтыншы жұлдызы жұма күні болатын. 623 милади жылының басы хиджри шамси және хиджри қамари жылдарының біріншісіне тура келді. Кәпірлерге қарсы ғаза және жиһад ету [соғысу] бұйрығы келгеннен кейін хижраның екінші жылында **«Бәдр»** шайқасы болып өтті. Мүшріктердің әскерін құраған 950 кісінің 50-і өліп, 44 тұтқынға алынды. Хижраның үшінші жылы **«Ухуд»** соғысы болды. Кәпірлер 3000, ал мұсылмандар саны 700 кісі болатын. Бұл соғыста 75 сахаба шәһид болды. Осы жылы әйелдердің хиджап киюін әмір еткен аяттар түсті. Төртінші жылда **«Хәндәк»** соғысы, бесінші жылы **«Бәни Мусталақ»** соғысы болды. Алтыншы жылы Худайбийада **«Бәйъат-ул-ридуан»** келісімі жасалынды. Хижраның жетінші жылы **«Хайбар»** шайқасы болып өтті және Византияның патшасы Кайсерге, Иран шахы Кисраға Исламға шақыру хаттары жіберілді. Сегізінші жылда Гераклиустың византия әскеріне қарсы **«Мута»** шайқасы болды. Сол жылы **Меккенің фатхы** [мұсылмандар билігіне өтуі] іске асып, артынан **«Хунейн»** шайқасы орын алды. Хижраның тоғызыншы жылы ислам әскері **«Табук»** соғысына барды. Пайғамбарымыздың (алейһиссалам) соңғы қоштасу қажылығы хиджри жыл санағы бойынша оныншы жылы өтелді. Ал 11 жылы Расулуллаһ он үш күн ауырып жатып, Рабиул-әууәл айының он екінші жұлдызында дүйсенбі күні, Мадинадағы мешітіне іргелес үйінде 63 жасында дүние салды.

Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әрдайым күлер жүзді, жылы және тәтті сөзді еді. Мүбәрәк жүзінен нұр таралатын. Көргендер оған ғашық болатын. Оның мінез-құлқының көркемдігі, сабырлылығы, жұмсақтығы мыңдаған кітаптарға жазылып қалдырылған. Хадиша анамыздан (радиаллаһу анһа) екі ұл, төрт қыз баласы дүниеге келді. Мысырлы күңі Мариядан бір ұлы болған. Қызы Фатимадан басқа ұл-қыздарының барлығы оның көзі тірісінде дүние салған болатын. **“Қамус-ул-аълам”** кітабынан алынған үзінді осы жерде бітті.

Имам Ғазали **“Кимйа-и саадет”** атты кітабында былай жазады: «Аллаһу та’ала құлдарына пайғамбарлар жіберген. Осы ұлы адамдар арқылы құлдарына мәңгі бақытқа жеткізетін және мәңгі азапқа алып баратын себептерді, істерді білдірген. Пайғамбарлардың ішінде ең ардақтысы, ең ұлысы және ең соңғысы **Мұхаммед** алейһиссалам. Ол бүкіл адамзат баласына пайғамбар болып жіберілген. Жер бетінің кезкелген аймағында өмір сүретін әр адамның осы ұлы пайғамбарға иман келтіруі және бағынуы шарт.»

Қорытынды

Нәтижеде **«Дін»** дегеніміз Аллаһу та’ала разы болған нәрселерді және орындалуы тиіс болған ғибадаттарды, құлшылықтарды, дүние мен ахыретте бақытқа жетудің жолын адамдарға үйрету үшін Аллаһу та’ала тарапынан оның пайғамбарларына жіберген үкімдер жиынтығы. Адамдардың ойдан шығарған жүйелеріне дін деп айтуға болмайды. Ақыл діннің әмір мен тыйымдарын түсіну және бұларға мойынсұну үшін берілген. Бірақ әмір мен тыйымдардағы сырларды, ақиқаттарды, олардың себептерін түсінуге күші жетпейді. Олардың үстінде ой өрбіте алмайды. Бұл хикметтер Аллаһу та’аланың пайғамбарларға білдіруі арқылы және әулие құлдарының жүректеріне илхам және аян етуі арқылы білінеді. Бұл да тек Аллаһу та’ала тарапынан ихсан-сый ретінде беріледі.

Қазіргі таңда дүниемен ахыреттің бақытына жету үшін, Аллаһу та’аланың разылығына қауышу үшін мұсылман болу шарт. Мұсылман болмаған кісіге **“кәпір”** делінеді. Ал **Мұсылман болу** үшін Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар екеніне **иман ету** [сену] және **ғибадат ету** керек. Ғибадат, құлшылық дегеніміз барлық істерімен сөйлеген сөздерін Мұхаммед (алейһиссалам) алып келген дінге сәйкестендіру. Ғибадаттарды ешбір дүниелік пайда көздемей, тек Аллаһу та’аланың әмірі болғандығы үшін орындау керек. Ал **Ислам үкімдері** дегеніміз - Құран кәрім және хадис шәрифтерде айтылған әмір мен тыйымдардан

тұрады. Бұларды фиқһ, яғни илм-и халь кітаптарынан үйренуге болады. Ислам үкімдерін, діннің әмірмен тыйымдарын үйрену әрбір ер және әйел мұсылманға **фарзи айн**. Бұлардың барлығы адамзатты рухани және физикалық дерттерден, ауырулардан қорғайтын емдер. Медицина, өнер, сауда-саттық және құқық ілімдерін үйрену үшін лицейлерде және университеттерде көп жыл оқу қажет болғанындай **илм-и халь** кітаптарын, араб тілін үйрену үшін де көп жылдар оқу керек. Бұларды үйренбегендер ағылшын тыңшыларының және оларға алданған, сатылған дін адамы кейіпіне кіріп алған мунафиқтардың және залым, сатқын өкімет адамдарының өтіріктеріне, жалаларына алданып, дүниемен ахыретте пәлекеттерге, азаптарға душар болады.

Калима-и шахадатты айтып оған сенуге **иман** делінеді. Оны айтып, мағынасын түсінген кісіге **мұсылман** делінеді. **Калима-и шахадат:** «Әшһәду әл ла илаһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ». Мағынасы: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ және Мұхаммед оның құлы және бүкіл адамзатқа жіберген расулы-елшісі екендігіне куәлік етемін». Одан кейін ешбір пайғамбар келмейді дегені. **“Марақил-фәлах”** атты кітаптың Тахтауи хашиясында қаза намаздары бөлімінің соңында былай делінеді: «Мұсылман болу үшін тек Аллаһу та’аланың бар екендігіне сену жеткілікті емес. Өйткені “серігі бар” дейтін кәпірлер де Аллаһтың бар екендігін мойындайды. Мұсылман болу үшін Оның бар екендігіне және [бір, тірі, қадир, алим, ирада иесі сияқты] сипаттарының бар екендігіне, барлық нәрсені естіп, көріп тұратындығына және Одан басқа жаратушы жоқ екендігіне де иман ету керек». Мұхаммед алейһиссаламның пайғамбар екендігіне сену, оның әр айтқанының Аллаһу та’ала тарапынан оған білдірілгендігіне сену дегені. Аллаһу та’ала Ислам дінін, яғни иман мен амал білімдерін Құран кәрім арқылы оған білдірген. Орындалуы керек әмірлерге **фарз** делінеді. Тыйым салынғандарға **харам** делінеді. Ал екеуіне бірдей **Ислам үкімдері** делінеді. Бір адам мұсылмандықты қабылдап, кәлима айтқан мезетте халық арасына тараған ислам ілімдерін үйрену оған парыз болады. Егер бұларды үйренуге көңіл бөлмей, үйренудің қажеті жоқ десе иманы кетіп, **кәпір** болады. Ал кәпір болып өлген кісінің ахырет күні еш кешірілмейтіні және тозақта мәңгі жанатындығы аяттарда және хадис шәрифтерде ашықша білдірілген. Бұл жайлы **«Мәктубат»** атты кітаптың 266-мәктубында кең мағлұмат берілген. Иманын жоғалтқан мұсылманға **“мүртәд”** делінеді. Құран кәрім мен хадис шәрифтерге толығымен иман еткен мұсылмандарға **“Әһли сүннет”** делінеді. Аллаһу та’ала өте рахымды болғандығынан барлық нәрсені кітапта ашық түрде білдірмеген. Кейбір үкімдерді астарлы түрде білдірген. Құран кәрім

және хадис шәрифтерге иман келтірген болуына қарамай, кейбір жерлеріне Әһли сүннет ғұламалары берген мағынадан бөлек мағыналар беру арқылы бұрмалайтындарға **“мазһабсыздар”** делінеді. Олардың ішінен Құранның астарлы түрде білдірген үкімдеріне сүннит ғалымдардан басқаша, қате мағына бергендері **“Бидғатшы”** немесе **адасқан** (сектант) мұсылмандар қатарына жатады. Ал Құран кәрімнің ашық түрде білдірген үкімдеріне қате мағына бергендері **“мулһид”** болады. Мулһид – өзін қаншама мұсылманмын деп есептегенімен кәпір болып қала береді. Ал бидғатшылар кәпір емес. Алайда бидғатшылар бәрібір міндетті түрде тозақта ұзақ азап көреді. Әһли сүннет ғалымдарының хақ (тура) жолда екендігін және олардың үстемдіктерін дәлелдеп баяндайтын кітаптар ішінде Судандық Мұхаммед Сулейманның **“Махзән-үл-фиқһ-ил-кубра”** атты кітабы маңызды орын алуда. Мұсылман болмаса да, өздерін мұсылман етіп көрсетіп, Исламның ашық үкімдеріне өз ақылына немесе шала үйренген жаратылыстану білімдеріне сүйеніп, қате, бұрыс мағыналар беру арқылы мұсылмандарды адастыратын кәпір уағызшыларға **“зындық”** делінеді.

Әһли сүннет ғалымдарының өзі Исламның жабық және астарлы түрде білдірген үкімдерінің кейбір тұстарын әртүрлі түсінген. Сондықтан амалда, яғни Исламның үкімдеріне бағынуда төрт түрлі тәсіл - мазһаб қалыптасты. Бұларға негізін құрушылардың есімдеріне байланысты **“Ханафи”**, **“Малики”**, **“Шафии”** және **“Ханбәли”** мазһабтары делінді. Бұл төрт мазһабтың имандары, ақидалары, сенімдері бірдей. Ал ғибадат, құлшылықта ұстанған жолдары азғана бір-бірінен ерекшеленеді. Төртеуі де бір-бірлерін дін бауыры деп санайды. Әрбір мұсылман осылар арасынан өзі қалаған бір мазһабты таңдап, соның үкімдерін тақлид етеді [ұстанады]. Барлық ғибадаттарын, істерін таңдаған мазһабының үкімдеріне сай орындайды. Осылайша бүкіл істерін Құранмен сүннетке толық сәйкестірген болады. Мұсылмандардың төрт мазһабқа бөлінуі Аллаһу та’аланың бұл үмбетке деген үлкен мейірімділігі, рахметі болып табылады. Өйткені бір мұсылман өз мазһабы бойынша құлшылық жасап жатқанында қандайда бір қиындыққа душар болып, машақат көрсе, басқа үш мазһабтың үкімінен пайдаланып, оған жүгініп, әлгі ісін оңайлықпен орындай алады. Басқа мазһабты тақлид ету, яғни оның үкімдерінен уақытша пайдалану үшін керек болатын шарттар **“Саадат-и әбәдия”** кітабында жазылған.

Ғибадаттардың ең маңыздысы намаз. Намаз оқитын кісінің мұсылман екендігі белгілі. Ал намаз оқымайтын кісінің мұсылман

екендігі күмәнді болады. Бір адам намаздың парыз екендігін мойындай тұрып, бірақ ешбір үзірсіз жалқаулықпен тәрк етсе, Малики, Шафии және Ханбәли мазһабтарында өлім жазасына кесіледі. Ханафи мазһабында қайта намазды бастағанға дейін түрмеге қамалады және дереу қазасын оқып қарызын өтеуі әмір етіледі. **“Дүрр-үл-мунтақа”**да, **“Ибн Абидин”**де және Хақиқат кітапүйі даярлаған **“Китаб-ус-салат”** атты кітапта: «Бес уақыт намазды себепсіз тәрк ету және уақытылы оқымау бір-бірінен бөлек екі үлкен күнә. Тәрк еткендігі үшін қаза ету, уақытылы өтемегені үшін қажылық немесе тәубе етуі керек»-деп жазылған. Намаздарының қазасын өтемеген кісінің тәубесі онсыз да қабыл болмайды. Қазасы көп мұсылманның күнде бес уақыт парыз намаздан бұрын және кейін келетін **рауатиб сүннеттер** орнына да қаза етіп, үлкен күнәдан құтылуы керек. Парыз намазының қазасы бола тұра оқылған сүннет, нәпіл намаздары сахих болса да, қабыл етілмейтіндігі, яғни Аллаһу та’аланың уәде еткен сауаптарға, пайдаларына қауыша алмайтындығы жайлы көптеген құнды кітаптарда жазылған. Бұл мәліметтер **“Саадат-и әбәдия”** атты кітапта келтірілген. Намазды бір үзірлі [кешірімді] себеппен фәут ету, жіберіп алу **күнә** болмағанымен, қазаға қалған парыз намаздарын тез арада өтеу керектігі төрт мазһабта да талап етіледі. Тек Ханафи мазһабында бұл кісінің қаза намаздарын өтеуді нафақасын табуды қажет ететіндей, рауатиб сүннеттерді және хадис шәрифтерде хабар берілген нәпіл намаздарды оқитындай уақытқа кешіктіруі жаиз [рұқсат]. Яғни қаза намаздарын осы айтылған себептерге байланысты кейінірек оқуы дұрыс болады. Бір үзірмен фәут етілген [жіберіп алынған] фарз қарызы болған мұсылманның рауатиб сүннеттерді, нәпілдерді оқуы қалған үш мазһабта жаиз емес, харам. Үзірмен [кешірімді себеппен] жіберіп алынған намаздарды үзірсіз тәрк етілген намаздармен шатастырмау керек. Олардың басқа-басқа екі бөлек қаза намаздар түріне жататыны **“Дурр-ул-мухтар”**, **“Ибн Абидин”**, **“Дүрр-үл-мүнтақа”** атта кітаптарда, **“Марақил-фәлах”**тың Тахтауи шархында (түсіндірмесі) және **“Жәуһәрә”** атты еңбектерде ашықша жазылған.

Стамбұлда шығатын «Түркия» газетінің 13 қыркүйек 1996 жылғы санында төмендегі мағлұматтар жазылған:

Батыстық Ислам дұшпандары кейде күш-қуатпен, кейде әртүрлі қулықтар жасау арқылы басып алған Ислам мемлекеттерін, мұсылман елдерді ғасырлар бойы жәбірлеп, байлықтарын талап отырды. Бұл өлкелерде жер асты және үстінде қаншама табиғи байлықтары болса, барлығын тасып алып кетті. Және сол елдердің рухани жағынан діндерін және тілдерін, әдет-ғұрыптарын жоғалтуларына себепші

болды. Осы Ислам дұшпаны болған отаршы мемлекеттердің көшбасшысы Англия мемлекеті болып келді.

Ағылшындардың отарлап, қол астында ұстаған ең маңызды колониясы Үндістан еді. Ағылшындардың дүние саясатында мықты күшке ие болып, әлемнің супер державасы деген атақты иеленулері Үндістаннан талап, тонап тасып отырған шексіз байлықтардың арқасында болған. Тек қана бірінші дүниежүзілік соғыста Англия бұл коллониясынан 1,5 миллион әскер және 1 млрд. рупи нақты ақша алған еді. Бұл күштің көп бөлігін Османлы ислам империясын бөлшектеп құртуға жұмсады. Ағылшындардың тыныштық кезеңдерінде экономикасын, ауыр және жеңіл өнеркәсіп салаларын өркендетіп, дамытып, бағып, толықтырып тұрған фактор тағы осы Үндістан болатын.

Үндістанның басқа Ислам мемлекеттерінің ішінде ағылшындар үшін ең үлкен қаналушы мемлекет болуының екі себебі бар: Біріншісі ағылшындардың әлемді тонауларына кедергі болып тұрған Ислам дінінің осы елде көп таралғандығы және биліктің мұсылмандар қолында болуы. Ал екіншісі Үндістанның аңызға айналған қазба-байлықтары болатын. Ағылшындар Үндістанды уысынан шығармау үшін Үндістанға алып баратын жолда орналасқан Ислам өлкелерінің барлығына соғыс ашып, ол жерлерге фитна, бұзақылық кіргізіп, бауырлар арасын суытып, ол мемлекеттерге әкім болып, қазба байлықтарын, өнімдерін, табыстарын тонап, өз елдерінің қоржынына құйып отырды.

Осман империясының әрбір басқан қадамын аңдып және саяси ойындар, қулықтар арқылы Осман империясын Орыс патшалығына қарсы соғысқа итермелеп, оны Үндістанға көмектесе алмайтындай жағдайға келтіру, бөліп, жаулап алу ағылшын саясатының негізі болатын.

Ағылшындар Османлы түрік - орыс соғысы кезеңінде Үндістанды Англия патшалығының қарамағындағы бір мемлекет деп дүниеге жария етті. Атақты масондардың бірі болған Митхад пашаның Османлы империясын соғысқа жетелеуі, Ислам үшін жасаған үлкен қиянаттарының бірі еді. **Султан Абдулазиз** ханның өлтірілуі де ағылшындардың жасаған жоспарлары болатын.

Ағылшындар өздеріне сатылған және өздері даярлаған адамдарын Османлы империясы ішіндегі маңызды лауазымдарға отырғызған еді. Бұл сатқындардың аты-жөні мұсылманша болғанымен заттары, ой-пікірлері нағыз ағылшындардыкі болатын. 28 қазан 1857 жылы ағылшындардың Үндістан мұсылмандарының азаттық көтерілісін қанға бояп жаншығанын Лондонға Османлы империясының ресми

органынан құттықтау телеграммасын жіберіп жағымпазданған кісі ағылшындардың күшігі болған сатқын Мустафа Рашид паша болатын. Одан бұрын да Үндістанда мұсылмандардың зұлымдыққа қарсы көтерілісін басу үшін британиядан келе жатқан жәрдемші күштерді Османлының Мысыр облысынан алып өтуге ағылшындар рұқсат сұраған болатын. Бұл рұқсатты өздері тәрбиелеп Османлылардың ішіне орналастырып қойған масон өкімет адамдарының көмегімен алған болатын.

Үндістан халқын Ислам дінінен алыстату үшін ағылшындар ол жердегі барлық медресе және балалар мектептерін түгелімен жапқызып тастады. Халықты басқара алатын барлық ғалымдармен дін қызметкерлерін қырып жіберді.

Ағылшындар өз колониясына айналдырған барлық елдерде Ислам ғалымдарын, ислам кітаптарын, ислам білімдерін беретін мектеп-медреселерді жауып отырған. Осылайша діннен мүлдем хабары жоқ жас ұрпақтар тәрбиелеген.

Ағылшындардың басқарып отырған жерлеріндегі әкімшілік орындарында отырған адамдардың аттары Ахмет, Мұстафа, Әли сияқты мұсылманша болғанымен олардың Ислам дінімен байланыстары тек қана аттарының мұсылманша болуымен шектеліп қала берді. Ағылшынның “қолы тиген” мұсылман елдерінің өз парламенттері, өз “тәуелсіз” биліктері болғанымен олардың ешбірі ешқашан тәуелділіктен құтыла алмаған, ағылшындардың айтқандарынан шықпай, солардың айтуыман елдерін басқарып отырған.